

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шапшақ...  
АБАЙ.

«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

3/2014

НАУРЫЗ

---

---

## МАЗМҰНЫ

### *Бас редактор бағанасы*

Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ. Наурызға назды ниет.....3

### *Көкейкесті көзқарас*

Аманкүл ПАЛУАНОВА. Әдебиет сабағындағы пәнаралық  
байланыс.....9  
Күлғайни ӘЛЖАНОВА. Оқушылардың танымдық белсенділігі.....18  
Әмина АБСАТОВА. Жаңа технология негізінде оқытудың  
тиімді жолдары.....23

### *Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

Майра САРКЕНҚЫЗЫ. Жаңа сөздер.....27  
Шолпан АБДУРАЕВА. Зат есімнің түрленуі.....32  
Гүлжан ҚАЙБАЛIEВА. Шылаулар сипаты.....37  
Нұрбану ОСПАНҚЫЗЫ. Өздік есімдігі.....41

Роза ОРЫМБЕКОВА.	Етістік.....	45
Әсем ШІРІМОВА.	Тұйық етістік пен емлесі.....	49

*Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

Бибігүл САТАЕВА.	«Түйебай» әңгімесі.....	54
Самал НЫҒМЕТОВА.	Илиястың «Күйі».....	60
Зылиха БАЙГЕНЖИНА.	«Қамар сұлу» сыры.....	64
Ақмарал МЕНДІБАЕВА.	Абай шығармаларындағы Алла болмысы.....	70
Ләззат БАЙСЕРКЕҒЫЗЫ.	Табиғат тағысының тағылымы.....	74
Лиза ИБЕКЕНОВА.	Керкұла атты Кендебай.....	79

*Ғасыр ақыны*

Шамшагүл ҚАЙЫҢБАЕВА.	Табиғат тынысы – Дала.....	83
Мақпал НҰРМАҒАНБЕТОВА.	«Сағынамыз ағаны сыздап жүрек...».....	88

*Жас маманға жәрдем*

Сәулет ШОРМАҚОВА.	Жұмбақтар поэтикасы.....	92
Элмира ШАХАНОВА.	Жақсы мен жаманның айырмасы.....	100
Қарлығаш ӘЛІМХАТҚЫЗЫ.	Сан есімдер сиқыры.....	103
Арай НҰРТАЗИНА.	Ұлағатты «Аққулар ұйықтағанда».....	109
Қадила СӘДУАҚАСОВА.	Қанатты сөздері – тәрбие көздері.....	112
Бақыт САҒЫМБЕКОВА.	Фариза философиясы.....	114
Гүлжан БАЛҚОЖАҚЫЗЫ.	Сөзжасамды қайталау – рухани	
Меруерт ЗАРИПОВА.	дән қалау.....	117
Райхан АХМЕТЖАНҚЫЗЫ.	Етістік шақтары (қайталау сабағы).....	120

*Оқулыққа қосымша*

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ.	Оралханның оқшау ойлары мен оңашаланған тілдік оралымдар.....	125
Мендібай ӘБІЛҰЛЫ.	Өтірік өлең – күлдіргі әлем.....	132
Камалхан САЙДУЛЛАЕВА.	Бұқар - тәуелсіздік жыршысы.....	138

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Қусиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшиһүр Жүсіп, Нұршиа Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## НАУРЫЗҒА НАЗДЫ НИЕТ

Елімізде жүріп жатқан түбегейлі өзгерістер жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу керектігін күн тәртібіне баяғыда-ақ қойған болатын. Әрбір ұлттың көркейіп гүлденуі тікелей сол ұлттың тілі мен тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне өте тығыз байланысты екенін, соған лайықты ұрпақ өсіру әрбір халықтың төл міндеті, ең басты мұраты, қастерлі парызы екенін ұмытуға ешкімнің де мүлде хақысы жоқтығын әлдеқашан мойындатты.

Сөйтіп бір кезде «бір ғана тіл қалып, сол тілге өзге ұлттар неғұрлым тезірек көшсе, соғұрлым коммунизм тезірек орнайды» деген жалған қағиданың күл-талқаны шығып, өз тілінен, өзінің мыңдаған ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінен ажырай бастаған немесе содан айырылып қала жаздаған басқа жұрттар дереу есін жиып, өзінің кім екенін енді ғана тани бастады. Оң-салына қарауға зор мүмкіндік алды. Сөз жоқ, бұл – әрі тым күрделі, әрі тым ұзақ үдеріс (процесс). Қарама-қайшылығы да мол.

Осындай күрмеуінің шешілуі қиын түйіннің, іс-әрекеттің бұралаң жолында көкейкесті мәселенің бірегейі – әрбір ұлттың өзінің жарқын болашағына ие болып қалатын мұрагер ұрпағын дұрыс тәрбиелеп, өсіре білуі. Әлбетте, оның өздігінен жүзеге аспайтыны

белгілі. Мұны жүзеге асыратын негізгі тірек – білікті тәрбиешілер мен ұлағатты ұстаздар қауымы.

Алайда жас ұрпаққа ойдағыдай тәрбие мен білім беру ісінде шешуші рөл атқаратын айтулы тұлға – тәрбиешілер мен мұғалімдердің өздері биік парасаттылық танытып, білімі мен біліктілігі шын мәнінде жоғары екенін көрсетуге тиіс.

Дәл осы арада олар өздерінің әдістемелік ой-өрісінің кеңдігін терең сезіндіріп, сабақ беру шеберлігі жақсы жетілгендігін дәлелдеп беру ісінде баға жетпес, таптырмас сүйеніші, ең керемет арқа тірейтін Алатауы – кәсіби төл журналы – «Қазақ тілі мен әдебиеті» басылымына жете көңіл бөлуі керектігін қадап айтқанды жөн көрдік.

Бірақ, өкінішке қарай, жағдай олай емес. Мүлде теріс арнада жүріп жатыр. Шамамызға қарай түсіндіріп көрейік.

Құрметті ұстаздар мен оқытушылар! «Ауыруын жасырған өледі» демекші, бүгінде билік (Білім және ғылым министрлігі мен облыс әкімі) ең алдымен өздерінің саясатын жүргізу үшін республикалық, одан кейін облыстық, содан соң аудандық газеттеріне мұғалімдерді мәжбүрлеп жаздыртады. Ал облыстық білім департаменті немесе басқармасының бастығы өзінің газеті немесе журналын зорлап өткізеді, республикалық газет-журналдарына пысқырып та қарамайды. Осыдан-ақ республикамыздағы әдістемелік көмек беру жүйесінің қандай деңгейде тұрғанын аңғаруға болады. Ол ол ма, сол билікте жүргендер бір-біріне «пәлен газет жазылды» деп пионер секілді рапорт беріп жатады. Бірақ бірде-біреуі «Пәлен адам «Қазақ тілі мен әдебиеті»

журналына жазылды» деп ешқашан рапорт беріп көрген емес, тіпті, көзіне де ілмейді. «Бишара, сен кімсің?» дегендей менсінбей қарайды. Өйткені, мен олар тұрмақ, олардан да зор лауазымдылардың алдына барып, үнемі тауым шағылып, құр сүлдерім қайтты.

**Солай десек те, Құдай қолдап, Өздеріңіз желеп-жебеп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы биыл да сол 4000 таралым көлемінде жарыққа шықты. Сол үшін 4000 оқырман Сіздердің шынайы жанашырлықтарыңыздың, өз мамандығын сүйетін намысқой азаматтық қасиеттеріңіздің алдында бас иеміз! Биылғы арғымақ жылы керемет шабыт беріп, шәкірттеріңіз мерейіңізді үстем етіп, қуанышқа бөлеуін, отбасыңыздан береке мен мереке кетпеуін тілейміз!**

Енді көптен бері көкейімізде жүрген кейбір мәселелер төңірегінде Өздеріңізбен ой бөліскенді жөн көрдік.

Ең бірінші, бізді осы журнал «Сіздерге керек пе әлде керек емес пе?» деген сұраулы мәселе толғандырады. Қалай ойлайсыздар?

Біздің ойымызша, керек секілді. Өйткені компьютер де, электрондық оқулық та, қашықтықтан оқыту да, жұрттың бәрі басын шұлғып мақұлдайтын Интернеттің де «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының рөлін ешқашан атқара алмайды. «Теңіздің қасиеті тамшысынан танылады» дегенге сүйенсек, мұны бір ғана мысалмен дәлелдей аламыз. Өз әріптесіңіз, Алматыда орналасқан Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын

орта мектеп-интернатының мұғалімі, Оралхан Бөкей атындағы Көркем сөз оқу шеберлерінің Х республикалық байқауының дипломанты Жайна Әбдінәбиқызының «Қазақ шешендік өнерінің дамуы» деген тақырыпта жазған ғылыми-әдістемелік және педагогикалық мақаласын еш жерден таба алмайсыз. Салмақты еңбек. Оған ұстаздар да, оқушылардың да едәуір тер төккені анық аңғарылады.

Осы сүйекті дүниенің құндылығы неде? Біздің ойымызша, Жайна Әбдінәбиқызының өз шәкірттері арқылы Зейнолла Қабдолов, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әли, Мұхтар Шаханов, Асқар Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкей, Илияс Есенберлин, Мұхтар Мағауин, Олжас Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықов, Нұрсұлтан Назарбаев шығармаларындағы қанатты сөздерді тауып жинастыруы, өз әріптестерінің кәдесіне жарату үшін тарту етуі – кісі сүйсінерлік сауапты іс.

Зейнолла ұстаз «Аға алдында кішілік керек, Адам алдында кісілік керек», «Патшалық құру – рахат, ал ұстаздық ету – бейнет» десе, Мұзафар абыз «Ерден ердің артықшылығы – білігі, Елден елдің артықшылығы – бірлігі», «Жақсының бәрі – жан туыс, жаманның жаны – тар қуыс» деп өсиет етеді, Қадыр Мырза Әли «Қызығы жоқ қазынадан – қызуы бар қи артық», «Қазақтың ізгілігін сөндірсе, нақ сол адам – бақытсыз», «Адалдық деген – әлемнің ұлы байлығы» атты қанатты ойлары қиялыңды қияға ұшырады, ал дана жазушы Әзілхан «Адал дос – дәулетің, асыл жар – сәулетің», «Жақсы бала – малың, жақсы жар – жаның» деп түйіндейді, қаламы ұшқыр Оралхан

Бөкей «Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсе, ол – кітап», «Өзіңнің адалдығына өзің сендің, ол – батырлық» дегені адамға тән дүниенің қадір-қасиетін ұқтырады. Басқалары да мазмұны терең, идеясы биік шыңға алып шығатын арғымақ ойларды оқырмандарға сыйлайды. Осы бір ұлағатты пікірлерді бойына сіңірген жандардың рухы жоғары, намысты азамат болып өсеріне ешбір күдік келтіре алмайсыз.

Ең болмағанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс оқитын мұғалімдер мен оқытушылардың Республикалық ғылыми-педагогикалық және әдістемелік журналы дәл осындай тұрғыдағы рухани көмекті алып тұру үшін керек дер едік. Мұны жұрттың көбісі әлі түсіне бермейді.

Сондықтан да бұған қасыңызда күнде Өзіңіз бірге оқушыларға сабақ беріп жүрген мұғалімдердің көзін жеткізіп, кәсіби төл журналына жазылып, оның суығына тоңып, ыстығына күйіп жүруіне ықпал етсеңіз деген Сіздерге айтар игілікті өтінішіміз бар. Сонда ғана журналыңыздың бағы жанып, атар таңы жарқын болады.

Солай десек те, құрметті әріптестер, барлық назарыңызды қатардағы қарапайым мұғалім Аманкүл Палуанованың іс-әрекетіне бұрғымыз келеді. Бұл ұстаз Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы Құмкент ауылында орналасқан Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-гимназияда жас ұрпаққа білікті білім мен тәлім-тәрбие беруде. Өз мамандығын сүюді, шәкірт тәрбиелеуді жеке мүддесінен жоғары қоятындығын танытты. Оқушылар алдындағы

ұстаздық парызын, ар-намысын бәрінен де жоғары ұстайды. Мұны ол өзінің кәсіби төл жұрналы – Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік және психологиялық «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» басылымдарына 2014 жылға бөле-жармай, біржолата тұтас жазылуы арқылы дәлелдеп отыр. Өз жүрегінің әмірімен жазылған. Ешкім де оны міндеттеген жоқ. Екі журналдың да түбіртегін мақаласымен бірге қосып жіберіпті.

Әрине, екі журналға 8190 теңге төлеу мәселесі оған да ауыр тигені белгілі. Олай болатын себебі, басшылардың біз жоғарыда тілге тиек еткен 5-6 газет-журналының бағасы 30 мың теңгеге жетіп жығылса, әлбетте, ол отбасылық бюджеттің белін қайыстырады. Сонда да соған қарамастан, нартәуекел деп екі журналды да үйіне жаздыртып алып оқуы Аманкүлдің маңдайы ашық, жүзі жайдары екенін паш етіп тұр. Біреулерге ұқсап іздеп әуре болмайды. Өзіне керегін алады. Өзі де журналдың мазмұны терең, идеясы жоғары болуына үлес қосады. Журналдың дәл осы нөмірінде Аманкүлдің «Әдебиет сабағындағы пәнаралық байланыс» деген мақаласын көпшілік талғамына ұсындық. Орталықтан жырақ ауылда жүріп осындай еңбек жазуы – мақтауға тұрарлық.

Егер мұғалімдердің бәрі Аманкүлдей саналы, зиялы ұстаз болып, кәсіби төл журналдарын қиындықтан қорықпай, жаздыртып алып оқыса, онда сол журналдардың жұлдызы жарқырап, Күн көзі секілді шуағын айналасына шашып тұрады.

Құдай бізді осындай жақсылыққа кенелтіп, ырысынан айырмасын!

Көкейкесті көзқарас

**Аманкүл ПАЛУАНОВА,**  
**Қаныш Сәтбаев атындағы**  
**мектеп-гимназияның**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Созақ ауданы,  
«Күмкент» ауылы.

## **ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС**

Ұлттық өнерімізді, мәдениетіміз бен дәстүріміздің үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңесі мен өсиеттері арқылы қалыптасқан ұлттық рухын, ұлттық намысын ана тілі мен мәдениеті қойнауында тәрбиелеп өсіру – баршамыздың парызымыз.

Ал, әдебиет пәні мұғалімдерінің алдындағы міндет – шәкіртінің рухани жетілуіне, әсіресе, сөздік қорының бай болуына, сондай-ақ жас ұрпақтың бойына ата-бабамыздың салт-санасы мен рухани қазынасын таныта, түсіндіре отырып сіңіру арқылы оларды уақыттың сынынан сүрінбей өтуге тәрбиелеу бағытындағы жұмыстар төңірегінде ізденіспен тер төгу.

Әдебиет пәні – жан-жақты ойлантудың, терең пікірдің пәні деген ойға қосыламын. Бұл пәннің ерекшелігі өзіндік ойлау мен өзіндік пікірді айта білуде жатыр. Әр түрлі психологиялық рең, сезім тереңіне бойлау, ішкі жан-дүниемен сырласу осы пәнде ғана ерекше көрінеді. Әр пәннің өзіндік ерекшелігі, өз тілі бар. Әрқайсысы өз өрнегімен сөйлейді. Соның ішінде әдебиет пәні - өнерге тән пән. Әдебиеттің басқа пәннен өзгешелігі – онда дәлелденген ешқандай заң жүйесінің, формулалардың, элементтердің бұлжымас, айнымас ережелердің жоқтығы. Әдебиет жасөспірімдерге әдебиеттанудан, сөз маржандарының қыр-сырын игеруден жай білім ғана беріп қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.


Мен әдебиет пәнін адам бойындағы асқақ арман, әдемі сенім, әдемілік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу пәні дер едім. Өйткені әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдер тәрбиеленеді. Әдебиет арқылы халық арманы, қиялы, өткен тарихы мен болашақтан күтер үміті, ақ сенімі көрінеді.

Әдебиет сабағындағы басты мәселе – көркем шығарманы ұғындыру. Оны оқытып, жай ғана мазмұнына тоқталу, құр жайдақ баяндау шәкірт жүрегін селт еткізе алмайды. Баланың ішкі жан дүниесіне алаулата әсер етпей, бала жүрегіннің соғысын аңдамай ақын мен жазушының айтпақ ойын

жеткізу қиын. Сондықтан да бұл пәнді оқытуды түрлендіре отырып жүргізу – бүгінгі күн талабы.

Қазақ әдебиетін басқа пәндермен байланыстыра оқытудың тәрбиелік, танымдық маңызы зор. Жалпы мектептерде оқытылатын пәндерді бір-бірімен байланыстыра, ұштастыра оқыту оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашады. Олардың білім алу жолындағы белсенділігін арттырып, дүниетанымын кеңейтеді. Интербелсенді тақта арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді де әсерлі. Осы тұрғыда Тахауи Ахтановтың «Күй аңыз» әңгімесінің тақырыптық-идеялық мазмұнын ұғындыруда оқушыға күй өнерінің құдіретін түсіндіруді мақсат ете отырып, тақырыпты география, музыка және бейнелеу өнері пәндерімен байланыстырған орынды. Сөздікпен жұмыста тау атауына (Ипан) тоқталып, қай тілден енген сөз екендігін, қазақша баламасын, орналасқан жері туралы жеке тоқталған жөн. Сабақ барысында «Нар идірген» күйін тыңдата отырып, осы аттас аңыздардың нұсқаларымен таныстырған ұтымды. Интербелсенді тақта арқылы нардың суреті және ғаламтордан алынған бейне көрініс пайдаланылды. Бұл тәсіл баланың тақырыпты терең меңгеруіне үлкен әсерін тигізеді. Нәтижесінде байқағаным, келесі сабақта оқушылар ғаламтордан «Нар идірген» күйінің бірнеше нұсқасы бар екендігінен, қыз тартқан күй және жігіт тартқан күй, қарттың орындауындағы күйлердің бар екендігі туралы

мәліметтермен хабардар етті. Яғни, оқушы қазақ күй өнері туралы, ата- баба мұрасының қаншалықты бай екендігі жөніндегі мәліметті өз беттерінше іздену арқылы ала алды.




Ғасырлар бойы халық тұрмысымен бірге қайнасып, ұлттық дәстүрді бойына сіңірген мақал-мәтелдер, халық өлеңдері, ертегілер, аңыз-әңгімелер, айтыстар өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті, жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға негіз бола алады.

Лирикалық шығармаларды өткенде олардың ішкі жан сырларына тереңдеу керек. Өмір ақиқатының бейнеленуіне, ақын жүрегінің соғуына, оның жан лүпіліне шәкірт назарын аударған дұрыс. Шәкірт тек ақынмен ғана толғанып, бірге қайғырып, бірге кектенсе, сонда ғана шығарма терең меңгеріледі. Лирикалық шығармаларды оқытуда мына мәселелерге көңіл бөлу көкейге қонымды: лирика туралы әдеби-теориялық бастапқы ұғымға түсінік беру, оны, біріншіден, тереңдете беру, яғни, сабақтың алғашқы кіріспесінде лирикалық шығармалар, олардың өздеріне тән негізгі қасиеттерін сөз ету, ұлттық құндылықтарымыздың асыл қазына екенін

терең сезіне білуге баулу. Өлеңдегі ақынның көңіл-күйін бағдарлауға, оқушылардың өз сезімі мен өлеңнің әсеріне де назар аудару қажеттігіне мән берген жөн.

Ілияс Жансүгіровтың «Әнші» өлеңін оқытқанда жоғарыда аталған бағыттар басты ұстаным болды. Сабақты өнер, музыка, тарих пәндерімен байланыстыра отырып өткізген пайдалы. Өйткені ол оқушының сабаққа деген ынтасын жоғарылатады.



Сабақ барысында Ілияс өлеңін арнаған Әсет Найманбайұлының өмірі мен шығармашылығына тоқталдық. Сонымен қатар оның өнердегі орынын, өмір сүрген кезеңін қамти отырып, Әсеттің «Инжумаржан» әнін тыңдаттым. Ілияс өнеріне табынған қас таланттың дара шығармасының күдіреттілігін сезінді. Осы әрекет арқылы дәстүрлі өнерді оқушы бойына сіңіруге кішкене болса да үлес қостық деп ойлаймыз.


Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқытудан басталады. Балаға көркем шығарманы тереңдетіп оқытпай әдебиеттен білім беру мүмкін емес. Көркем

туындыны жай ғана оқып шығу аз, одан алған әсері қандай, туынды оқушы жүрегіне, сезіміне әсер етті ме – соны білу – мұғалім өте үшін маңызды мәселе.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын оқытуда теориялық біліммен қатар жырдағы оқиға желісінің әрбір тұсына жеке тоқталу нәтижеге қол жеткізеді. Баянды Қозыдан алыстатуға тырысқан Қарабай әрекеті жер атауларымен байланыстырылды. Географиялық карта көрнекі құрал ролін атқарды. Қазақстанның шығысы мен оңтүстігін жалғайтын осынау оқиғаның сызбасын картадан көрсету арқылы көркем шығарманы оқушыға меңгерту қызықты да оңтайлы болды. Шығарманы өмірмен байланыстыра отырып, Аягөзден Бетпақ далаға сапар шеккен Айбасқа қатысты жер атауларының тарихы айтылды. Ай мен Таңсықтың жырмен қоштасатын Балталы – Бағаналы көлі туралы деректер де оқушының өзіндік ізденуінде тың ойлармен толығына, дүниетаным шеңберін кеңейтуіне, ата-бабадан қалған аманат – туған жер туралы танымын одан әрі тереңдетуіне ықпал етті.



Бұл дәрістің екі-үш сағатын саяхат сабағы түрінде өту де өз жемісін берді. Алдын ала жасалған слайдтағы саяхат картасының сызбасы оқушыларға сол сабақ сәтінде ғана көрсетіледі. Балалар әр слайдтың тетігін баса отырып, сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы Айбасқа көздеген жеріне тезірек жетуіне көмектеседі. Нәтижесінде оқушы жырдың кез келген жерінен кез келген сұраққа жауап беруге дайын отырды.



Әдебиетті ұлттық құндылық ретінде оқыта білу барысында мұғалім әр шығарманың өзіндік ерекшелігін саралай оқытып, оқушының көркем шығармаға байланысты әсерлерін толықтыруға, көркем сөз құдіретін түсіне білуге, әр шығарма негізінде үлкен ой, үлкен мәселе жататынын аңғара білуге баулиды.

Пәнаралық байланысқа негізделген оқыту жұмыстары оқушылардың ғана өзіндік ізденісіне бағытталады, білімді өз беттерімен алуға жол



ашады, таным белсенділігін арттыруға түрткі жасайды. Проблемалық сұрақтарды, жағдаяттарды шешу – шығармашылық үрдіс. Ал шығармашылық, өнерпаздық сөзінің мәні – жеке тұлғаның бірнәрсе жасап шығаруы немесе өзіне тән бір нәтижеге қол жеткізуі. Шығармашыл бала – ешкімнің қол жеткен табысын өзіне пайдаланбайды, өзінің ғана жасап шығарған тың, жаңа өніміне қол жеткізеді. Төмендегі кестелер – соның жарқын дәлелі.

1. Білімді пәнаралық байланыс негізінде меңгерту .	1. Мұғалім сабақты жай хабарлап не баяндап түсіндірмейді. Шығарма мазмұнына бойлап,әрбір детальды егжей-тегжейлі ұғындырады. Оқушылардың таным белсенділігін арттыру, біріге отырып оны шешу жолдары мақсат етіледі. Оқушыларды ізденуге, табуға жұмылдырады.
2. Оқушыларды іздену, зерттеу іс-әрекетіне кіргізу.	2. Мұғалім оқушыларға бағыт-бағдар береді, назар аудартады, сабақ барысында басқа да өнімді тәсілдер арқылы оны шешуге түрткі болады.
3. Оқытудың зерттеу әдісі.	3. Оқушы болжам жасайды, дәлелдейді, салыстырады, қорытынды шығару тәсілдерін, амалдарын іздейді. Өзге пәндерден білетін деректерімен бөлісе отырып, өз беттерімен, өз ізденістерімен мақсатқа жету үшін еңбектенеді.

Әдебиет пәнін өзге пәндермен байланыстыра оқытуда оқушылардың өздеріне сыныптан тыс тапсырмаларды орындату да – тиімді тәсіл. Оқушылардың өздігінен жұмыс істеуі, шығармашылық тапсырмалар орындауы жас жеткіншектің танымдық сауаттылығын арттырады, ойлау шеңберін кеңітеді, алған білімдерін есте сақтау үшін мүмкіндіктер көбейеді.

Пәнаралық байланысты дұрыс ұйымдастыру арқылы сабақтың басты үш мақсаты да өз деңгейінде жүзеге асады. Шығарманы терең ұғындыру арқылы білімділік мақсатына қол жеткізсек, басқа пәндермен байланыстыра отырып дамытушылық мақсатын жүзеге асырамыз. Ал ұлттық құндылықтарымызды бойға сіңірумен тәрбиелік мақсаты орындалады. Бұл үш мақсатқа жету білім сапасына да айтарлықтай әсер етеді.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов былай дейді: «Қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен, өзінің ана тілін, әдебиетін сүюі шарт. Сол сүюді орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық, білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтауы керек». Сондықтан ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелеу жолында жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын естен шығармауға міндеттіміз.

Күлғайни ӘЛЖАНОВА,  
«Дальний» орта мектебінің  
мұғалімі.  
Ақмола облысы,  
Есіл ауданы.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Қазіргі заманғы қоғам дамуының әрекеті, әлемдік және отандық педагогика, психология ғылымдарының жетістіктерін, әсіресе, дамыта оқыту, оқушылардың даму ерекшеліктері туралы проблемалар, ұзақ жылдар бойы екшеліп жинақталған мектептің озық тәжірибесі негізгі мектептің бастауыш сатысында білім беру мақсатының басым бағыттарын түбегейлі өзгерту қажеттігін туғызып, бірінші кезекке, бұрынғыша оқушыны пәндік білім, білік, дағдыларының белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде оқушылардың жеке тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылды. Білім беруде оқушының тәрбиесі мен дамуына басымдық берілуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім заңы мен Қазақстан Республикасындағы Жалпы білім беретін мектептердің тұжырымдамасына орай мектеп құрылымы мен оның қызметіндегі өзгерістер оқушыларға сапалы білім беруді талап етеді.

Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу. Ол алдын ала жасалған жоспар

мен бағдарлама бойынша мұғалімнің басшылығымен жүйелі түрде іске асырылып отырады. Сондықтан, оқу басқа іс-әрекеттерге қарағанда, оқушылардың таным қабілетін дамытады, дүниеге адамгершілік көзқарасын бірте-бірте қалыптастырады. Оқу – баланың өзінің танымдық белсенді әрекеті.

Ғалым-педагог Л.В.Занков «Оқыту оқушының жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет» дейді.

Көрнекті психолог Л.С.Выготский: «Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады» деп тұжырымдайды.

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, оны істей білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл сабаққа, оқыту жүйесіне жоғары талап қоюды қажет етеді.

Философия тұрғысынан танымға мынадай анықтама берілген: «Таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой-өрісінің күрделі үрдісі». Адам танымы байқаудан, нақты аңғарудан заңдарды теория жүзінде ашуға қарай, ал содан кейін ол заңдарды практикада қолдануға қарай жүріп отырады.

Практика тұрғысынан оқушылардың танымы – өзіне тән ерекшелігі бар күрделі психикалық үрдіс. Оқушылардың нәтижелі оқуына әсер ететін сыртқы және ішкі күштер немесе себептер болады. Оқушылардың білім алуда ілгері қарай басуына себепкер болатын негізгі күш – түрлі қайшылықтар. Бала білмеуден білуге қадам басқанда әр түрлі қиындықтар мен қайшылықтар кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асырылады. Оқыту үрдісіндегі ең негізгі қайшылық, ол – педагогикалық міндет,

талаптарымен бірге оқушылардың мүмкіндіктерінің, білімі мен дағдысының және дамуының қазіргі деңгейі арасындағы қайшылық.

Танымдық әрекетінің негізінде оқушыда танымдық белсенділік қалыптасады. Танымдық белсенділік дегеніміз білімді меңгертуді тек байқаумен, сезумен ғана қабылдатып қоймай, керісінше, талданып отырған үрдісті аңғарту арқылы заңдылықтың теория жүзінде қалай ашылғанын байқата, соны білдірте отырып меңгерген білімін практикада шығармашылықпен қолдана білудің дұрыс амал-тәсілдерін үйрету, сол арқылы іскерлігі мен дағдысын арттыру болып табылады. Демек, ол оқушылардың оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі болып табылады.

Баланың даму барысында таным белсенділігі артады. Мектеп жасына дейінгі (5-6 ж.) балалар заттарды түсіне қарап ажырата бастайды, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Мектеп жасындағы балалардың таным ынтасын қалыптастыруда білім беру тәсілдерінің ерекше маңызы бар. Оқу барысында балалар түрлі заттардың, құбылыстардың мәніне, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарын терең түсінуге, алған теориялық білімдерін практикада еркін қолдана білуге үйренеді. Оқушылардың таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, мұғалімдердің теориялық сауаттылығы мен шеберлігіне байланысты.

Н.С.Лейтестің («Способности и одаренность в детские годы». М., «Знания», 1984) пікірінше, бастауыш мектеп кезеңінде оқушыларда ғажайып өзгерістер болып жатады, яғни, ойдың күрделі қасиеттері

қалыптасады және олардың даму деңгейлері ойдың даму барысының балаң кезеңдерімен салыстыруға болмайтындай жылдамдықпен дамиды.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың негізгі бағыты бұрынғы «ойнау» кезеңінен оқу үрдісіне бет бұру кезеңі болып есептеледі. Мектеп кезеңдері ішіндегі ең негізгі кезең болып саналатын бастауыш кезеңі оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетінің дамуына ең тиімді де қолайлы кезең бола отырып, осы кезеңде олардың танымдық іс-әрекеттерінің психологиялық негізі қалыптасатын және елестету, армандау мен ойлау амалдары, талдау сияқты көзқарастары жоғары дәрежеде дамуына жағдай жасалу қажет.

Осыған орай оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолдарының бірі өзіндік жұмыспен өздігінен білім алу жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық және әдістемелік тәсілдерін қазіргі заман талаптарына сәйкес жетілдіру болып отыр.

Бастауыш сыныптардағы қазіргі бағдарлама мен оқулықтар мұғалімдерге оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын кеңінен ұйымдастыруға мол мүмкіндік береді. Мұғалімдердің әр сабақта балаларға өздігінен жұмыс істетіп, олардың зияткерлік белсенділігін, еңбексүйгіштігін және адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейтіндей жұмыс жүргізуіне мүмкіндігі бар.

Қазіргі кезде сабақты дұрыс жүргізуге қойылатын негізгі талап – оқушылардың белсенді іс-әрекеттік сезімін оята отырып, оларды басқара білу. Оны, біріншіден, тек дайын ақпараттық фактілер, заңдар, ережелер күйінде ғана беріп қоймай, оқушыларды өз бетінше іздендіретін, одан жаңа ақпарат алатындай оқу

материалын берудің құрылымын қайта құруды талап етеді. Екіншіден, оқушылардың іс-әрекетіне деген мұғалімнің іс-әрекетінің көзқарасын өзгертуді талап етеді. Басқаша айтқанда, оқушылардың өзі – белсенді, жасампаз күш. Оқытудың ұйымдастырушысы және басқарушысы болуы қажет. Ол оқытудың әр кезеңінде, үй жұмысын тексерген кезде, оқушының жаңа білімді меңгеруге дайындығын, жаңа білімді енгізіп, оны тұжырымдаған және оларға сүйенген, алынған білімді қорытып, бір жүйеге келтірген кезде де көрініп отыруы керек.

Әрине, мұндай күрделі ой-өрісінің жүйелі қалыптасуына тікелей басшылық ететін, оқушы әрекетінің дамуы мен қалыптасуына жетекшілік жасайтын оқушылардың білімді шығармашылықпен игеруіне жетелейтін, оның амал, тәсілдерін үйрететін мектептегі басты тұлға – мұғалім әрекеті өз шәкірттерінің әрекеті тарапынан қолдау тапқанда ғана өзінің нәтижелі жемісін бермек. Екі әрекет бірін-бірі қолдаған жағдайда дұрыс нәтижеге жеткізеді.

Өзіндік жұмысының тиімділігі мұғалімнің осы әрекетті дұрыс жоспарлау біліктілігіне де тікелей байланысты. Тәжірибеден өз бетінше ізденуді, оқушылардың өзіндік жұмысын ебін тауып ұйымдастыра алатын, керек кезінде жағдайлар туғызып, олардың басты міндетін өз бетінше шешуге құштарландыра алатын мұғалімнің оқытуда ең жақсы нәтижеге жететіндігін көруге болады.

Іздену арқылы басты мәселелерді жете біліп зерттеу, жинақтау, оны насихаттау, іске асыру – оқу және тәрбие жұмысын одан әрі жақсарту берудің сарқылмас көзі. Бұл жұмысқа мұғалімдер белсенділікпен қатысып, зор үлес қосуға тиіс.

**Әмина АБСАТОВА,**  
**Жамбыл орта**  
**мектебінің мұғалімі.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Түлкібас ауданы.

## **ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Бүгінде Қазақстанның өзіне ғана тән ұлттық сипаты бар білім беру жүйесін одан әрі дамыту, білім беру сапасында әлемнің алдыңғы қатарлы беделді де белді елдерімен қатар жұмыс атқару, қазақ тілін дамытуда өзіндік үлес қосу, бүкіл әлемдік деңгейге көтеру, білім беру ісінде әлеуметтік кеңістікке шығу – алдағы тұрған келелі міндеттер.

Білім берудің жаңа мазмұны оқушы мен мұғалімді үздіксіз білім алуға қажеттілігін, жаңа білім игерудегі шығармашылық қарым-қатынасын, өз еркінше

білім мен іскерліктерін қалыптастыруға негізделеді. Жаңа заман мұғалімі, өз білімін қолданумен қатар, шәкірттерінің зерттеушілік-ізденушілік әрекетін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру керек. Алдыңғы сатыда ұстаздың өзі ізденімпаз болғаны аса маңызды.

Сөз жоқ, әдіс-тәсілдің тиімдісін мұғалім өз еркімен таңдайды. Заман талабына сай шәкірт шығармашылығын дамытуға, мұғалімнің қажеттіліктеріне жан-жақты жауап беретін ұтымды технологиялар шексіз. Тәжірибеде сол технологияларды қолдану, оңын-солын тану, зерттеу, пысықтап талдау жасау – әр ұстаздың міндеті.

Қазақ тілі сабағында оқытудың жаңа технологиялары, интерактивті әдістер жиі қолданылады. Қазақ тілін оқытуда даралай және деңгейлеп оқыту әдістерін қолданған жөн. Инновациялық әдіс-тәсілдерді ретімен ендіру арқылы мұғалім оқушының қызығуын күшейтіп, белсенділігін арттыру арқылы сабақтың сапасын көтереді.

Қазақстан мұғалімдері танысып, қолдау көрсетіп, өз тәжірибесіне кіріктірген шетелдік танымал технология, бағдарлама, әдістемелер де бүгінгі ізденісімізге арқау болуда. Менің тәжірибеде қолданылып жүрген технологиялардың бірі – «Оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде

берілмеуі. Нақты жағдайда «Мынаны былай жазу немесе айту керек» деп көрсетпей, оқушының өзінің шығармашылық ойлауының орын алуына мүмкіндік беру, шешім қабылдауға үйрету, жауапкершілігін арттыру пайдалы.

Сабақта ойын элементтерін кірістіре отырып, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру да – мұғалімнің міндеті. Оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру керек. Сонда ғана оқушылар білімнің өмірлік маңызын түсінеді, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады, жасанды элементтерді жояды. Оқушылардың білімге ынтасының болуы олардың дәріс алу кезінде белсенділігінің артуына, білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Білім беру ісінде ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сол жүзеге асқанда ғана сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де қоса атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімінің болуы қалыптасып, менмендік пен жалқаулықтан арылады.

Еліміз егемендік алғаннан бері қазақ тілін оқыту, оның әдістемесін жетілдіру мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Бүгінде еліміздің осындай

мақсат-ұстанымдарына қарай Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы шықты. Бүгін, шын мәнінде, ел болашағына, ұлт руханиятының өсіп-өркендеуіне үлкен үлес болып қосылатын жүйелі бағдарлама жобасы жасалды.

Оқытудың жаңа технологияларын пайдалануда мектептің алатын орыны ерекше. Өйткені білім де, тәрбие де, дүниеге көзқарас та мектепте қалыптасып орнығады. Осыларды іске асыратын басты тұлға – әрине, ұстаз.

Ақпараттық технология салтанат құрған дәуірде жалпы білім беретін мектептің түріне, типіне, тіпті, орналасқан жеріне де қарамастан білім берудің сапасын одан әрі жетілдіру ең негізгі әрі маңызды мәселеге айналды. Қалалық жердегі бала саны көп және ауылдық жердегі бала саны аз білім ошақтарын бір-бірімен салыстыру орынсыз. Соған қарамастан осындай жалпы білім беретін мектептердің алдына қойған талап та, мақсат та – бір. Ол – балаға сапалы білім мен саналы тәрбие беру. Әрине, әр істің өз қиындығы, сонымен берге артықшылығы, жалпы айтқанда, кез келген жағдайдың өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктерді осы салада үзбей жұмыс атқарып жүрген, өз істеріне шын берілген, тәжірибе жинақтаған мамандар ғана жақсы біледі, жас ұрпақ алдындағы ұстаздық парызына адалдығын танытады.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Майра САРКЕНҚЫЗЫ,**  
**Тұрсынбек Кәкішев атындағы**  
**орта мектептің мұғалімі.**

Ақмола облысы,  
Бұланды ауданы,  
«Алтынды» ауылы.

## ЖАҢА СӨЗДЕР

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** шәкірттердің жаңа сөздердің пайда болу тарихына байланысты ұғымын қалыптастырып, нақты мысалдар арқылы теориялық анықтамасын бойына сіңіру. **Міндеттері: білімділік** – оқушыларға жаңа сөздер туралы теориялық түсінік беру, қосымша тапсырмалар мен жаттығу жұмыстары арқылы бекіту; **дамытушылық** – ауызша және жазбаша тілдерін дамыту, ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік** – ұжымшылдыққа, тапқырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. **Типі:** аралас сабақ. **Түрі:** сайыс сабақ. **Әдісі:** түсіндіре жинақтау, ойын элементтері, көрнекілік арқылы ой түйіндеу. **Техникалық құрал:** интерактивті тақта. **Көрнекілігі:** сөзжұмбақ, семантикалық карта, тапсырмалар, ортақ бағалау парағы. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

**Сабақ барысы.**

**Ұйымдастыру.** Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.

Бүгінгі сабақ барысында оқушылар екі топқа бөлінеді:

«Тапқырлар», «Алғырлар».

Екі топ бір-біріне деген ақ тілегін, жылы лебізін білдіреді және өз тобын таныстырады.

Топ басшыларына «Ортақ бағалау парағы» таратылады.

### I тапсырма – сөзжұмбақ шешу.

к	е	б	е	ж	е				
			м	а	қ	а	л		
		ж	а	ң	а				
			с	а	у	ы	т		

						с	и	н	о	н	и	м		
					к	ө	л							
э	в	ф	е	м	и	з	м							
						д	и	с	ф	е	м	и	з	м
		м	э	т	е	л								
			б	а	р	ы	с							

1. Ас, ыдыс салынатын мүлік.
2. Құрылысы жағынан екі, үш бөлімді болады, ой тиянақты әрі нақты және ақыл-кеңес түрінде айтылады.
3. *Ескі* деген сөзге қарама-қарсы сөз.
4. Батырдың кеудесіне киетін киімі.

5. Айтылуы әр түрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын сөздер.

6. Көп түкірсе ... .

7. Жағымсыз естілетін сөздерді сыпайы жеткізу.

8. Кеміту, қорлау, мазақтау, жаратпаудан туған сөздерді қалай атайды?

9. Көбіне бір бөлімді, ой, мағына ишара, тұспал түрінде беріледі.

10. «Кімге?, неге?» қай септіктің сұрағы?

**Жаңа сөз (неологизм)** – ғылым мен техниканың дамуына байланысты қолданысқа енген жаңа сөздер.

Қоғам өзгерісіне қарай тілде кейбір сөздер қолданыстан шығып қалып жатса, енді бір сөздердің тобы мағыналық жағынан жаңарып отырады. Осындай жаңа ұғымдарды, жаңарған түсініктерді білдіретін сөздер жаңа сөздер немесе неологизмдер деп аталады. Бірте-бірте бұл жаңа сөздер сөздік қорға еніп, жаңа сөз болудан қала бастайды. Мысалы: *парк – саябақ, станция – бекет, таможня – кеден.*

Қоғам өзгерісіне қарай пайда болған сөздер: *теңге, нарық, грант, егемендік, елбасы.*

### Жұмбақ шешу:

Ол дүкенде сатылады. Оны пайдалану ережесін білу керек. Ол түрлі түсті, жұмсақ болады. Пайдаланғанда қолымыз былғануы мүмкін. Онымен түрлі мүсіндер жасауға болады (ермексаз).

**II тапсырма – «Кім білгіш?».** Берілген сөздердің жаңа атауын жазу:

Документ – (құжат), музей – (мұражай), семья – (отбасы), реклама –(жарнама), адрес – (мекенжай), аэродром – (әуежай), самолет – ( ұшақ), мавзолей –

(кесене), организм – (ағза) , остановка – (аялдама).

**III тапсырма – «Кім тапқыр?».** Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын жазу.

**1-топ – «Тапқырлар»:**

1. Айы оңынан туды – (жолы болды). 2. Ала көзімен атты – (жек көру). 3. Алақанның аясындай – (тар жер). 4. Ер жүрек – (батыр). 5. Мұрнын көкке көтеру – (менсінбеу). 6. Мықты – (тепсе темір үзеді). 7. Қалың, ну – (ит тұмсығы өтпес). 8. Ашық көңілді, мейірімді – (ақ жарқын). 9. Ұятсыз – (беті қалың). 10. Қорқақ – (су жүрек).

**2-топ – «Алғырлар»:**

1. Тас жүрек – (қатыгез, мейірімсіз). 2. Ит терісін басына қаптау – (ұрысу, балағаттау). 3. Екі аяғын бір етікке тығу – (қысымға алу). 4. Жұлдызы оңынан туу – (жолы болу). 5. Тайға таңба басқандай – (анық). 6. Ұялмау – (беті бүлк етпеу). 7. Өкінді – (бармағын тістеді). 8. Тез, жылдам – (қас пен көздің арасында). 9. Момын – (қой аузынан шөп алмас). 10. Мерген – құралайды көзге атқан.

**IV тапсырма – «Кім жылдам?».** Семантикалық картамен жұмыс.

Тиісті жауабын + таңбасымен белгілейді.

Лексика	табу	мақал	антоним	синоним	архаизм сөздер	эвфемизм	Тұрақты тіркес	тарихи сөздер	мәтел	Жаңа сөздер	дисфемизм
Мысалдар											
Тез-жылдам											
Қатты-жұмсақ											
ұлыма, ит-құс											
Тайға таңба басқандай											

мылқау, топас												
Дария жанынан құдық қазба												
сәукеле, кебеже, кебіс												
Қайтыс болды, дүние салды												
Қорқақты көп қусаң, батыр болады												
Ермексаз, теңге, ғарыш												
Аға сұлтан, хан, найза, садақ												

**Сергіту сәті.**

**V тапсырма – «Кім шапшан?».** Берілген мақал-мәтелдерден жоқ сөздерді табу.

1. Кең болсан, кем (болмайсың). 2. Көз – қорқақ, қол – (батыр). 3. Денсаулық – зор (байлық). 4. Ұрлық түбі – (қорлық). 5. Отансыз адам – ормансыз (бұлбұл). 6. Елдің көзі – (елу). 7. Ерді намыс өлтірер, қоянды (қамыс өлтірер). 8. Оқусыз білім жоқ, білімсіз (күнің жоқ). 9. Отан үшін отқа түс – (күймейсің). 10. Көп түкірсе – (көл).

**VI тапсырма – «Шығармашылық»:**

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс айларын ата.
- Қыста ауа райы қандай?
- Желтоқсан – қыстың алғашқы айы, суық жел соғады.
- Қаңтар қыстың екінші айы, жаңа жыл басталады.
- Ақпан – қыстың соңғы айы, қатты аяз болады.



- Балалар, «Қыс» тақырыбына қысқа эссе жазыңдар.

Топ басшылары «Ортақ бағалау парағын» тапсырады.

Үйге тапсырма: «Оқушы, балапан» сөздерін септеу, 5 жаңа сөз жазып келу.



Шолпан АБДУРАЕВА,  
Шоқан Уәлиханов атындағы  
№127 мектеп-лицейдің мұғалімі.  
Қызылорда облысы,  
Шиелі ауданы,  
«Көкшоқы» елдімекені.

## ЗАТ ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕНУІ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** зат есімнің түрленуін оқып үйрену. **Міндеттері:** білімділік – зат есімнің қысқаша тарихын, қандай түрлері бар екенін білу, анықтамасын жатқа айту, оқушы дүниетанымын, ой-өрісін дамыту, жеке тұлғалық қасиеттерді жетілдіру; **дамытушылық** – топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – оқушыны білімділікке, ойлылыққа жетелеу, пәнге қызығушылығын арттыру, туған тілін сүйеге, қадірлеуге тәрбиелеу.

**Түрі:** ойын сабағы. **Көрнекілігі:** деңгейлік тапсырмалар, «1, 2, 3» деген белгілер.

Сабақтың барысы:

- I. Ұйымдастыру;
- II. Үй тапсырмасын сұрау;
- III. Жаңа сабақ: Зат есімнің түрленуі.

Сыныптағы оқушылар үш-үштен топқа бөлінеді. I, 2, 3 белгілерін омырауларына тағады. Алдымен 3 деңгейдің сұрақтарына дайындалып, жауап жазып қалдырады. I-үстелдің тапсырмасын орындап болған соң келесі үстелге барып, келесі сұрақтарға жауап жазып қалдырады, осылай сабақ барысында 3 үстелдің сұрақтарына жауап береді. Әр үстелдегі тапсырманы орындауға 10 минут уақыт беріледі. Мұғалім парақшаларды жинап алып, тексеріп бағалайды.

Әрбір дұрыс жауап – III деңгей үшін 5 ұпай, II деңгей үшін 10 ұпай, I деңгей үшін 15 ұпаймен бағаланады.

**III деңгей. 1-тапсырма:**

1. Зат есім дегеніміз не?
2. Зат есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді?
3. Жалпы және жалқы зат есім дегеніміз не?

**2-тапсырма:** 1. Көптік жалғауын қабылдайтын зат есім қатысқан бір сөйлем құра және оған морфологиялық талдау жаса.

2. Зат есімнің оңаша тәуелденуіне мысал келтір.

3. *Ағалар, апалар, аналар* деген зат есімдерді ортақ тәуелде.

3-тапсырма:

1. Құрамында ортақ және оңаша тәуелденген зат

есімдері бар өзін білетін өлең шумақтарын жатқа жаз. Қалаған бір сөзге фонетикалық талдау жаса.

2. Көптелмейтін зат есімдерді қатыстырып сөйлем құра.

3. Зат есімнің жіктелуіне сөйлем құра.

### II деңгей. 1-тапсырма:

1. Зат есімнің тәуелдеулі септеу түріне мысал келтір.

2. Төмендегі кестені толтыр.

Деректі зат есім	Дерексіз зат есім

3. Жіктік жалғаулы зат есімдер қатысқан жұмбақтарды жатқа жаз.

### 2-тапсырма:

1. Мына өлең шумақтарынан жіктік жалғаулы зат есімдерді тап.

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,

Жөргегімде таныстым мұң тілімен.

Жылағанда жүрегім Күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,

Айта бергім келеді, айта бергім!

(Жұбан Молдағалиев).

2. Зат есімнің жай септеуі мен тәуелдеулі септеуін қатыстырып сөйлем құра.

3. Зат есімнің оңаша және ортақ тәуелденуіне мысал келтір.

**3-тапсырма:** 1. Кесте жұмысын аяқта.

Мысалдар	Жалпы есім	Жалқы есім	Деректі зат есім	Дерексіз зат есім	Негізгі зат есім	Туынды зат есім	Дара зат есім	Күрделі зат есім
Әке Мұхтар Әуезов Құлагер Қайғы Достық Шеше Тіршілік Саудагер Қарағанды Ақыл Жапырақ Әке-шеше Мәдениет үйі								

2. Зат есім атау мен ілік септіктерінен басқа септіктер тұлғасында келсе, қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарады?

3. Жіктік жалғауы жалғанған зат есімдерді қатыстыра отырып, «Сүйінші» атты мәтін құрастыр. Оған синтаксистік талдау жаса.

### I деңгей. 1-тапсырма:

1. Тіркес сөздер туралы мәлімет бер де, кестені толтыр.

№	Тіркес сөзді зат есім	Мысалдар
1	Кісінің аты-жөні	
2	Лауазымдық аттар	
3	Географиялық атаулар	

4	Аң-құс аттары	
5	Өсімдік аты	

2. Зат есімнің сөйлемде қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын анықта.

Ана тілі – адамның ғұмыр бойғы серігі. Біз мектепке қарай жүгірдік.

3. Зат есім барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп немесе көмекші есіммен, септеулік шылаулармен тіркескенде қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарады?

### 2-тапсырма:

1. Зат есімнің жай септеу, тәуелдеулі септеу түрлеріне өлең шумақтарын жаз.

2. Жіктік жалғауының тәуелдік жалғауынан қандай айырмашылығы бар?

3. Зат есімнің сөйлемдегі атқаратын қызметінің барлық түрлеріне мысал келтіре түсіндіріп шық.

### 3-тапсырма:

1. Төмендегі сөздерге көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын жалғап жаз және бірінші қай жалғау жалғанатынын айт. *Дәрігер, орман, өрік.*

2. Төмендегі сөйлемге морфологиялық талдау жаса.

*Самал желді, сары белді, шалқар көлді, керіліп жатқан кер дала, асқақтаған асқар тау.*

(Әлжаппар Әбішев).

3. Төмендегі зат есімдерді түрлендіре отырып мәтін құра және синтаксистік талдау жаса.

*Суретші, өмір, дала, ауыл, халық, ел, тіршілік, сурет, ағаш, өзен, жапырақ.*

**Гүлжан ҚАЙБАЛИЕВА,**  
**К.Мендалиев атындағы**  
**жалпы орта білім беретін**  
**мектептің мұғалімі.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Қазталов ауданы,  
 «Жалпақтал» ауылы.

## ШЫЛАУЛАР СИПАТЫ

*(11-сыныптарға арналған қосымша сабақ)*

**Сабақ мақсаты:** шылау туралы оқушылардың түсінігін орнықтыру, оның түрлерін жетік біліп, еркін қолдануын қалыптастыру. **Міндеттері: білімділік** – оқушылардың шылау бойынша алған теориялық білімін қайталау арқылы пысықтау, еске түсіру, бекіту; **дамытушылық** – оқушының танымдық қабілеттерін арттыру, қызығушылығын ояту, өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру, сөздің қорын дамыту; **тәрбиелік** – халқымыздың ұлттық қасиеті мен адамгершілігі жөніндегі түсінігін кеңейту. Тез ұтымды пікір қалыптастыруға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** оқушылар шылау туралы, оның түрлері, ерекшеліктері туралы еске түсіреді, алған білімдерін пысықтап, бекітеді. Танымдық қабілеттері артады. Тез ұтымды пікір қалыптастырады. Өз ойларын еркін жеткізеді. Сөздік қорлары молаяды. **Түрі:** Қайталау сабағы. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, топпен жұмыс, СТО стратегиясының элементтері. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, үлестірмелі тапсырмалар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті.

**Сабақ барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныптың сабаққа дайындығын қадағалау. Жаңа сабақтың ерекшелігін айту, мақсатымен таныстыру.

## II. Негізгі бөлім. Оқушыларды топқа бөлу.

Олар топқа бөлінеді. Парақшаларды таңдап алады. Әрқайсысы өз парақшаларындағы жазуларға сәйкес орналасады.

**I топ:**                      **II топ:**                      **III топ:**

Септеуліктер. Жалғаулықтар. Демеуліктер.

**Қызығушылықты ояту.** Жұмбақтар жасыру.

### Постер құрау.

Бұл тақырып бізге бұрыннан таныс болғандықтан әр топ өздеріне берілген шылауларына байланысты құрастырады. Әр топ өз тапсырмаларын орындап, қорғайды.

### Слайдпен жұмыс.

## Шылау

**Ерекшеліктері:** 1. Дербес мағынасы жоқ; 2. Ешқандай сұраққа жауап бермейді; 3. Түрленбейді; 4. Өз алдына жеке тұрып сөйлем мүшесі қызметін атқармайды.

**Түрлері:** 1. Септеулік; 2. Жалғаулық; 3. Демеулік.

**Қасиеті:** 1. Септік тұлғадағы сөзбен тіркеседі; 2. Сөзбен сөзді байланыстырады; 3. Күшейту, тежеу мағынасын үстейді; 4. Сөйлемдерді анықтап немесе толықтырып қосымша мағына беріп жатады.

**Емлесі:** 1. Өзі тіркескен сөзден бөлек жазылады; 2. Кейбіреуі дефис (-) арқылы жазылады.

**Ереже:** Өз алдына жеке тұрып толық мағынасы болмайтын, сөйлемде сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайтын, бірақ басқа сөздерге көмекшілік қызмет атқаратын сөздер **шылау** деп аталады

### Тапсырмалар топтамасы.

1. **“Ой жинақта талдаумен”.** Берілген сөйлемдерге морфологиялық, синтаксистік талдау және асты сызылған сөзге фонетикалық талдау жасалады.

### I топқа:

Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес. (Б.Момышұлы).

### II топқа:

Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды. (Ж.Баласағұни).

### III топқа:

Өнер білім – бәрі де

Оқуменен табылған. (Ы.Алтынсарин).

2. **Сергіту сәті** – «Жылдам сұрақ, ұшқыр жауап»:

1. Әрі зат есім, әрі демеулік шылау (ау);

2. Бір әріптен ғана тұратын шылау (я);

3. Сан есім мен зат есімнің бірігуінен жасалған шылау (үш+ін);

4. Әрі жалғаулық, әрі демеулік (да, де, та, те);

5. Сан есім мен сын есімнің бірігуінен жасалған шылау (бір+ақ);

6. Сілтеу есімдігінің алдына дауыссыз дыбыс қойсаң, жалғаулық шылау шығады (және).

### 3. Семантикалық картамен жұмыс.

Мысалдар:	Септеулік	Жалғаулық	Демеулік
1. Осыдан үш-төрт күн өткенге <u>шейін</u> үйде болды.	+		
2. Тау <u>мен</u> тасты су бұзар, Адамзатты сөз бұзар.		+	
3. Табиғаттың өзі- <u>ақ</u> адамға алуан түрлі сабақ беріп тұрған тәрізденеді.			+

4. Қозы Көрпеш – Баян сұлу күмбезі Аягөздің оң жағасына салынған-ды.			+
5. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.		+	
6. Қырдан бері құлаған отардан қозының дауысы естілді.	+		

Нұрбану ОСПАНҚЫЗЫ,  
Ақтөбе қаласындағы  
№45 орта мектеп  
мұғалімі.

## ӨЗДІК ЕСІМДІГІ

(6-сынып)

### 4. «Лездеме».

Берілген тірек сөздерді қатыстырып сөйлем ойлау, мәтін құрау.

**Шыққаннан кейін, жүр екен-ау, үйге дейін, жүзге жуық, мен үшін, өзгелерден кейін.**

**5. Мақал-мәтел жарысы.** Үш топқа да құрамында шылауы бар мақал-мәтелдер жазу тапсырмасы беріледі.

**III. Бекіту.** Сабақта шылаудың түрлерін қаншалықты меңгергендігін білу мақсатында үш топқа тест үлестіріледі. Жауаптары интерактивті тақтада тексеріледі.

**IV. Бағалау.** Топпен жақсы жұмыс істеген, тапсырмаларды орындаған, сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау.

**V. Үйге тапсырма:** Әдеби шығармалардан шылаулардың түріне қатысты 3 мысалдан жазып келу.

### VI. Қорытынды.

Оқысаң ғылым қорын, білім асар,  
Көңілдің кіршік басқан көзін ашар.  
Сенетін біліміне кейбір жастар  
Жерлерге аяқ жетпес аяқ басар.

(Шәңгерей Бөкеев).

Осы өлеңді талдау арқылы сабақ аяқталады.

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларға өздік есімдігі туралы түсінігін қалыптастыру, түрленуі мен қолданылу ретін меңгерту. **Міндеттері:** білімділік – есімдіктің түрлерін ажырата білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін ұштап, ойлау қабілеттерін дамыту арқылы шығармашылыққа баулу; **тәрбиелік** – ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа, топпен жұмыс істей білуге баулу, ұлтын, тілін сүюге тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, жаттығу, топтық. **Көрнекілігі:** гүлдер, шарлар, кеспе қағаздары, тірек сызбалар, суреттер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, математика.

### Сабақтың барысы.

**I. Ұйымдастыру:** а) оқушылармен сәлемдесу, сабаққа қатысымын тексеру; ә) зейіндерін сабаққа аудару; б) психологиялық тренинг.

Тіл тазалығын сезіндіретін қазақ тілінің келесі сабағын бастау үшін оқушылардан екі топ құрамыз. Олар шар таңдау арқылы топқа бөлінеді.

## II. Үй тапсырмасын тексеру, бекіту.

Көркем әдебиеттен сілтеу, сұрау есімдіктері бар сөйлемдер жазып келу.

Блиц тест (қызыл, сары, көк түсті гүлдерді пайдалану арқылы).

Есімдіктің неше түрі бар?

а) 5;                    ә) 6;                    б) 7.

2. Жіктеу есімдігін табындар

а) Мен;                ә) анау;                б) кім?.

3. Сілтеу есімдігін көрсет

а) қайда?;        ә) міне;                б) өзім.

4. Сұрау есімдігі.

а) әлдекім;            ә) осыншама;        б) қашан?.

5. Жіктеу есімдігінің үшінші жағы?

а) сен;                ә) мен;                б) ол.

## III. Жаңа сабақ.

Жаңа сабақтың тақырыбын суреттер арқылы (өгіз, зебра, доп, ілгіш, кесе ) шығару керек, оны оқушы қимыл-әрекетпен білдіруі қажет.

Оқушының өздік есімдігі туралы түсінігін сұрау, толықтыру.

Өздік есімдігіне әр түрлі тұлғадағы өз деген бір ғана сөз жатады. Өз есімдігі, көбінесе, тәуелдеулі, көптеулі, септеулі түрде қолданылады да, жіктеу есімдігінің немесе зат есімнің орынына қолданылады. Мысалы: өз баласы, өз ісім, өз жұмыстары, т.б.

Өздік есімдігі қосарланып та жұмсалады. Мысалы: өз-өзіне, өзімен-өзі, өзді-өзіне, т.б

**1-топ** «Өзім» есімдігін септе.

А. өзім;

І. өзімнің;

Б. өзіме;

Т. өзімді;

Ж. өзімде;

Ш. өзімнен;

К. өзіммен.

**2-топ** «Өзің» есімдігін жікте.

І. өзіңмін, өзіңізбін;

ІІ. өзіңсің, өздеріңсіңдер,  
өзіңіз, өздеріңізсіңдер;

ІІІ. өзің, өздері.

**IV. Кітаппен жұмыс.** 198-жаттығу.

**V. Шығармашылық жұмыс.** «Өзім, жанұя, бауырым, бақыт» сөздерін қатыстырып ойтолғау жазындар.

**VI. Практикалық тапсырма.**

**1-топқа:**

Өзіңде бармен көзге ұрып,

Артылам деме өзгеден.

Күндестігін қоздырып,

Азапқа қалма езбеден.

Өлеңнің авторы кім? (Абай).

Өлеңдегі өздік есімдігіне фонетикалық талдау жасап, математикалық тәсілмен көрсет.

**2-топқа:**

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте!

Өлеңнің авторы кім? (Қадыр Мырза Әли).

Өлеңдегі өздік есімдігіне фонетикалық талдау жасап, математикалық тәсілмен көрсет.

**VII. Бекіту.** Екі топ графикалық тест орындайды.

**1-топқа:**

1. Есім сөздердің орынына қолданылатын сөз табын тап:


а) есімдік;    ә) етістік;    б) үстеу.

2. «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда» (Қасым Аманжолов). Өлең тармағында қандай есімдік бар?

а) сұрау;    ә) белгісіздік;    б) өздік.

3. Өздік есімдігін белгіле.

а) өзім;    ә) ол;    б) мен.



2-топқа:

1. Өздік есімдігін белгіле:

а) өзі;    ә) олар;    б) біреу.

2. Барыс септігінде тұрған өздік есімдігін тап:


а) өзім;    ә) өзіммен;    б) өзгеге.

3. Өз ұлтын сүйген адам өзінің бақытын құрбан қылады. Сөйлемде қандай есімдік бар?

а) жіктеу;    ә) сілтеу;    б) өздік.

4. Сұрау есімдігін тап:

а) кім?;    ә) мен;    б) өзі.



**VIII. Бағалау.** Оқушылардың өзін-өзі бағалауы, мұғалімнің бағалауы, қорытынды баға.

**IX. Үйге тапсырма:** 199-жаттығу. Өздік есімдігі бар өлең жазу.



**Роза ОРЫМБЕКОВА,**  
«Құлан» орта мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімі.

Жамбыл облысы,  
Т. Рысқұлов ауданы.

## ЕТІСТІК

**Сабақ мақсаты:** етістіктің анықтамасын мысал арқылы өздеріне таптыртып, жатқа айтуын қалыптастыру, қандай түрлері бар екенін ұғындыру.

**Міндеттері: білімділік** – тірек сызбаны пайдалана отырып, оқушылардың «Етістік» туралы білімдерін толықтыру; **дамытушылық** – оқушылардың оқу әрекетімен шұғылданып, өз бетімен жұмыс жасау арқылы теориялық ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларға тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру жолымен оларды адамгершілікке баулу.

**Түрі:** дәстүрлі емес. **Типі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, ажырату, салыстыру, топтау, жинақтау, дәлелдеу, ізденушілік. **Көрнекілігі:** тірек-сызба, кеспе сөздер, сурет ойын түрлері, интерактивті тақта, Power Point тұсаукесері, ЭО.

#### **Сабақ барысы.**

##### **I. Бағдарлау-мотивациялық кезең.**

##### **Қызығушылықты ояту:**

**1-слайд.** Электронды оқулықпен жұмыс: «Морфология еліне саяхат».

##### **Жұмбақ шешу.**

**2-слайд.** Аяғы жоқ жүреді,

Сылқ-сылқ күледі. **(су).**

Сөз үйретсең қайталайды,

Өздігінен айта алмайды. **(тотықұс).**

Тілдерімен жүреді,

Уақытты біледі. **(сағат).**

##### **Қимылды білдіретін сөздер бар ма?**

**1. Тапсырма:** Етістіктерді тауып, құрамына қарай ажырату.

**3-слайд.** Етістік туралы не білесіңдер, соны сызбаға салыңдар. Енді өздеріңнің сызбаларыңды мына сызбамен салыстырыңдар.

2. Тірек сызбамен жұмыс.

##### **4-слайд.**

#### **II. Операциялық-орындаушылық кезең.**

Оқулықпен жұмыс: (интерактивті тақтадан беріледі).

**381-жаттығу:** 1. Жұмбақты жатқа жазады. Етістіктердің астын сызып, дара немесе күрделі екенін айтады. Осы етістіктерді күрделі етістікке айналдырады.

Ауызымен сурет салады,

Демімен ағаш жарады.

##### **5-слайд.**

2. «Тез тауып, бөгелмей айт» ойыны.

Жел ...

Палуан ...

Күн...

Радио...

Найзағай...

Тапсырма...

Қой...

Жаңбыр...

Қоңырау...

Кино...

Мен...

Әкем...

Әжем...

Айгүл...

##### **6-слайд. 3. Оқулықпен жұмыс. 385-жаттығу.**

**382-жаттығуда** берілген мәтінді көшіріп жазып, сөйлем мүшесіне талдау. Етістіктерді бөліп алып, олардың дара немесе күрделі екенін айт.

##### **7-слайд.**

4. «Жалғасын тап» ойыны.

Оқысаң...

сусын ішесің.

Аяғың ауырса...

күн жылынады.

Көп ұйықтасаң...

қолыңмен сүртпе.

Шөлдесең...

басың ауырады.

Көзің ауырса...

көп жүрме.

Жаз шықса...

түсінесің.

##### **8-слайд. 5. Оқулықпен жұмыс.**

**385-жаттығудағы** дара етістіктерді күрделі етістікке айналдырып жаз.

Еріді, жылыды, оқыды, келді. Еріп жатыр, жылып кетті, оқып отыр, келіп кетті. Қыста жауған қар көктемде



еріп жатыр. Күн жылып кетті. Арман ертегі оқып отыр. Айман қалаға келіп кетті.

### 9-слайд. III. Рефлексиялық-бағалау кезең.

Тапсырма: берілген тыйым сөздерді мұқият оқып, мазмұнын түсіндіріңдер. Етістіктерді тауып, құрамына, категорияларына қарай ажырытыңдар.

#### Тыйым сөздер:

1. Ұмытып кетпе, есікті теппе.
2. Пышақпен ойнама.
3. Босағада тұрма, көк шөпті жұлма.
4. Үлкендер сөйлегенде кимелеме.
5. Үлкеннің алдын кеспе.
6. Малды теппе, ақты төкпе.

«Бастау» ойынын ойнату. Сөздер беріледі соның ішінен етістіктерді табу:

Былырғыдай биыл  
Бұзаулайды сиыр,  
Құлындады бие,  
Боталады түйе,  
Жұмыртқалап тауық,  
Қойлар қозы тауып,  
Ешкілер де лақтады,  
Ел еңбегі ақталды.

**Шығармашылақ тапсырма: Морфологиялық талдау жаса:**

Бақта бұлбұлдар сайрайды,  
Күн көзі жадырап жайнайды.  
Айнала тегіс құлпырып,  
Қуаныш бізге сыйлайды.  
«Өзін-өзі бағалау» парағы бойынша бағалау.

**Үйге тапсырма: 1. 389-жаттығуды орындау.**

**2. Ішінде негізгі, туынды етістіктері бар мақал-мәтел тауып келу.**

Әсем ПРИМОВА,  
Сәкен Сейфуллин атындағы  
№4 орта мектептің мұғалімі.  
Қызылорда қаласы.

## ТҰЙЫҚ ЕТІСТІК ПЕН ЕМЛЕСІ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың тұйық етістікті басқа етістіктерден ажырата білуін қалыптастыру, анықтамасын жатқа айтқызу, мысал келтіру. **Міндеттері: білімділік** – етістік туралы білімін тереңдету, тұйық етістік пен оның жасалуы, мағынасы жөнінде түсінік беру; **дамытушылық** – ой-өрісін, танымын арттыру, өздігінен талдауға, ой қорытуға жаттықтыру; **тәрбиелік** – аңғарымпаздықа, белсенділікке баулу, өз-өзіне деген сенімін арттыру.

**Типі:** жаңа сабақ. **Түрі:** оқыта үйрету. **Әдіс-тәсілі:** топпен жұмыс, жеке оқушымен жұмыс, талдау, ойын, проблемалы ізденіс. **Көрнекілігі:** слайд, кесте, таратпа, мақал-мәтелдер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

#### Сабақтың барысы:

**I. Ұйымдастыру.** Оқушылармен амандасу, түгелдеу. Сабаққа назар аударту.

**II. Үй тапсырмасын тексеру.** 270, 273-жаттығулар.

**III. Өткен тақырыпты пысықтау.**

**Сұрақ-жауап арқылы:**

1. Етістік мағынасына қарай нешеге бөлінеді? Мысал келтір. 2. Етіс нені білдіреді? Түрлерін ата. 3. Есімше дегеніміз не? Тұлғаларын ата. 4. Көсемшенің түрленуі дегенді қалай түсінесің? 5. Етістік дегеніміз не? Құрамына қарай нешеге бөлінеді?

**IV. Сабақтың мақсатын қою.** Күн ретін, сабақ тақырыбын хабарлау.

#### **V. Жаңа сабақ.**

Проблемалық мәселе қою жолымен жаңа сабақты жандандырып өткізу.

Тақтамен жұмыс.

*Кенжебек жолшыбай дүкенге бұрылған еді. Асқар тауларды кеуделеп жүріп келеміз. Тамаша табыс өздігінен келмейді.*

- Балалар, осы сөйлемдердегі қимыл, әрекетті білдіріп тұрған сөзді табыңдар.

*Бұрылған еді, жүріп келеміз, келмейді* етістіктерін қимыл, әрекет атауы ретінде қалай айтар едіңдер?

Берілген етістіктердің қосымшасын ажырат.

*Белгілеу, күлдіру, тану, айтпау, айтысу.*

*Оқы, ері, төк, тап, тақ, мақта, бер* етістіктерінен тұйық етістік жасандар, қандай өзгеріс байқадыңдар?

#### **Тұжырым жасау.**

Шақпен де, жақпен де байланысы болмай, тек қимылдың атауын білдіретін етістіктің ерекше түрін **тұйық етістік** деп атаймыз. Тұйық етістік етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына -у жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *сөйле-у, сен-у, айт-у, мақтану, берілу, ойлау, белгілеу, жалықпау, айтпау.*

1. Дауыссыз дыбыстарға біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у жұрнағы дауысты болып жалғанады: *бар-у, қайт-у, көр-у, кел-у.*

2. Дауысты дыбыстарға біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у жұрнағы дауыссыз болып жалғанады: *ойна-у, сөйле-у, барма-у, келме-у.*

3. Дауысты ы, і дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы ы, і дыбыстары жазылмай, у дыбысының құрамына еніп кетеді де, ол (у) дауысты дыбыс болып есептеледі.


*Мысалы:* оқы+у=оқу, тасы+у=тасу, ері+у= еру.

4. Қатаң п, к, қ дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у жұрнағы жалғанғанда, түбір соңындағы п дыбысы б-ға қ, к дыбыстары ғ, г дыбыстарына айналады.

*Мысалы:* тап+у=табу, үк+у=үгу, ақ+у=ағу.

5. й дыбысына біткен етістікке –у жұрнақ жалғанғанда екі дыбыс й+у ю дыбысына айналып кетеді.

**Тұйық етістік есімдерше түрленеді, бірақ жіктелмейді**



**Оңаша тәуелдену:**

I. Менің баруым.

II. Сенің баруың.

Сіздің баруыңыз.

III. Оның баруы.

**Ортақ тәуелдену:**

I. Біздің баруымыз.

II. Сендердің баруларың.

Сіздердің баруларыңыз.

III. Олардың барулары.

Септік	Тұйық етістік
Атау с.	Сену
Ілік с.	Сенудің
Барыс с.	Сенуге
Табыс с.	Сенуді
Жатыс с.	Сенуде
Шығыс с.	Сенуден
Көмектес с.	Сенумен

Тұйық етістік әрі заттық мағынада, әрі қимылдық мағынада қолданылады. Мысалы, Оқтауды әперші. Мылтықты оқтау керек. Мектепте түрлі байқау болады. Әр адамның көңіл күйін байқау керек.

Оқушылардың өздеріне топқа бөле отырып, әр топқа мысал келтірткізу.

**Оқулықпен жұмыс.**

274-жаттығу.

Сыйла-ма-у-шылық, сыйла-ма-у.

Жеке оқушымен жұмыс.

Таратпа арқылы.

№3 таратпа:

1. Етістік дегеніміз не? Мысал келтір;

2. Дара етістікке 5 мысал, күрделі етістікке 5 мысал жаз;

3. Отанды сүю отбасынан басталады. Сөйлемдегі етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жаса.

№4 таратпа:

1. Көсемшеге 5 мысал, есімшеге 5 мысал жаз;

2. Өзара омоним болатын болымсыз етістікке және тұйық етістікке 6 сөзден жазып шық;

3. Құрамында есімшесі бар 5 мақал-мәтел айт. 278-жаттығу.

Су-а.б. сау-б.б. жа-уын: 1.а.б. 2-б.б.

**Шығармашылық жұмыс.**

Берілген сөздерді әрі есім сөз, әрі етістік мағынасында қолданып, сөйлем құраңдар.

Ою, байқау, сайлау, жаттау, оқтау, мақтау, тоқтау, тату, қою, бөлу, үндеу.

**6 «А» сыныбының үндеуі.**

Тұйық етістіктерді пайдалана отырып, оқушы ережесіне лайық үндеу жазыңдар.

**VI. Білімді бекіту.**

«Кім жылдам?» (сұрақтар арқылы):

1. Буын, оның түрлерін қарастыратын тіл білімінің саласы;

2. -дыр, -дір, -тыр, -тір жұрнағы арқылы жасалатын етіс түрі;

3. Тұйық етістіктің түрленуі;

4. Тұйық етістік қалай жасалады;

5. Тұйық етістік омоним бола ала ма?;

6. Үнемі көмекші етістіктерді ата;

7. Сабақты етістікке қай септік керек?;

8. Сабақты етістікті салт етістікке айналдыратын етіс түрі.

**VII. Үй тапсырмасы: 275-жаттығу.****VIII. Бағалау.**

Бибігүл САТАЕВА,  
Сапар Байжанов атындағы  
№162 мектеп-гимназияның  
мұғалімі.  
Алматы қаласы.

## «ТҮЙЕБАЙ» ӘНГІМЕСІ

**Сабақтың мақсаты:** «Түйебай» әңгімесінің идеясын ашу, шығарма композициясын талдау, өзіндік тұжырым жасауға баулу. **Міндеттері:** **білімділігі** – оқушыларға қазақ әдебиетінің ірі өкілі, көркем прозаның зергері Б.Майлиннің өмірі мен шығармашылығын қосымша дерек көздерін пайдалана отырып, кеңінен таныстыру, оқушылардың білім дәрежесі мен ой-сезімін аңғару, олардың шығарма мәтінін қаншалықты дәрежеде меңгергенін байқау; **дамытушылығы** – оқушының дүниетанымын кеңейту, жазушы дәуіріндегі замана келбетін реалистік тұрғыдан ұғынуға жол ашу, әдебиет теориясының тәсілдерін анықтауға дағдылану; **тәрбиелілігі** – мейірімділікке, бауырмалдыққа үйретіп, адами құндылықтарды қастерлеу қасиетін жетілдіру.

**Түрі:** бекіту сабағы. **Әдісі:** әңгімелесу, пікіралысу, іздендіру, топтау, Венн диаграммасы, түсіндірмелі сөздікпен жұмыс, топтастыру. **Көрнекілігі:** Бейімбет Майлин шығармалары, портреті, интерактивті тақтада – слайдтар, сурет (пейзаж). **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих.

### Сабақтың барысы.

#### Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Біз өткен сабағымызда қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының шебері – Бейімбет Майлиннің өмірі және шығармашылығы туралы оқулықта берілген мәліметтермен таныстық. Жазушының «Түйебай» әңгімесіндегі кедей отбасынан шыққан Түйебай деген баланың аянышты тағдырынан хабардар болдық. Әңгіменің оқиға желісі сендерге мәлім. Үйге тапсырма жазушы шығармашылығынан жан-жақты мәліметтер жинақтау және берілген әңгімені түсініп оқып, мазмұндауға, автордың мақсатын ашуға дайындалып келу еді. Олай болса, бүгінгі сабағымызда «Түйебай» әңгімесіндегі жазушы сомдаған бейнелерге шолу жасай отырып, әдеби талдау жасаймыз.

- Қымбатты оқушылар, әдебиет жайлы сөз қозғағанда «әдебиет – өнер», «өнер болғанда да өнердің төресі» деп басқа өнер түрлерінен асқақ тұрғанын айтуды мақтан тұтамыз. Оның себебі – «әдебиеттің құдіреттілігі сөз құдіреттілігімен көмкерілуінде екен». (А.Байтұрсынов). Ең бастысы, әдебиет – әр халықтың баға жетпес құндылығы, өткен дәуірінен сыр шертер, бүгінгісіне демеу болар, болашағына үміт артар рухани азығы. Әдебиет туындылары арқылы сонау ауыз әдебиетінен бастап, кейінгі ұлы қаламгерлер де өз халқының қоғамдық, әлеуметтік өмірін көркем түрде қалдырып кетті. Соның бірі – Б.Майлиннің де қазақ әдебиетінде алатын орынының ерекше екенін ескере отырып, ұлы суреткер жайында не білетінімізді ортаға салайық.

Жаңа сабақты меңгеру кезеңі: Оқушылар Б.Майлиннің өмірі, шығармашылығы туралы өздері жинақтаған мәліметтермен қысқаша бөліседі. Интерактивті тақтадан ұлы қаламгерлеріміздің, әдебиеттанушы ғалымдарымыздың жазушы шығармашылығы жайындағы ой-пікірлері және оның тұлғасын ашатын топтама көрсетіледі.

Бейімбет еңбектері жаңа өміріміздің шежіресі еді, биік белесіне енді шыға бергенде үзіліп кетті.

**(Ғабит Мүсірепов).**

Б.Майлин – қазақ әдебиетінің туу, қалыптасу кезеңдеріне көп еңбек сіңірген, поэзия, проза, драма саласында заманының өзекті мәселелерін суреттей білген көрнекті қаламгер.

**(Рымғали Нұрғали).**

Б.Майлиннің «Майдан» пьесасы – драмалық ірі серпіннің басы. «Майдан» айналасында талай «Майдандар» туылады.

**(Мұхтар Әуезов).**

Бейімбет – қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының шебері.

**(Қанипа Бітібаева).**



Жаңа сабаққа кіріспе. «Түйебай» әңгімесін оқушылар сюжеттік-композициялық құрылымға бөліп, мазмұнын сақтай отыра, жатқа айтып шығады.

Әңгіменің (шығарманың) композициясы:

**1. Әңгіменің бастауы (экспозиция) –**

Қоржынтмар жайлауы. Құрақты көл. Әсем пейзаж;

**2. Әңгіменің дамуы –**

Ауыл балаларының молда алдына, оқуға баруы;

**3. Әңгіменің шиеленісуі –**

Молданың қаһары. Түйебайдың жазалануы;

**4. Әңгіменің шарықтау шегі. (кульминация) –**

Түйебайдың оқудан кетуі;

**5. Әңгіменің соңы –**

Көш. Кездесу. Аянышты тағдыр.

Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс. Әңгімедегі оқушыларға таныс емес сөздердің мағынасын ашып, дәптерлеріне жазғызу.

тәу (тәугі) – қасиетті деген нәрсеге басын иіп, маңдайын тигізді (тәу етті), тағзым етті, сиынды.

сүрме – кірпік, қасты бояйтын қынадан жасалған бояу (көзіне сүрме сүртіп, төрткөзденеді де жүреді).

жат сабағы – мәтінді мұғалімнің айтуымен жазып, жатқа айту сабағы.

Топпен жұмыс. Оқушыларды үш топқа бөліп, әңгімедегі үш кейіпкердің образын ашқызу. (Түйебай, молда, әңгімедегі «Мен» – болашақ жазушы) Оқушылар кейіпкерлерге мінездеме береді, суреттерін салады.

Тақтамен жұмыс. Түйебай мен әңгімедегі «Мен» кейіпкерлеріне Венн диаграммасын сызу.

<b>Түйебай</b>	<b>Ұқсастығы</b>	<b>Әңгімедегі «Мен»</b>
- Түйебай – кедей отбасынан шыққан тентектеу бала; - молда алдында жасқаншақ, оның қаһарына бірінші іліккен; - жоқшылық, кедейшілік ерте есейткен; - мейірімділікке, камқорлыққа зәру.	- жастары шама-лас ауыл балалары; - молда алдына тәу етуге барған; - оқуға екеуі де зерек, қабылдау қабілеттері ешкімнен кем емес; - жандары таза, өмірді үлкендерше пайымдай алады.	- әжесінің сүйікті, ерке, кенже немересі; - мейірімге, шапағатқа толы отбасында тәрбиеленген; - молда оған кешіріммен қарайды, сабақты жаттамаса да ұрмайды; - сезімтал, басқаның қайғысына жаны ашиды.

Әңгіменің көркемдік ерекшелігі:

- Б.Майлиннің жазушылық стиліне тән «Түйебай» әңгімесіндегі кейіпкерлердің шынайы, табиғи суреттелуі;
- тілінің қарапайымдылығы, жанға жайлы жылылық;
- юмор, мысқыл, сатираның үйлесім табуы (молданың портреті);
- теңеу (молда сұрғылттау келген адам, тентектеу Түйебай); эпитеттерді (жұлым-жұлым қара үй, шоқпыт-шоқпыт қима шапан, т.б.) көркемдегіш құрал ретінде пайдалануы;

- диалог, монолог, баяндау, суреттеу, портреттеу, лирикалық шегіністі пайдалану.

**Ізденіс** (проблемалық сұрақтар):

1. Молда неліктен Түйебайға ашулы? Басқа балаларға кешіріммен қарағанда, Түйебай неге таяқ жеп, жазықты бола береді?

2. Түйебайдың аянышты тағдырына өзі ғана кінәлі ме? Өз пікіріңмен дәлелде.

**Сабақты қорыту.**

- Балалар, біз бүгін қазақтың көрнекті жазушысы, бүкіл саналы ғұмырын өз халқының тағдырымен бөлісе білген Б.Майлиннің «Түйебай» әңгімесімен әдеби жағынан жақсы таныс болдық деп ойлаймын.

«Бейімбет еңбектері жаңа өміріміздің шежіресі еді, биік белесіне енді шыға бергенде үзіліп кетті» деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, «Түйебай» әңгімесі де – өткен тарихымыздың бір парағы. Ең бастысы, көркем туындының адамды тәрбиелейтініне, оның бойына ізгілік шуағын бере алатынына тағы да куә болдық. Олай болса, Бейімбет шығармалары да талай ұрпақтың рухани азығы бола білді және бола бермек.

**Үйге тапсырма.** «Түйебай өмірін өзгертсем ...» тақырыбына ойтолғау жазу.

**Бағалау.**

Самал НЫҒМЕТОВА,  
Боран Нысанбаев атындағы  
орта мектептің мұғалімі.  
Атырау облысы,  
Индер ауданы.

## ІЛИЯСТЫҢ «КҮЙІ»

**Сабақтың мақсаты:** күйдің тарихын түсіндіру, айтайын деген идеясын ашу, терең мазмұнын ұғындыру. **Міндеттері: білімділік** – поэманың сюжеттік негізіне алынған күй аңызының мазмұнын, қобызшы тартқан «Бозінген» күйі, оның күй тарту шеберлігін тереңірек білгізу; **дамытушылық** – шығарманы талдау арқылы оқушының сыни ойлау дағдыларын, біліктілік қабілеттерін, тілін, шығармашылық құзыреттіктерін дамыту; **тәрбиелік** – өнер құдіретін бағалауға, халқымыздың мәдени мұрасын құрметтеуге, қазақтың күй өнері мен күйшілігінің құдіретін сезіне білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** еске түсіру, сұрақ-жауап, салыстыру, іздену, талдау. **Пәнаралық байланыс:** музыка. **Көрнекіліктер:** слайдтар, интерактивті тақта, сызбалар, кеспе қағаздар.

### Сабақтың барысы.


**I. Ұйымдастыру:** 1. Оқушылармен танысу тренингін өткізу; 2. Топқа бөлу (3 топ: «Білімділер», «Алғырлар», «Дарындылар»);

3. Әр топқа бағалау парағын тарату.

**II. Үй тапсырмасын сұрау:** 1. Ілияс Жансүгіров қашан дүниеге келді? 2. Ілияс Жансүгіров қайда дүниеге келді? 3. Әкесі Жансүгір қандай адам болған? 4. Ілияс Жансүгіров 1911 жылы қандай мектепті

бітірді? 5. Ілияс Жансүгіров Мәскеуге оқуға қашан аттанды? 6. Мәскеудегі оқуын қай жылы бітірді? 7. Қандай мамандық алып шықты? 8. Ташкентте қандай оқу орынында оқыды? 9. Ілияс Жансүгіровтің қандай шығармалары бар?

Топтастыру (әр топқа):



Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің қазақ әдебиетінің «Үш бәйтерегі» деп аталуы туралы әңгімелеу.

### III. Жаңа сабақ.

- Ілиястың қандай шығармасын оқыдық?
- Бүгінгі сабағымызда оқыған поэма бойынша түрлі тапсырмалармен жұмыс жасаймыз.

#### 1-тапсырма:

1-топ. **Молықбай қобызшы тартқан ерекше күй жөнінде поэмада не айтылған?**

2-топ. **Күтімде тұрған інгеннің маңғаз, сұлу мүсіні жайлы әңгімеле.**

3-топ. “Бозінген” күйі туралы аңызды айтып бер.

**Барлығына: Сатылған інгеннің басындағы жағдайды және оның зарын ақын қалай суреттеген? (қағазға түсіру).**

**Қобызбен орындалатын «Бозінген» күйін тыңдау:**

- Күйді тыңдап отырып қандай әсер алдыңдар?

**Күй** – қазақтың домбыра, қобыз сияқты ұлттық аспаптарымен орындалатын шығарма.

**Күйші** – кюйді орындаушы, халыққа жеткізуші адам.

**Күйшілер:** Құрманғазы Сағырбайұлы, Дина Нүрпейісова, Қаршыға Ахмедияров, Айгүл Үлкенбаева, т.б (слайдтан суреттерін көрсету).

**Ұлттық аспаптар:** домбыра, қобыз, сазсырнай, шаңқобыз, жетіген, т.б.

(Слайдтан суреттерін көрсету).

### 2-тапсырма:

1. “Бозінген” күйінің тарихына ұқсас аңыз білесіңдер ме?

2. Кюйдің адам денсаулығы үшін немесе төрт түлік мал үшін пайдасы бар деп ойлайсың ба?

3. Поэма өзіңе қалай әсер етті?

### 3-тапсырма:

1-топ. Мольқбай күйшінің күй тартуын әсерлі суреттейтін шумақтарын оқулықтан тауып оқы.

2-топ. Ботасынан айырылған Бозінгеннің халін суреттейтін шумақтарды тауып оқы.

3-топ. Кюйдің күдіретін, қасиетін сипаттайтын шумақтарды үзіндіден тап.

«Ыстық орындық» ойыны:

**Үш топтан үш оқушы шығарып, ыстық орындыққа отырғызу.**

**Тағы үш оқушы шығарып, қарсы топқа сұрақ қойғызу.**

**- Мольқбай қобызшы туралы не білесіңдер? Ол өмірде болған адам ба?**

*Жетісудың жорғасы, заманының өнерпазы, бармағынан бал тамған қобызшы, күйші, ақын,*

*өлеңші, бақсы-балгер, құмалақшы, сал-сері Мольқбай Байсақұлы 1857 жылы туған. 1927 жылы Ильяс Жансүгіров пен Мұхтар Әуезов қобызшы Мольқбайды арнайы іздеп келіп, Амантекше жайлауында кезігіп, тартқан күйлерін тыңдайды. Сол сапардан Ильяс Жансүгіров «Күй» поэмасын жазып, «Жаңа мәдениет» журналына 1929 жылы бастырып шығарады. Мольқбай іш ауруынан 1930 жылы көкек айының 30-ында 73 мүшел жасында қайтыс болып кетеді. Құлагер ақын Ильяс Жансүгірұлының құлағына азан шақырып, «Қызырлияс» деп есімін қойып, кіндік әкесі саналатын қобызшы – Байсақұлы Мольқбай.*

### IV. Қорытынды:

1. Поэманы құрылысына, поэтикалық тіліне талдау;
2. “Қазақтың күйі - қазақтың жаны” тақырыбында сұрақ-жауап түрінде әңгіме құрау.

### V. Үйге тапсырма:

1. Поэмадан үзінді жаттау;
2. «Күй» поэмасының идеялық-көркемдік түйінін жан-жақты терең түсіну.

### Бағалау парағы

Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасы	I тапсырма	II тапсырма	III тапсырма	IV тапсырма	Қосымша сұрақтар	Қорытынды баға



Зылиха БАЙГЕНЖИНА,  
Абай Құнанбайұлы атындағы  
№6 орта мектептің мұғалімі.  
Қостанай облысы,  
Арқалық қаласы.

## «ҚАМАР СҰЛУ» СЫРЫ

(11-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** осы өлеңмен аралас жазылған романның терең сырын ашып, идеялық ойына көзін жеткізіп, дәуір келбетін жете тануына ықпал ету. **Міндеттері: білімділік** – Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармашылығы жайлы алған білімін тереңдете отырып, «Қамар сұлу» романы көтерген әлеуметтік мәселе, кейіпкерлер дүниесі, романның қазақ әдебиетіндегі маңызы мен ерекшелігіне арнайы тоқталып, романға әдеби теориялық талдау жүргізу арқылы көркем шығарманы саралай білуге жетелеу; **тәрбиелік** – кейіпкерлер іс-әрекетін талдай отырып, жаманнан жиреніп, жақсыдан үлгі алуға, достық қасиеттерін бағалай білуге, адамгершілікке, қайырымдылыққа, алдына қойған мақсаты үшін күресе білуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушының шығарманы талдап, кейіпкер іс-әрекетіне баға бере білуіне, ойын жүйелі баяндай білуге дағдыландыру, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды саралай отырып, өзіндік өмірге деген көзқарасын қалыптасуына әсер ету.

**Типі:** пысықтау. **Түрі:** дәстүрлі, талдау сабағы. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, баяндау, мәтінмен жұмыс, сатылай кешенді талдау, мазмұнын талдау, әдеби теориялық талдау, автор орындығы, сырласу күнделігі.

**Сабақ барысы.**

**I. Ұйымдастыру:** Оқушылармен амандасу, түгелдеу.  
- Шәкірт үшін ең басты мақсат не? - Оқу.  
- Олай болса, «Қараңғы қазақ көгіне Өрмелеп шығып күн болуды» армандаған ақын туралы білетіндерімізді ортаға салайық.

**II. Үй тапсырмасын сұрау:** Ақын өмір сүрген жылдар... Ақын сусындаған Білім Ордалары туралы баянда. Ақынның қандай жинақтары жоғалып кеткен? Ақын поэмаларын атаңдар. Алаш ардагерлері туралы не білесің, оның ақын өміріндегі қандай орыны бар? «Айқап» деген сөз қандай ойға жетелейді және Сұлтанмахмұттың қандай мақалаларын білесіңдер? Сұлтанмахмұттың қандай романдарын білесіңдер? «Қамар сұлу» романы көтерген әлеуметтік мәселе қандай? Шығарма неліктен «Қамар сұлу» деп аталған?

**III. Үй тапсырмасын бекіту.** «Қамар сұлу» романының әр бөліміне қысқаша сипаттама беру:

- 1-бөлім. «Жігітті ел мақтаған қыз жақтаған...»
- 2-бөлім. Сүйіспеншілік сезімнің қарлығаштары.
- 3-бөлім. Күндестік оты жанғанда.
- 4- бөлім. Жорға Нұрым. Омбы асқан Ахмет.
- 5-бөлім. Қырын келген құдалық.
- 6- бөлім. От ортасында ойрандалған Омар.
- 7- бөлім. Қайғыдан қан жұтқан Қамар.
- 8-бөлім. Зұлымдық – надандықтың басты белгісі.
- 9- бөлім. Құрбандыққа шалынған жастар.

**IV. Жаңа сабақ.**

- Міне, балалар, біз роман мазмұнымен таныстық. Енді романды жан-жақты талдаймыз.

Сатылай кешенді талдау.

1. Авторы – Сұлтанмахмұт Торайғыров. 1893 ж. 28 қазанда Көкшетау облысы, Қызылтау ауданында туған.

2. Тақырыбы: автордың сол кезең, сол заман туралы үлкен толғанысы.

3. Әдеби жанр (әдебиеттің тектері): проза.

4. Эпикалық жанр түрі: психологиялық роман.

5. Идеясы: сол кезеңдегі қоғамда болып жатқан оқиғаларды әшкерелеп, әдет-ғұрыптың кертартпа жақтарын аша көрсету.

6. Шығарманың композициялық құрылысы:

Басталуы – Қамарды суреттеуі, Қамар мен Ахметтің кездесуі. Дамуы – Ғашықтық сезім, хаттар. Байланысуы – «Таң атпайын десе де, Күн қоймайды». Шиеленісуі – Омбы асқан Ахмет. Құдалық. Шарықтау шегі – «Ал енді, көріп тұрсың, халім мынау». Қамарды зорлықпен алып кетуі. Шешімі – Ахметтің кек қайтаруы. Өлім құшқан қос ғашық.

7. Шығармадағы кейіпкерлер. Жағымды – Омар, Қасен, Қамар, Ахмет, Бәйтек, молда. Жағымсыз – Оспан би, Қалтан қажы, Жорға Нұрым, Көңілбай бақсы.

8. Әдеби- теориялық ұғымдар.

**Троп** (грекше tropas – иің, иірін) сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп кейде, тіпті, перделеп таныту.

**Теңеулер:** алмас қылыш жүзіндей, Аплатондай, жеген қасқырдай, есініп тұра алмастай, түсі суық қоңыздай, жеп семірген доңыздай, қылдай, бұлбұлдай. Эпитет: алмас қылыш, нұрлы жүз, толған ай, қалам қас, мамық тамақ, мөлдір көз, алма мойын, ашық жол, асулы қол.

**Метафора:** дертім қалың, жіңішке сымға тартқан әні, балауыз балбыраған тәні, толықсып толып тұрған сәні, бал тамған майда бұлбұл сөзі, жәудіреген көзін, мейірбанды жылы сөзің, көз жасың, көктен құйған жауын еді.

**Фигура** (айшықтау).

**Зарлай арнау:**

Халқыңды қан жылаттың, жорға Нұрым,  
Болдың ғой заманымда сорға, Нұрым!  
Оспан деген жыртқышы тағы шықты,  
Бара-бара қайтерсің, қайран күнім!

**Сұрай арнау:**

Көр, міне, Қамар қандай, аға-бауыр,  
Келе ме қайта айналып өткен дәуір?  
Еріксіз бір есекке қостың, елім,  
Дүниеде не қорлық бар онан ауыр?

**Ирония:**

Ағатай, болдым ғашық мұрынына,  
Көк бурыл иектегі құрымына.  
Кірпідей аяқ-колы жиырылған  
Қосылар күн бола ма тұлыбыма?!

9. Түсіндірмелі сөздік:

- 1) (Рушді сыныф)-5-7-сыныптар көлеміндегі оқу.
- 2) Иғдади сыныф (арабша)-10-сынып көлеміндегі оқу.
- 3) Шаһыбаз (парсы) - сабаз, жоғары санақтағы кісі.
- 4) Түказзибан(арабша)-түпсіз өтірік деген сөз, бірақ мұнда шексіз әңгіме дегенді білдіреді.
- 5) Хашарат(арабша)-құрт, құмырсқа.
- 6) «Құласатіл масал»(арабша)-діни кітап аты.

10. Тәрбиелік мәні: «Қамар сұлу» романы негізінен, ескі қазақ қоғамының әйел теңсіздігі, бас бостандығы және ескі әдет-ғұрыптардың елге әкелер пайдасы жоқ екенін дәлелдей келе, оқырманды адалдық, жанашылдық, іңкәрлік және тұрақтылық секілді ұлы қасиеттерге баулу.

V. «Қамар сұлу» романының тіл ерекшелігін сипаттау:

Прозамен жазылған сөздері өлең ұйқасы сияқты.

Жиылған жұрт тойған тоққа кетті. Ішті-жеді, қайырлы болсын деді. Гуілдесті, көпірісті, кетті, барды, Сөйтіп той да таркады.

2. Проза мен поэзияны аралас қолданған.

3. Қазақтың байырғы тілі, мақал-мәтелдер.

«Ахметтің шықпаған не жаны, не сәні тұр дейсің?!».

Омар от алып, ораққа түспесі бар ма?

«Жақсыдан жаман туса – емі болмас, жаманнан жақсы туса – теңі болмас».

«Теңі келсе, тегін бер».

«Таң атпайын десе де, Күн қоймайды».

**VI. Кімдер суреттелген?** Кім екенін табу, өз ойыңды қос.

1. *«...Оның шыбындай жаны шығарға орын таппай шырқырап, қиналғандағысын Құдай адам баласының басына бермесін! Қандай талмаусып, әлсізденіп жатса да, қалай маңайына Нұрым келді, солай шағатын жылан кіріп келгендей тітіркеніп... Қырғидың тырнағы таянған торғайша шырылдап тулағанда, денесін кез келген нәрсеге соғып, бұрынғысынан он есе төмендеп қалушы еді...»*

2. *«Сұңқардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі де бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш ақын... той секілді жұрт жиналған жерлерде өлең болсын, газет-журнал, кітап оқып, шаригат-насихат айту болсын, біреуді сықақтаған құлық болсын, бас бәйге сонікі еді...»*

3. *«...зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, ауызы толған боғауыз бен были-были насыбай, ішпей мас әрі нас... жай порымының өзі сұп-суық, бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді...»*

**VII. Мәтінмен жұмыс:** - Мына шумақтардан қазақ қызына тән қандай қасиеттерді көруге болады?

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,

Балауыз балбыраған тәні қандай?!

Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп,

Толықсып толып тұрған сәні қандай?

Еріткен іш-бауырыңды көзі қандай,

Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай?

Жұп-жұмсақ бып-биязы ішке кіріп,

Жайтандап жан күйдірген кезі қандай?

Нұрлы жүз жан-жағына сәуле шашып,

Бойының мінсіздігі онан асып,

Өзгеден сып-сыпайы һәм сүйкімді

Ең арты жүрсе-дағы аяқ басып.

**VIII. Диалогтік оқу:** Қамар мен Ахметтің хаттарын оқыту.

**IX. Сырласу:** Қамармен, Автормен, Ахметпен, Нұрыммен, Омармен.

**Үлгі:** Нұрым! Мен «Қамар сұлу» романын оқығанда сіздің жаман қылықтарыңызға қаным қайнап, ызам келді. Сіз атақты адамсыз, байлығыңыз да мол. Өзіңіздің қызыңыздай Қамарды әйел қылып аламын деген ой қалай басыңызға келді екен, оған ар-намысыңыз қалай шыдады екен, таңым бар!? Сіз оңбаған, ебедейсіз, надан, зұлым, иттен де жаман құбыжық екенсіз. Тіпті, сарандығыңыздың өзі шық бермес Шығайбайдан да асып түседі. Сіздің атағыңыз бен байлығыңыз болмаса, жерде жатқан қоқыстан еш айырмашылығыңыз жоқ.... (Айдана).

**X. Сабақты қорыту:** - Егер мен Қамардың орынында болсам, қиындықты былай жеңер едім... - Егер мен жазушы болсам....

**XI. Қорытынды.** Қашан да әділеттілік жаршысы болайық!

**XII. Үйге тапсырма:** 1. Шығармаға дайындық; 2. Романнан үзінді жаттау.

Ақмарал МЕНДІБАЕВА,  
Ақтөбе қаласындағы  
№51 гимназия мұғалімі.

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЛЛА БОЛМЫСЫ

Абай тағылымындағы Алла тағала – адами бейнеден гөрі алыстағы, көз жетпес көкжиекте ме, аспанда ма, беймәлім күшпен ұшып жүретін, бәрін де көре білетін, сезе жүретін, күн сәулесіндей таңғажайып құбылыс, құдірет күш. Адам бейнесінен қашықтап кеткен рухани тірек, дін исламдық ие секілді нәрсе.

Неміс философы Фридрих Ницше былай деген: «Күнәнің ауыры – көрініп тұрғанды көрмеу және қалай көрініп тұрғанды көргісі келмеу». Абай «Әрбір ақылы бар кісіге иман – парыз, иманы бар кісіге ғибадат – парыз» дейді. Сондықтан ақылың болса, өз парызыңды, өз ғибадатыңды Алланың алдына тартып бұлдаушы болма деген пікір сабақталады. Абай «Қарасөздерін» жазған кезде әр сөзге, сөйлем оралымына үлкен мән берген. Әсіресе, құдай тағала құдіретін тілге тиек етуге білімнің білімі, ақылдың ақылы ғана шендесе алатынын іштей табиғи түйсігімен сезінген, сезінген сайын мағыналы да күрделі ойлардың жетегіне жүгінген.

«Адам баласына адам баласының бәрі – дос», - деп жазады ақын өзінің 34-қарасөзінде. «...не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың,

қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің, бәрі – бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың, бәрі – бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіпің, екі дүниенің жақсылығына рахатың, бәрі – бірдей екен».

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп  
Және хақ жолы осы деп әділетті», -  
деген Абай күллі дүниені, адамзат атаулыны жаратқан Алланы, адамзатты, әділетті сүюді үйретеді.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,

Алланы танытуға сөзі айырылмас», - дейді ол. Күллі махлұқ атаулы өзгерсе де, алланың өзгермейтінін айта отырып, мұсылман атаулының парызды істері: ораза, намаз, зекет, хаж талассыз іс екендігін, жақсы болсаң бәрін тегіс тұтуың қажеттігін, Алланың мінсіздігін, пайғамбардың хақтығын, құранның растығын, Алла, пайғамбар жолын қуғандардың иманнан алшақтамайтынын, осы айтылғандарға керісінше, пайда, мақтан, әуесқойлықтың шайтан ісі екендігін дәлелдейді. Алланы, адамзатты, әділетті сүюге шақыра отырып, иман жолында малың түгілі басыңды байлау да аздығын айтады. Абай өзінің 38-қарасөзінде «Құдай тағала дүниені нәмалатты шеберлікпен жаратқан хәм адам баласын өссін, өнсін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолында адамның талап қылып ізденер парызды ісінің алды – әуелі дос көбейтпектің табылмағы, өзінің өзгелерге қолынан келгенінше достық мақамында

болмақ. Кімге достығың болса, достық достық шақырады, ең аяғы ешкімге қас сағынбастың һәм өзіне өзгешелік беремін деп, сөзін тілмен я қылықпен өзін-өзі артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ» дейді. «Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз (шет,шегі жоқ) болады» дейді ақын өзінің 38-қарасөзінде. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол – таза мұсылман, толық адам делінеді». Абай Алла болмысын шеберлікпен таныта отырып, адам баласын достыққа, жолдастыққа, қарапайым да кішіпейіл болуға үндейді. Абайдың «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Алла деген сөз жеңіл», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңдері мен «Отыз бесінші», «Отыз алтыншы», «Отыз сегізінші» қарасөздерінде Алланың күдіреттілігін көрсетеді. Ғылымға ынтықтықтың өзі де адамға өзіндік ғылым беретіндігін, ол үшін ол Алланың өзіне де ғашықтық қажеттігін, ғылым дегеніміздің өзі де Алланың бір сипаты екендігін, ол ақиқат, оған ғашықтықтың өзі адамдық екенін дәлелдеген Абайдың тек ақындық өнер саласында емес, дін мәселесіне де терең, данышпан ғалым екендігін осындай ойлары толық дәлелдейді.

Өлең аттары	Философиялық көзқарасы
	Халыққа мақлұқ ақылы жете алмайды.
«Лай суға май бітпес қой өткенге»	Өмір жолы – тар сокпақ, Бір шек жоқ, Иілтіп екі басын ұстаған хақ. Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ, Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»	«Мені» мен «менікінің» айырылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.
	Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.
	Дүниеге дос ахиретке бірдей болмас.
«Көк тұман алдындағы келер заман»	Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр.
	Ол күндер өткен күнмен бәрі бір бәс, Келер, кетер, артында түк қалдырмас. Арғысын бір-ақ Алла біледі рас.
	Ақыл мен жан – мен өзім, тән-менікі, «Мені» мен «менікінің» мағынасы екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «Менікі» өлсе өлсін, оған беки.

#### «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңі

Қашан жазған?	Тақырыбы, ақынның айтар ойы	Ақын сезімі, ол қандай сөздермен берілген?	Поэтикалық тіл	Өлеңдегі негізгі ой, тірек ұғымындағы сөздер шумағы	Өз қабылдауың
1902 жылы	Дін тақырыбы.  Алланы, адамзатты, ақиқатты сүю.	Иман келтіру, иман тазалығы. Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер.	Алла ішімді айтқызбай біледі, ойла. Бендесіне қастықпен кінә қойма. Распенен таласпа мүмин болсаң, Ойла, айттым, адамдық атын жойма!	Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.	

Ләззат БАЙСЕРКЕҚЫЗЫ,  
«Жақсы» №1 орта  
мектебінің мұғалімі.  
Ақмола облысы,  
Жақсы ауданы.

## ТАБИҒАТ ТАҒЫСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

(2-сабақ)

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды табиғат тағысының тағылымына терең бойлату, адам қасқыры мен тағы айырмашылығын білгізу, идеялық мазмұнын ұғындыру. **Міндеттері: білімділік** – әңгіме мазмұны арқылы кейіпкерлер іс-әрекетіне, автор көзқарасына бойлау; **дамытушылық** – оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын ояту, мағынаны танып білуге, ажыратуға, ой толғауға іскерлік дағдысын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – табиғатты қорғауға, аялап баптап күтуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Түрі:** сын тұрғысынан ойлау сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, іздену, т.б. **Көрнекілігі:** сызбалар, үлестірмелі қағаздар, плакат, т.б. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

**Сабақ барысы.**

а) Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

ә) Ұй тапсырмасын пысықтау сұрақтары:

1. «Көксерек» сөзі сендерге таныс па?
2. «Көксерек» кімнің шығармасы?
3. Жазушы неліктен шығармасының тақырыбын «Көксерек» деп атады?
4. М.Әуезовтің тағы қандай шығармаларын білесіңдер?


**Қызығушылықты ояту.**

**Мұғалім:**

- 1) «Көксерек» көркем бейнебаянынан үзінді көрсету;
- 2) Бейнебаян бойынша әңгімелесу;
- 3) Кластер: «Көксерек», «Құрмаш».

1-топ

2-топ



**Миға шабуыл.**

- Оқушыларға интербелсенді тақтадан суреттер көрсете отырып, сурет бойынша алған әсерлерін бақылау. Әр топқа ашық сұрақтар беру.

**1-топ:** Қасқырлардың иттерден айырмашылығы.

**2-топ:** Қасқырды қанша бақсаң да, қырға «қарап ұлиды» дегенді қалай түсінесіңдер?

**Мағынаны тану.**

а) Жаңа сабақты түсіндіру:

- Балалар, өзіміз оқып танысқан «Көксерек» әңгімесін бәріміз көркем фильмнен жақсы білеміз. Бүгінгі әңгімеміз Көксерек және оның иесі, олардың іс-әрекеті турасында өрбімек. Шығарманың оқиғалық желісі, яғни, сюжеті Көксерек іс-әрекетіне байланысты өрбіп дамиды. Сондықтан біз алдымен осы әңгіменің композициялық құрылысына талдау жасайық.

### б) Композициялық құрылысы:

#### 1. Оқиғаның басталуы – Адамдар шабуылы.

Бөлтіріктер тағдыры.

Көксерек – ауылда. Оның адамдардан көрген жәбірі;

#### 2. Байланысы – Көксерек және Құрмаш.

Көксеректің ұяластарымен табысуы;

#### 3. Дамуы – Қарадыр еліндегі мазасыздық;

#### 4. Шарықтау шегі – Құрмаштың қазасы;

#### 5. Шешімі – Көксеректің жазасын тартуы.

Шабыт шақыру.

#### 1. Ой-толғаныс. Бес жолды өлең жаздыру.

1-топ:

аңшы;

қырағы, сақ;

атады, көздейді,

аулайды;

аңшы, қансонарда

аңға шығады;

мерген.

2-топ:

қасқыр;

жыртқыш, қомағай;

ұлиды, шабуылдайды,

жортуылдайды;

қасқыр-түз тағысы,

перзенті;

көкжал.

### Семантикалық карта

мысалдар	Ұрлық пен адал астың айырмашылығын ұға алады.	Кәрі әжесінен бөлек жатты.	Қасқыр болса қайттейін, менің итім бір-ақ бұрап соғарды.	Айналақыңсылап, бұның ізін іске-лейді.	Үйдің көлеңкесінен шығып, Көксерекке бас салды.	Айналаға аңда-санда бойлап-бойлап жағалай қарайды.	Өзінің бір-екі жігітімен және басқа аңды сүйетін төрт-бес құрбысымен соңғы уақытқа шейін ат жаратып жүргенді.
Құрмаш							
Көксерек							
Жұмаш							
Қара ала төбет							
Ақ қасқыр							
Қасен							
Аққасқа							

### 3. Деңгейлік тапсырмалар

#### I деңгей

Мәтіндік тапсырманы орындандар.

1. *Өзі ешкімге ізденіп* ----- .

2. *Ит баласына* ----- , *жібімейді.*

3. *Татулық жоқ,* ----- .

4. ----- *пен* ----- *шақырса, келеді.*

5. *Онда да жүгіріп келмей, құйрығын* ----- ,  
----- *қана келеді.*

6. *Өскен сайын* ----- , ----- *келеді.*

7. -----: - *Түбінде* ----- *болмайды, - дейді.*

8. Бір күні Көксерек қара ала төбетке ---- -----.

9. Жұмаш: «Менің қара ала төбетім -----  
-----», - деді.

10. Шылапшынның салдырын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып алып, ---- ---- еді.

11. Екпіндеген бетімен Көксеректі -----  
жағынан келіп арс етіп қауып алды.

12. Бұрынырақ кезде кісіге қарап жалтақтап шығып кететін көксерек қара ала төбетті -----  
ала түсті.

### II деңгей: Кестені толтыру.

Сөз таңдау	Сөз қисыны	Сөз әрлеу

**Сабақты қорытындылау.** М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін аяқтадық. «Көксерек» әңгімесінде жазушы қасқырдың мінез-құлқын, өзіне тән табиғи қасиеттерін тақырып етіп алып, айналаны қоршаған табиғаттың өз заңы, өзіндік ерекшелігі бар, оны адамдардың түсіне білуі қажет деген ойды білдірді.

**Үйге тапсырма:** «Табиғатым - тағдырым» тақырыбына эссе жазып келу.

### Бағалау парақшасын үлестіру

Оқушының аты-жөні:	Үй тапсырмасын жақсы түсіндім.	Мәтінді оқып, сурет, бейнебаян бойынша талдауға үлесімді қостым.	Семантикалық картамен жұмыс жасадым.	Деңгейлік тапсырмаларды орындадым.

(Оқушылардың өздерін бағалауы).

Лиза ИБЕКЕНОВА,  
Абай Құнанбайұлы атындағы  
№6 жалпы орта білім  
беретін мектептің мұғалімі.  
Қостанай облысы,  
Арқалық қаласы.

## КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ

**Сабақ мақсаты:** ертегілер жөнінде қысқаша жалпы түсінік беру, «Керқұла атты Кендебай» ертегінің қандай түріне жататынына тоқталу, ертегінің мағыналық маңызын білгізіп, идеясын жан-жақты ашу. **Міндеттері: білімділік** – Кендебай халық қиялы туғызған бейне екенін дәлелдеп, ертегінің мазмұнын меңгерту; **дамытушылық** – ертегідегі халық арманының іске асуын бүгінгі өмірмен сараптама жасау арқылы үйрету; **тәрбиелік** – ерлікті дәріптеу, Кендебайдың бойындағы асыл қасиеттерді үлгі етіп, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Әдісі:** түсіну, колдану, ой қозғау, ізденіспен жұмыс істеу. **Түрі:** іскерлік дағдыны жетілдіру сабағы. **Көрнекілігі:** Венн диаграммасы, суреттер, таблица.

### Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру;
2. Өткен сабақты қайталау.




**Ойшақыру.** Асыл сөз әлемі ауыз әдебиетінен басталады.

**Ауыз әдебиеті дегеніміз не?** (Ауыз әдебиеті – алтын қазына.

Ендеше, сол алтын қазына қандай інжу-маржандардан тұрады екен?)

**Кластер әдісі.**



**Жаңа сабақ.**

**Топпен жұмыс:**

а) Оқушыларды төрт топқа бөліп отырғызу және соған сәйкес ертегіні де 4-ке бөліп оқыту;

ә) Ертегі құрылысына қарай жоспар құру.

**Блум таксономиясы:**

I. Кіріспе.

II. Байланыс.

III. Шиеленіс.

IV. Шарықтау шегі.

V. Шешуі.

**4 топ бір-біріне сұрақ қояды:**

1. Кендебайдың бойында қандай үлгі боларлықтай қасиеттер бар?

2. Кендебай мен Керкұла ат қалай өсіп жетілді?

3. Кендебайдың орынында болсаң, қойшы балаға қандай көмек жасар едің?


4. Ханның ұлдары алтын құйрықты құлыннан неге айырылып қалды?

**Венн диаграммасы.**

**1-топқа.**

**Ер Төстік**

**Кендебай**



**2-топқа.** Кестені толтыру.

Ертегіні бөлімдерге бөліп ат қою.	Сюжет	Не суреттеледі?	Немен аяқталады?	Қазіргі заманмен байланысы.
-----------------------------------	-------	-----------------	------------------	-----------------------------

1. Кендебайдың жастық шағы. 2. Жетім баланың зары. 3. Алтын құйрықты құлын. 4. Алыптармен алысқан батыр. 5. Батыр – елдің қорғаны.	Елін, жерін қорғау, әлсіздерге көмектесу. Кендебайдың ісін бізге үлгі етеді, хан балаларын күлкі етеді.	1. Кендебайдың ерлік істері. 2. Дәу мен арыстанды жеңуі. 3. Кендебайдың адалдығы, мейірімділігі. 4. Хан балаларының ақымақтығы.	Жақсылықпен.	Электр шамы.
--	---	--	--------------	--------------

### III топ.

#### Шалқұйрық

#### Керқұла



### IV. Түсініктеме күнделігі.

Ертегідегі мақал-мәтелдерді теріп жазу.

1. Ардақтаған аңызды алса,  
Төгілмей ме ырысың?!  
Асқар таудай әкенді алса,  
Көрген күнің құрысын!
2. Өзімдікі дегенді білмейді,  
Жатсынуды сүймейді.

**Үйге тапсырма.** Ертегінің мазмұны. Кендебайға мінездеме.

### Ғасыр ақыны

Шамшагүл ҚАЙЫҢБАЕВА,  
№121 орта мектеп мұғалімі.  
Қызылорда облысы,  
Қармақшы ауданы.

## ТАБИҒАТ ТЫНЫСЫ – ДАЛА

**Сабақтың мақсаты:** табиғатқа тартып туған Мұқағали! Бұл екеуін бір-біріне бөліп қарауға болмайды. Екеуінің де тұрған бойы – тұнып тұрған поэзия! Қай нүктесін басып қалсаңыз болды – жырлай жөнеледі. Табиғат та, Мұқағали да Даладай дарқан әрі кең, әрі жомарт, әрі мәрт. Соған көз жеткізу керек. **Міндеттері:** білімділік – Мұқағалидың табиғатқа байланысты өлеңдерінің тақырыбы мен идеясын, көркемдік ерекшеліктерін меңгерту, өлеңді түсініп оқи білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, өз ойын айтуға, көркемдеп еркін сөйлеуге, шығармашылыққа баулу; тәрбиелік – оқушыларды табиғат тіршілігінің әлемін ішкі жан дүниесімен сезе білуге, әсемдікке, туған жер табиғатына деген сүйіспеншілік сезімге, оларды қорғауға тәрбиелеу.

**Типі:** жаңа сабақты меңгерту. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, топтастыру, мәнерлеп оқу, талдау, топтық жұмыс, сөзжұмбақ. **Көрнекілігі:** Мұқағали портреті, өлеңдер жинағы, слайд.

#### Сабақ барысы:

- I. Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа даярлығы.
- II. Үй тапсырмасы: «Мұқағали Мақатаев жайлы не білесің?»

1. Ақын қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
2. Бастауыш сыныпты қай жерде оқыды?
3. Ақын неше жасынан бастап өлең шығарды?
4. 1954-1962 жылдары ақын қандай жұмыс атқарды?

5. Ақынның әжесі, анасы, әкесі, жарының есімдерін ата.

6. Мемлекеттік сыйлықты ақын қай жинағы үшін қай жылы алды?

7. Ақын поэмаларын атаңдар.

8. Қандай әндерін білесіңдер ?

9. Ақынның өлеңдер жинақтарын атаңдар.

10. Табиғатқа арналған қандай өлеңдерін білесіңдер?

11. Бір өлеңін жатқа айт.

Иә, Мұқағали Мақатаев – қазақ жерінде оқырманы көп қазақ жырының құдіретті ақыны, қазақ халқының рухани өмірінің қазығы.

Ақиық ақын кез келген тақырыпқа қалам мойынын бұрды. Сол себепті ақын лирикасының тақырыбы да сан алуан.

Табиғатты суреттеуде ұлы Абайдан үлгі алған сыршыл ақынның табиғат лирикасы мен адамның жан дүниесі бірге өріліп, астасып жатады.

Пай, пай! Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өткен жер,

Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,

Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,

Сарылып сал-сері кеткен жер,

Бас иіп, иіскеп топырағын,

Тағзым жасамай, өтпеңдер!

## Табиғат лирикалары

Образдар	Аспан	Түн
	Атамекен	Ай-жұлдыз
Туған жер		Күн шуағы
	Тау-тас	Нөсер-жаңбыр
		Өзен-көл

## Дала

Ақынның басты тақырыбы – дала, қаһарманы – туған жер, кейіпкері – сол ғаламат көріністердің образы. Демек, ақынның лирикалық сарындарының қалыптасуына, өркендеуіне негіз болған – олардың тыныс-тіршілігі. Туған жер табиғаты. Дала көріністерінің тылсымдары.

Дала толған көл-көсір жыр,

Дала – қобыз, тұтпайды пернесін кір.

Тірі Абайды әлдиле дархан далам,

Өлең селі өңірді тербесін бір. Дана Абайды дархан даласымен бірге тебірендіру – хас ақынның қолынан ғана келетін өнер, дарын.

Дала, дала,

Сол дала селеулеген,

Жырмен ұйықтап, оянған өлеңменен.

Дала деген күй сандық бір қазаққа,

Абай десе құлағы елендеген.

Дала жатыр, өн бойы тұнған өлең,

Абай, міне, жаһанда тұрған емен.

Ата сөзі тербеткен бесігімді,

Ата сөзін өмірде тыңдап өлем!

Кемеңгер, дара ақынды даламен беттестіріп, оған өзі табынады. Дала жауһарлары арқылы Абай сөзін тыңдайды, сол арқылы бойына күш-жігер, қайрат жинайды.

Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң  
Анау жерде құрбылармен алысқам,  
Анау жерде құрбыжанмен танысқам.  
Таулар, әне, ұйықтап кеткен данышпан,  
Жолдар анау шұбатылып шаңы ұшқан.

Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң... Туған жердің сұлу көрінісін жанды суреттермен бейнелеп, төбесінде мәңгі қар жатқан алып та асқар шыңдары бар Алатауды ұйықтап кеткен данышпан қарияға теңейді.

Арқалы ақын

«Мына күн де, мына аспан, дала анау,

Бәрі бізден, бәрі бізден қалады-ау...

...Қан төкпей-ақ, тер төгіп достасуды,

Ұлы далам, тағы да анықтадың» деп өзінің дархан даласын аңсап, ғұмыры аз қалғанын сезіп баққандай-ақ.

«Мына дала, мына өлке жап-жас әлі,

Адамдардың жоғалды сан жасағы.

Бір ұрпаққа бір ұрпақ жалғасады,

Мына дала, мына өлке жап-жас әлі» деп өз өмірінің өтерін сезсе де, даласының сол қалпында жап-жасыл болып қалатынына кәміл сенеді.

### III. Топтық жұмыс.

«Табиғат» өлеңін мәнерлеп оқу, көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасау.

*Табиғат,*

*Жанымды алсаң,*

*Алшы менің.*

*Бір түйір жерге түскен тамшың едім.*

*Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,*

*Артымда қалсын жерім,*

*Қалсын елім!*

*Мен де бір жүріп өткен сағымдаймын,*

*Қалдыр деп*

*Саған, сірә, жалынбаймын.*

*Мәңгілік мекеніме жету үшін*

*Күніне қаниама рет адымдаймын.*

*Кім білсін,*

*Қаниама әлі шырқарымды,*

*Кім білсін,*

*Қай күні сен қырқарыңды?!*

*Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,*

*Жоғалтпасам болғаны ұрпағымды!*

1-топ: «Табиғат тылсымдары» (сурет салу).

2-топ: «Табиғат – жан сырым» (эссе жазу немесе өлең шығару).

IV. Оқушылардың білімдерін бекіту. Сөзжұмбақты шешу.

Қорытынды.

«Дала, рахмет саған,

Асырдың-ау даңқымды,

Қуанттың-ау халқымды.

Дала, рахмет саған,

Ырыс қосып жатырсың, ырысыма...

Білесің бе, дала, біз сені,

Жүрегімізбен жылыттық...» деп шынайы пәк сезімін ұлы далаға осылай жылы жүрегімен табыстап кетеді.

Адам, табиғат, махаббатты жырлаған сыршыл ақынның сырлары бүгінгі күнде жалғасын табуда.

Мақпал НҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Құлан» орта мектебінің  
мұғалімі.  
Жамбыл облысы,  
Т.Рысқұлов ауданы.

## «САҒЫНАМЫЗ АҒАНЫ СЫЗДАП ЖҮРЕК...»

**Мақсаты:** Мұқағали Мақатаевтың ақындық өнерін оқушыларға насихаттау, поэзия әлеміне, сөз өнеріне сүйіспеншіліктерін арттыру.

**Көрнекіліктері:** ақын портреті бейнеленген бүктемелер және кітап-журналдармен көркемделген көрме.

### **1-жүргізуші:**

- Армысыздар! Құрметті ұстаздар, оқушылар, қонақтар! Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай түсуде. Абай үндес Мұқағалидай перзенті бар халық –шынымен бақытты халық.

### **2-жүргізуші:**

- Иә, Мұқағали – ғажап, ақиық, сыршыл, гуманист ақын. Ол – бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын жұмбақ ақын. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды.

### **«Арыз жазып кетейін»**

Бүгін менің туған күнім,

Ой, бәлі-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!

Банкет жасап берер едім өзім-ақ,

Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай.

### **Көрініс «Менің анкетам».**

**1-жүргізуші:** - Қымбатты ұстаздар, оқушылар, қонақтар! Ақиық ақынның туғанына 82 жыл толуына арналған «Сағынамыз ағаны сыздап жүрек...» атты әдеби-сазды кешімізді бастаймыз.

**2-жүргізуші:** - «Мұғалім бізге бақыт туралы шығарма жаздырды. Бақыт деген не екенін мен қайдан білейін...» (Мұқағали шығармасынан үзінді оқылады).

### **«Бақыт деген не?»**

**1-жүргізуші:** - «Сүйікті балаларым менің! Ақылсыз болмаңдар! Өмір тола қауіп, абай болыңдар! Өмірдің әрбір құбылысына байыппен, ақылмен қараңдар! Жөні жоқ мейірбан, жұмсақ болмаңдар. Өмір барда жауыздық та бар. Мейірбандықпен, жұмсақтықпен жауыздықты жеңуге болмайды... бір сөзбен айтқанда, сүйе де, жек көре де біліңдер, бірақ әрқашанда адам қалыптарыңда қалыңдар! Әрдайым сақ болып, әрдайым өздеріңді қорғай біліңдер! Балаларым менің! Егер сендер түсінсеңдер ғой мені... »

**Өлеңдері:** «Шеше, сен бақыттысың», «Тағы да Майгүлге».

**2-жүргізуші:** - Бірде ағалы-інілі сыйлас ақындар М.Мақатаев пен Мұқатай Жылқайдарұлы Нарынқол ауданындағы «Сарыжаз» ауылының ортасында ептеп қызыңқырап, көңілдері тасып, шалқып келе жатады. Мұқағали өркеш-өркеш ақбас таулардан иығы асып, бұлтпен астасып тұрған Хан Тәңіріне қарай қолын сермеп:

- Мен мына асқақтаған тау ұлымын,- дейді.

### **1-жүргізуші:**

- Мұқатай: - Сол таудың тамшысы – жыр жауынымын, -дейді.

**Мұқағали:** - Тауға тартып биікті сүйіп өскем,- дегенде, Мұқатай ағасынан биіктегісі келмей, әдеп сақтап, әрі ұлы ақынның талантын мойындап: - Биіктікке басымды иіп өскем,- дейді. Соңғы жол ұнамай қалған. Мұқағали қайым өлеңді кілт үзіп: - Сен неге биіктікке басынды иесін?-дейді.-Мұқа, менің Сартауым сенің Хан Тәңіріңнің қасында шал отыратын төбешік қана ғой,- деп Мұқатай ақталған болады. Сонда Мұқағали: - Мұқатай, әркімнің өз тауы өзіне биік, төменшіктеме,- деген екен.

**2-жүргізуші:** - Бір күні Мұқағали маған ойлы көзімен қадалып тұрып: - Аға, мен үйге кетем. Енді босатыңыз. Осы дүниелер елімнің кәдесіне жараса, онда бақыттымын. Бауырымның дерті қозғалып қалыпты,- деді. Ауыр күрсінді. Сонда мен оны бұл жалған дүниенің жарығына соңғы рет көріп тұрғанымды білсемші?!

**1-жүргізуші:** - Бірде ақын М.Мақатаевты Жазушылар Одағына шақырып алып, секретариатта тәртібін талқылап, жан-жақтан жабыла жамандап, Жазушылар Одағының мүшелігінен шығарып жібереді. Қатты ренжулі Мұқағали жоғарғы қабаттан төмен түсіп келе жатса, алдынан Бауыржан Момышұлы кездесіп қалады. Сонда Мұқағ: -Аға-ай, Москваны немістерден қорғағанда, жалғыз інінді жазушылардан қорғауға жарамдыңыздар-ау!— деген екен.

**2-жүргізуші:**

- Жастық менің жаныма жыр байлады,  
Жастық мені жалтартпай шыңға айдады.  
Жастық мені шыңдады, шынықтырды,  
Жастық шіркін өмірді шын ұқтырды.

**1-жүргізуші:** - Мұқағали дүниеден өткен соң қатты күйзелдім. Жүрегім әлсіреп екі айға жуық емханада жаттым. Арада екі ай өткен соң жұмысқа киетін

бешпеттің қалтасынан хат шықты. Мұқағалидың жазуы: «Аға, мен ғой. Дертім қозып барады. Не боларын білмеймін. Мынаған назар аударып көрерсіз» депті. Емханада қатты ауырып жатқанда маған жіберген сол өлеңі «Есіңе мені алғайсың» екен. Жаным күйзеліп отырып, ақын інім көз жұмғаннан кейінгі екінші айдың ауыр бір күнінде әлгі өлеңге ән жаздым.

**Ән: «Есіңе мені алғайсың».**

**2-жүргізуші:** - «Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем.»

**Ән: «Күрең күз».**

**1-жүргізуші:**

- «Қарасаз, қара шалғын өңірде өстім,  
Жыр жазсам, оған жұртым елендестің.  
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,  
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім», -  
деп жырлаған ақын үні асқақ естіледі.

Иә, өлең өлмейді. Ендеше, оны жазған ақын да өлмейді. Олай болса, Мұқағали Мақатаев та көз жұмған жоқ.

**2-жүргізуші:**

- «Мына күн де, мына аспан да, дала анау,  
Бәрі бізден, бәрі бізден қалады-ау  
Өмір дейтін тағатсыз бір қозғалыс,  
Өмір дейтін – өлемін деп қарамау», - деген ақын шумағында терең тарих жатыр.

Қазақ халқының бір ғана Абайындай – Мұқағалиы да жалғыз. Сол шындықты шын жүректен түсінсек қана тарлан талант, жыр жампозы Мұқағали Мақатаевты ұлттық мақтанышымыз екенін мойындаймыз.

Сәулет ШОРМАҚОВА,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
Элмира ШАХАНОВА,  
аға оқытушы.  
Тараз қаласы.

## ЖҰМБАҚТАР ПОЭТИКАСЫ

Қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын жанрдың бірі – жұмбақтар. Жұмбақ – адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр.

Жұмбақ жанры дүние жүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде бар. Бұл жанрға Аристотель «Жұмбақ – жақсы жымдасқан метафора» [Поэтика. М., 1957, 14-б.] деп анықтама берген. Тұңғыш рет қазақ жұмбақтарын жинап бастырушылардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол табиғат пен жануарлар дүниесін ашып, танып білу үшін жинақтайды.

Мысалы:

Ат басты,

Арқар мүйізді,

Бөрі кеуделі,

Бөкен санды,

Құс қанатты,

Құмырсқа ізді,

Бота тірсекті (Шегіртке) [Бабалар сөзі (көп

томдық). VI том. Астана, «Фолиант», 2002. Бұдан кейін келтірілген беті көрсетілген жұмбақтар да осы кітаптан алынды].

Ассонанс бірыңғай дауысты дыбыстарды қайталау болса, аллитерация – бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталау. Бұл жұмбақта ассонанс, аллитерация кезектесіп келген. Интонация арқылы тыңдаушысының ықыласын баурап ойландырады. Жұмбақ айтушы жұмбақты әсерлі, тыңдаушысының ойын тереңдетіп, ойландыру үшін тілдің поэтикалық құралдарын мейлінше тиімді, әсерлі, шебер пайдаланады.

Белгілі бір дауыссыз дыбыстың не дауыссыз дыбыстың не дауыссыз және дауысты дыбыстардың комбинацияланып сөз басында қайталануы поэтикада аллитерация деп аталатынын жоғарыда да сөз еттік, мұндай поэтикалық жүйеге құрылған жұмбақтарға мысал келтірейік.

*Жаралғанда*

*Жабысқан. (Ат).*

*Тептім,*

*Терекке шықтым. (Үзеңгі) [113-б.]*

*Жылт-жылт етеді,*

*Жылгадан өтеді. (Су).*

*Көкке шаншып құйрығын,*

*Келеді шауып жүйрігім. (Құлыншақ).*

*Қимылдаса қос шебер,*

*Қыруар-қыруар іс өнер. (Қол).*

*Ерте тұрдым,*

*Екі айыр жолға түстім. (Шалбар).*

*Мына жұмбақтарды Ыбырай өзі шығарған:*

*Жаны жоқ болса да,*

*Ақылды адамның ісін істейді.* (кітап).

Келесі жұмбақтарда Ыбырай адамның он екі мүшесін де танымдылық жағынан байланыстыра отырып жұмбаққа айналдырады. Үй, жиһаз, тірлік құралдарын да солайша алады.

*Құлдыр-құлдыр жарығым,*

*Қартайғанша тозбайды.* (құлақ).

*Жетпіс кемпір жер тістеп тұр.* (киіз үйдің кергелері).

Өмір-өмір өмірден,

Жаққан оты көмірден.

Зымыран деген бір құс бар,

*Жұмыртқасы темірден.* (мылтық).

*Ізі бар, адымы жоқ аяғының,*

*Тимейді ұшы жерге таяғының,*

*Хайуанға екі аяғын арта салып,*

*Келеді сөзін сөйлеп баяғының.* (ат арба) [33-б.].

Жұмбақтардың ұйытқысы ұйқас десек, мұндағы ұйқастар шебердің қолынан шыққандай. Байқағанымыздай, бір-біріне үйлесімді құбылыстарды, мән-мағынасы жақын ұғымдарды өзара үйлестіру арқылы бір құбылыстың, ұғымның кескін-кейіпін елестете, тыңдаушысы санасында жаңа образды сомдайды. Осылардың жиынтығынан мазмұнға бай, сезімге эмоциялық әсері күшті дүние туып тұр. Бұл көркемдеу қызметін ғана атқарып тұрған жоқ, сонымен қатар орынымен айтылып, көздеген нысанасына дөп тиіп тұр, яғни, ой көркем де тапқыр айтылған. Тапқырлық, яғни, тауып айту – шеберлік. Жұмбақ тапқырлықты, білімділікті керек

етеді, ол айналадағы өмірді танып білуге үйретеді. Келесі мысалда:

«Қатар-қатар тас қойдым,

Жирен атты бос қойдым» (тіс пен тіл) деп эпифоралық фигура арқылы жұмбақталып тұр. Себебі бұл жерде қатар жатқан соңғы сөздің қайталануы болады. Негізі сөйлем соңындағы рифмалық қайталанудың кез келгені эпифора бола алады. Жұмбақтың жолын немесе ой ағымының соңындағы бір сөз бірнеше рет қайталануы. Ой ағымының соңындағы ұқсас қайталау сөз сенімділігін арттыруда сөзді әсерлетіп, алдыңғы сөйлемде айтылған ойды нақтылауда қолданылады. Эпифора жұмбақтарда жиі қолданылатын фигураға жатады. Нақты дәлелдер:

*Сусыз піскен ас көрдім,*

*Домаланған бас көрдім.* (Қауын).

*Аласа ғана бойы бар,*

*Тоғыз қабат тоны бар.* (Сарымсақ).

*Ақ отаудың есігі де жоқ,*

*Тесігі де жоқ.* (Жұмыртқа).

*Қара сиырым қарап тұр,*

*Қызыл сиыры жалап тұр.* (Қазан, от) [117-б.].

Келесі айтылатын жұмбақтар төрт түлік малға байланысты, төрт түлік атынан айтылады. Жұмбақтың әр жолы бітем деген етістікпен аяқталады.

*Қалың қорық нуга бітем,*

*Қоры үзілген қуға бітем.* (Сиыр).

*Күнгейлі қара тасқа бітем,*

*Шаруа қуған басқа бітем.* (Қой).

Бетегелі белге бітем,

*Найза ұстаған ерге бітем.* (Жылқы).



*Жалмаң құлақты сорға бітем,  
Ел ішіндегі зорға бітем. (Түйе). [47-б.]*

Келесі жұмбақтарда да бір сөздің сөз соңында қайталануы байқалады.

*Айдалада ақ отау,  
Ауызы-мұрыны жоқ отау. (Жұмыртқа).*

*Ақ түсті,  
Көк түсті,  
От түсті,*

*Тот түсті,  
Төрт түсті жер үсті. (қыс, көктем, жаз, күз).*

*Жүз мүйізі бар,  
Үстінде киізі бар. (Киіз үй). [225-б.]*

Эпифораға қарсы фигура анафора деп аталады. Анафора (бірыңғай басталу) – бірнеше сөйлемнің бірдей сөзбен немесе тіркеспен басталуын білдіретін фигура. Анафора (грек. биікке көтеру, төмен әкелу) – әдепкі қайталау қатар жатқан немесе сөйлемдердің бастапқы бөлімінің қайталануы. Мұнда өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады. Анафораның бір ғана ерекшелігі бар: көршілес сөйлемнің басында орналасу. Ол осы ерекшелігімен ғана қайталанудың басқа түрінен ерекшеленеді.

Анафора әрбір келесі сөйлемнің басын қайталау арқылы сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты айқындай түседі. Бір жағынан қарасаң, ең қарапайым фигура, кең тараған; екінші жағынан, тек бастапқы сөзді қайталап жұмыс істеу өте қиын. Негізінде,

анафораға берілген қызмет – тек сөйлем басындағы қайталану. Бұл қайталаулар жұмбақтарға тән. Қазақ жұмбақтарында да жиі кездеседі.

*Судан алады,  
Суға салса өледі. (Тұз) [23-б.]*

Су сөзі жұмбақтың әр жұмбақтың әр тармағының басында қайталанатын.

Сонымен қатар бір сөзді әр түрлі грамматикалық формаларда қолдану немесе бір түбірден тараған сөздерді қолдану тәсілін де байқауға болады. Мұндай фигураны полиптотон деп атайды. Полиптотон – бір сөйлемнің аумағында бір сөзді әр түрлі септіктерде қайталаулармен түрлі грамматикалық формаларда қолдану. «Судан», «Суға» деп түрлі септіктерде қолдану арқылы жұмбақтың тыңдаушыға әсерін күшейтеді.

Айтылған жайларға қоса қазақ жұмбақтарынан айшықтаудың екі түрінің тоғыса келіп үшінші бір тәсілге айналу үдерісін байқауға болады. Мәселен, эпаналепсисті (қоршау, шеңбер, айнала) алайық. Бұл – кейінгі сөйлемнің басы алдындағы сөйлемнің соңындағы сөздермен басталуын білдіретін тілдік фигура, сөйлемнің аяғында осы сөйлемдегі немесе алдындағы сөйлемдегі бастапқы сөздерді қайталау, сегменттің бастапқы және ақырғы элементтерінің тепе-теңдігі. Эпаналепсис – қазақ жұмбақтарына өте-мөте тән фигура. Мысалы:

*Борп-борп борпылдақ,  
Борпылдақта қызық тақ.  
Қызыл тақта үш тармақ,*

*Үш тармақта шұқыршақ,  
Шұқыршақта бал қаймақ,  
Балқаймақта сұр жайдақ,  
Сұр жайдақта сері бойдақ.* (күл, от, үш аяқты  
темір ошақ (мосы), қазан, ішіндегі тамақ, қақпақ,  
ожау).

*Пырылдайды көкте инелік,  
Инелік емес үй делік.* (Тікұшақ) [71-б.].  
Жұмбақ жанры қазақ шешендерінің  
шығармашылығында өте жақсы дамыған.

Әлтеке Жидебай батыр әрі шешен болған екен.  
Жидебай көп жасап, көпті көріпті. 95 жасқа дейін  
өмір сүріп, нәсілі өсіп, немерелі-шөберелі болыпты.  
Бертін қартайған кезінде жастық шағының жолдасы  
Қараменде би есіне түсіп, өткен жастық уағындағы  
істерін, қартайып қажығандағы өзгерістерін айтып,  
пікір алыспақшы болуды ойлайды. Сөз мәнісін  
білетін бір жас жігітті шақыртып:

- Шырағым, Тобықтыда Қараменде деген досым  
бар еді. Көрмегелі көп жылдар болды, сағындым.  
Өзім іздеп баруға шамам жоқ, о да қартайды, іздеп  
келе алмайды. Соған айтатын бір сәлемдемем бар еді,  
соны жеткізіп келші,- дейді.

Ол кезде көпшілік хат танымайды. Жидебайдың  
айтқан сөзін жігіт жаттап алады:

Бес ауыз бір сөзім:

Төрт нәрседен үміт бар.

Бір нәрседен үміт жоқ,

Осыны айт дейді.

Жігіт Қарамендеге батырдың сәлемін айтыпты.  
Қараменде шарт жүгініп отырып, көп толғанып  
ойланады. Біраздан кейін:

«Төрт нәрседе үміт бар дегені: адам баласы төрт  
үмітпен жүріп өтеді екен-ау.

Жас өсемін деп үмітті,

Жалғыз көбейем деп үмітті,

Жарлы байимын деп үмітті.

Ауру жазылам деп үмітті.

Бір нәрседе үміт жоқ дегені: шіркін, көктемі мен  
жазы өтіп жапырағы қуарған ағаштай, ұрты солып,  
жағы суалған кәріліктен ғана үміт жоқ екен».

Мұнда ол бейнелегіш-суреттегіш сөздерді өте  
шеберлікпен, әдемі, сенімді қолданған. Ауыспалы  
айшықты сөз қолданыстар, тапқыр теңеулер мен  
астарлы баламалар шешендік жұмбақтың өзіндік  
стилін айқындап тұр. Бұған қоса жұмбақтың  
ерекшелігі: шешен мен шешеннің арасындағы ауызша  
хат алысу түрінде келуі екендігін баса айтуымыз  
керек. жауаптағы *үмітті* сөзінің қайталануы –  
эпифоралық құбылыс.

Жұмбақтың тілдік өрнектерінде халықтың  
тарихи-қоғамдық өміріндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі  
өзгешеліктерді танытатын, солардан туындаған  
нақыш-өрнектер, ауыстырулар өте мол. Көбінесе,  
көзбен көріп, қолмен ұсталған, тұтылған заттар  
тұспалдауға, жасыруға желі болады.

Қарлығаш ӘЛІМХАТҚЫЗЫ,  
 №2 «Кеген» орта  
 мектебінің мұғалімі.  
 Алматы облысы,  
 Райымбек ауданы.

## “ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАНЫҢ АЙЫРМАСЫ”

(6-сынып)

**Сабақ мақсаты:** оқушылардың өмір туралы дүниетанымын кеңейтіп, жақсы мен жаман жайындағы ұғымын ұлғайтып, тап қайшылығының мақсат-мұратын жан-жақты түсінуіне ықпал етіп, дүниеге көзқарасын қалыптастыру. **Міндеттері: білімділік** – ақынның өмірі мен шығармашылығын таныстыру, өлеңнің мазмұны мен идеясын ашу, поэтикалық тіліне талдау жасау; **дамытушылық** – әр оқушының ой-пікірін еркін жеткізуге ерік беру, сөйлеу мәдениетін, ойлау шеберлігін, оқушылардың қоғамға деген өзіндік көзқарасын дамыту; **тәрбиелік** – өз елінің тарихи тұлғаларын мақтаныш етуге, жақсы мен жаманды айыра білуге, елін сүйуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа материалды меңгеру. **Көрнекілік:** ақын портреті, бүктемелер әдісі: сұрақ-жауап, баяндау, талдау, топтық жұмыс.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру.** Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру, оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

**II. Үй тапсырмасын сұрау.** Сүйінбай туралы не білеміз? Білгендерін инсерт стратегиясына салып айту.

Не білемін?	Нені білдім?	Не білім келеді?
1815 жылы қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданындағы «Қарақыстақ» деген жерде дүниеге келген. Сол замандағы Жетісу ақындарының біразы оның айналасына топтасқан. Ақынның арғы атасы Күсеп те ақын әрі шешен болған.	Сүйінбай – қазақ әдебиетінде әлеуметтік өмірді халық мүддесі тұрғысынан жырлап, жырын езгіге қарсы құрал еткен бұқарашыл әдебиеттің көрнекті өкілі. Сүйінбайдың “Бөрілі – менің байрағым” атты өлеңіне Сүйінбай мұражайының директоры (Құрамысов), ақын насихатшысы ән шығарған. Сонымен қатар 1937ж. Жамбыл Қырғыз Ғылым Академиясы қызметінің өтініші бйынша Сүйінбай мен Қатаған айтысының толық мәтінін жаздырған.	Сүйінбайды Жамбылдан басқа қандай жыр алыптары өз өнерлеріне арқау етіп, пір тұтқаны жайлы білім келеді.

**III. Жаңа сабақ.** Батыр елден шығады

Ұрандап жауын сығатын.

Ақын елден шығады

Айтыста жалын жығатын.

Болашақ даңқты жырау жасында жоқшылық тауқыметін тартқан, жастай жетім қалып, байдың малын бағып, тамағын асыраған. Ақын Қожахмет Тұрлыбайұлы

«Сүйінбай он жасында қалды жетім,

Жылаумен секпіл басқан екі бетін.

Жетімді жетілдіріп, жүйрік еткен,

Алланың көрмеймісің күдіретін» деп жетім баланың ақындық өнердің шыңына шыққандығына таңданады.

**Сөздікпен жұмыс.** *Әмме жұрт* – барша, барлық. *Парқы* – бір нәрсенің қадір-қасиеті. *Көкірегі көр, көзі соқыр* – білімсіз, санасыз. *Ірімкі салу* – алауыздық тудыру, шырқын бұзу.

**“Жақсы мен жаманның айырмасы” өлеңін мәнерлеп оқу.**

**Өлең құрылысына талдау.** 1. Өлеңде қанша шумақ бар(10 шумақ). 2. Әр шумақта неше тармақ бар? (4 тармақ). 3. Шумақтағы әр тармақта неше бунақ бар? (3 бунақ). 4. Әр тармақта неше буын бар? (11 буын).

**Өлеңнің поэтикалық тіліне талдау.**

**IV. Дәптермен жұмыс.**

**Бірінші топ.** Өлеңмен антоним сөздерді табады, дәптерлеріне жазады.

**Екінші топ.** Теңеу, эпитет сөздерді табу.

**Үшінші топ.** Өлең жолдарынан мақалдарды табады.

**V. Оқулықпен жұмыс.**

“Жақсы мен жаманның айырмасы” өлеңін мәнерлеп оқыту.

1. Ақын қандай жақсы қасиеттер туралы айтады?

2. ”Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр” деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?

3. Осы өлеңде нақылға айналып кеткен қандай өлең жолдары бар?

**VI. Топтық жұмыс.**

**Бірінші топ.** Жақсы адам туралы мақал-мәтел айту.

**Екінші топ.** Жаман адамға қатысты мақал-мәтел.

**Үшінші топ** (шығармашылық топ). “Жақсы деген немене, жаман деген немене” жөнінде ойтолғау жазу.

**VII. Сабақты қорыту.**

Толғау мазмұны бойынша кестені толтыру.

Жақсы кісі	Мәтін бойынша	Жаман кісі	Мәтін бойынша

Жақсы кісі	Өз ойым	Жаман кісі	Өз ойым

**Қортындылау.** «Сүйінбай – айтыс өнерінің алтын дінгегі» деп Мұхтар Әуезов әдемі баға берген. Жетісудың кіндік қаласы – Талдықорғанда жыр сүлейіне арнап тас мүсін орнатты. Мүсіннің биіктігі – 4.20 метр.

**VIII. Үй тапсырмасы.** ”Жақсы мен жаманның айырмасы” өлеңін мәнерлеп оқу, ақын Сүйінбай Аронұлының мәтінін талдау.

**IX. Бағалау.** Әр топ жетекшісіне берілген бағалау парағы бойынша бағаланады.

Реті	Оқушының аты-жөні	Өз-өзіне баға беру	Топ басшысының бағасы	Мұғалім бағасы	Қорытынды баға



**Арай НҰРТАЗИНА,**  
**Х.Нұрымғалиев атындағы**  
**негізгі білім беретін**  
**мектептің мұғалімі.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Жаңақала ауданы,  
 «Жуальной» ауылы.

## САН ЕСІМДЕР СИҚЫРЫ

(6-сынып)

**Сабақ мақсаты:** сан есім тарихынан хабардар болу, оның анықтамасы мен түрлерін жатқа білу, ерекшеліктерінің мән-мағынасын жете ұғыну.

**Міндеттері: білімділік** – сан есім бойынша алған білімін жинақтау, сан есімнің түрлерін ажырата білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың өзіндік ойлау белсенділігі мен қызығушылығын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды ұйымшылдыққа, бірлікке, тапқырлыққа тәрбиелеу;

**Түрі:** қайталау сабағы. **Әдіс-тәсілі:** қайталау, дамыта оқыту, сандық тест, сұрақ-жауап, талдау. **Пәнаралық байланыс:** математика, әдебиет. **Көрнекілігі:** сызбалар, сандық тест, кестелер, кеспе қағаздар, ұнтаспа, компьютер, слайд.

Сабақ жоспары:

**I. Ұйымдастыру бөлімі;**

**II. Үй тапсырмасын тексеру;**

**III. Қайталау сабағы;**

**IV. Жаттығумен жұмыс;**

**V. Бұрышты таныстыру;**

**VI. Кеспе қағазбен жұмыс;**

**VII. Үйге тапсырма;**

**VIII. Сабақты бекіту;**

**IX. Бағалау;**

**X. Қорытынды.**

**I. Ұйымдастыру бөлімі:**

- Оқушылармен амандасу, түгелдеу;
- Оқушылардың назарын сабаққа аудару;
- Оқу құралдарының дайындығын тексеру.

**II. Үй тапсырмасын тексеру:**

- Оқушылар, үйге қандай тапсырма берілді?  
182-жаттығуды тексеру.

Сан есімдерді қайталау (Сынып болып сан есімдерден мақал-мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаштар, буклет жасау, ребус, сканворд құрастырып, бұрыш жасақтау).

- Олай болса, үйге берілген тапсырманы бәйге түрінде өткізейік.

Сол жақтағы 40 – Қазақ тілінде қанша сөз табы бар? (9).

Сол жақтағы 50 – Мен 1999 жылы 28 мамырда дүниеге келдім. Сан есімнің түрлерін ажырат (күрделі, есептік сан есім).

Сол жақтағы – 10 - Ау, еу қосымшасы бар сан есімнің қандай түрін білесің? (Жинақтық сан есім).

Ортадағы – 10 – Қосарланып айтылған топтасу сан есімдеріне сызықша қойылады ма? (Иә).

Ортадағы – 40 – Күрделі сан есім дегеніміз не? (Екі немесе одан да көп түбірдің тіркесінен, сондай-ақ қосарлануынан жасалған сан есім).

Ортадағы – 20 – Бөлшектік сан есім нешеге бөлінеді? (жай бөлшек, ондық бөлшек).


Оң жақтағы – 20 – 1 қыркүйекте сабақ басталды. Сан есімнен кейін сызықшаның қойылмау себебін түсіндір. (Жыл, ай аттары араб цифрымен берілсе алдынан сызықша қойылмайды).

Оң жақтағы – 30- Сан есімнің сұрағын анықта? (Қанша? Неше? Нешінші? Нешеу?).

Оң жақтағы – 50- Марат ағайдың үйінде 100-ге жуық қой бар. Сан есімнің қай түрі. (Болжалдық).

III. Қайталау сабағы.

Мына үшбұрышта қанша үшбұрыш бар?



- 6 үшбұрыш.

- Сонда сан есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді? (Алты).

- Сан есім дегеніміз не? (заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, «қанша?, неше?, нешеу?, нешінші?» деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы).

#### **IV. Жаттығумен жұмыс.**

##### **а) Дәптермен жұмыс.**

##### **183-жаттығу.**

- Дара сан есімдерді бір бағанға, күрделі сан есімдерді екінші бағанға жазыңдар.

Дара сан есімдер: отыз, тоқсан, тоғыз, үш, алты, елу.

Күрделі сан есімдер: жетпіс жеті, алпыс тоғыз, жүз елу үш.

##### **185-жаттығу.**

- Құрамындағы сан есімдерді цифрмен жазыңдар. 1918, 1, 25, 6, 1928, 1932, 1934, 1940, 17.

##### **188-жаттығу.**

- Берілген сан есімдерді қатыстырып, сөз тіркесін құрап жазыңдар.

Жиырма тонна астық, үш жүз елу жылқы, он екі қалам, сегіз жүз елу үш теңге, отыз үш дәптер, тоқсан дара және күрделі дәптер, жетпіс үй, мың тиын.

##### **189-жаттығу.**

- Төмендегі сан есімді сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар.

Сан есімдердің мағыналық, құрамдық ерекшелігін айтыңдар.

Алтыншы сыныпқа мектептен алты жүз елу дәптер бөлінді (күрделі, есептік сан есім).

2) Х.Нұрымғалиев негізгі мектебінде бір мың екі жүз оқушы қабылданды (күрделі, есептік сан есім).

##### **ә) Кітаппен жұмыс.**

184-жаттығу.

191-жаттығу.

Қаз дауысты Қазыбек.

Үш-дара, есептік сан есім.

Біріншісі, екінші, үшінші-дара, реттік сан есім.

#### **V. Оқушылардың сан есім бойынша жинақталған бұрышын таныстыру.**

##### **VI. Үлестірме, кеспе қағаздар бойынша жұмыс.**

**№1.** «Алғабас» артелінің мүшелері мектепке жиналсын деп хабар айтылған. Артельге ұйымдасқан 63 үй, қоныстары 4 бөлек, бір ауыл мен екінші ауылдың арасы – 8-10 шақырым.

Кімнің шығармасынан алынған үзінді. Сан есімдерді тауып, құрамына, мағынасына қарай анықта.

(63-күрделі, есептік, 4-дара, есептік, 1-дара, есептік, Екінші-дара, реттік, 8-10 күрделі, топтау).

**№2.** 1845 жылы Қарқаралы ауданына қарасты Шыңғыс тауының етегінде дүниеге келген ақын. (Абай, күрделі, есептік).

**№3.** Батальонды орынбасарыма тапсырып, бетінен барсақ сезіп қояр деген оймен қасыма 10 жігіт ертіп, 1 пулемет, 1 миномет, 1 кішкене зеңбіректі шанаға тиеп, 12 километр орайлап айналма жолға салып, түнгі сағат 2 шамасында немістер жатқан қыстақтың дәл артына шықтық.

Кімнің шығармасынан алынған, болжалдық сан есімді тап. (Б.Момышұлы. «Жауынгердің тұлғасы», 2 шамасында).

**№4.** Баяғы өткен заманда,

Дін мұсылман аманда,

Жиделі Байсын жерінде,

Қоңырат деген елінде

Байбөрі деген бай болыпты.

Тоқсан мың екен қарасы  
 Мұрындық нокта тимеген.  
 Қай батыр жырынан алынған? Сан есімнің қай түріне жатады? («Алпамыс батыр», Есептік).

### VII. Үйге тапсырма: 186-жаттығу.

- Сөйлемдерден сан есімдерді тіркескен сөзімен бірге теріп алып, сөзбен жазыңдар.

Үлгі: қыркыншы-елуінші жылдар.

### 190-жаттығу.

- Мәтінді оқып, құрамындағы сан есімдерді табыңдар.

### VIII. Сабақты бекіту

Сан есімдерді «сандық тест» бойынша орындау.

Тест жауаптарын дәптерлеріне жазғызып, құпия кілтті анықтаймыз.

№	Қойылатын сұрақтар	Жауабы	
		1	0
1.	Сан есім мағынасына қарай 6-ға бөлінеді ме?	Иә	Жоқ
2	Бірінші, алтыншы жинақтық сан сім бола ала ма?	Иә	Жоқ
3	Жыл, ай аттарының алдынан келген сан есімдер араб цифрымен берілсе, одан кейін дефис қойылады ма?	Иә	Жоқ
4	Сан есім құрамына қарай 5-ке бөлінеді ме?	Иә	Жоқ
5	Екі, алты деген сандарға жинақтық сан есімнің ау, еу жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы қысаң ы, і дыбыстары түседі ме?	Иә	Жоқ
6	Қазір алтыншы сыныпта оқисың ба?	Иә	Жоқ
7	Бай аудандардың миллионнан астам малы бар, болжалдық сан есім бола ала ма?	Иә	Жоқ

**IX. Бағалау.** Бағалау үлгісі ілінеді. Сандық тест бойынша оқушылар өздерін бағалайды.

### X. Қорытынды.

Қадила СӘДУАҚАСОВА,  
 Ысқақ Кабеков атындағы  
 орта мектептің мұғалімі.  
 Шығыс Қазақстан облысы,  
 Тарбағатай ауданы,  
 «Екпін» ауылы.

## ҰЛАҒАТТЫ «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды М.Мақатаевтың шығармашылығымен таныстыра отырып, ақын күйін, өлеңнің идеясын, мақсатын түсіндіру. **Міндеттері:** **білімділік** – М.Мақатаевтың өлеңдерін сүйіп оқуға, өлең-жырларының мазмұнын ашып, оларды жан-жақты ұғынуына, ойшыл парасаттылығын әңгімелеу арқылы табиғатты сүюге, мейірімділікке, имандылыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушының сөйлеу тілін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге, өз бетімен іздене білуге, мәнерлеп оқуға үйрету; **тәрбиелік** – оқушыларды табиғатты аялауға, поэзияны сүюге, адамгершілікке, махаббатты тануға, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу, жергілікті ақындардың шығармаларымен таныстыру.

**Түрі:** дәстүрлі емес. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топтастыру, мәнерлеп оқу, теориялық талдау жасау. **Көрнекілік:** М.Мақатаев өміріне байланысты слайд, интерактивті тақта, кітаптар, буклет.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: а) Оқушылармен сәлемдесу, сынып оқушыларын түгелдеу; ә) Сабақтың мақсатымен таныстыру, оқушыларды топқа бөлу, топ жетекшілерін сайлау

Мұқағали Мақатаев өмірімен қысқаша таныстыра отырып, оның өлеңдерін жатқа білетін оқушыларға жатқа айтқыза отырып, өзіміздің жырқұмар қауымға кеңінен танылған талантты, ақиық ақындарымыздың бірі, жерлесіміз, осы мектебіміздің түлегі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Әбубәкір Қайран туралы айтып өттім. Оқушылар Ә.Қайранның «Армысың менің ақ төрім» өлеңін жатқа оқыды.

Сабақты бастамас бұрын Н.Тілендиевтің «Аққу» күйін тыңдаттым.

Поэманы үйден оқып танысып келгендіктен, поэманың әр шумағын оқыта отырып, талдау жасаттым.

Ақынның поэмасындағы негізгі арқау болған тақырып не?



сұлулық махаббат зұлымдық

1. Сұлулықты неден көреміз? (оқушылар өз ойларын айтады). 2. Сұлулыққа қарама-қарсы табиғатта құбылыс бар ма? 3. Зұлымдық деген не? (оқушылар өз ойларын айтады).

I топ – «Аққу», II топ – «Табиғат», III топ – «Ана».

(Әр топқа жеке-жеке сұрақ беріледі).

I топқа: 1) Поэмада қай таудың аты айтылған? 2) Аққудың әсемдігін айқындарлық сөздерді табыңдар? 3) Аққудың әдемі жарасты әрекеттерін табыңдар? 4) Аққу үнінің ерекшелігін бейнелейтін сөздерді табыңдар? 5) Оқ тиген аққудың мүшкіл халін өрнектеген детальдарды табыңдар? 6) Поэмадағы үзіндіден теңеулер тап.

II топқа: 1) Табиғаттағы түс, рең ерекшелігін білдіретін сөздерді тап. 2) Су тазалығын ашатын деталь көріністерді тап. 3) Табиғаттағы тыныштықты қай көріністен байқаймыз? 4) Поэмадағы үзіндіден эпитетті тап.

III топқа: 1) Ана неге аққуды атпақ болды? 2) Аққуды ату кезіндегі ана әрекетін баянда. 3) Бала өлімін көрген ана қасіреті қалай көрсетілген? 4) Поэмадағы үзіндіден метафораны тап.

Мұғалім: - Аққуды атуға ананы не мәжбүрледі?

Маржан: - Ауырып жатқан баласын аман алып қалу үшін ана еріксіз аққуды атуға мәжбүр болады.

Арман: - Бұл жерде біз ананың балаға деген махаббатын көреміз.

Меруерт: - Тәуіп шалдың сөзіне сеніп, аққуды атуға болмайтынын білсе де, осындай шешімге келді. Ана тек баласының амандығын ойлады.

Қуаныш: - Егер «Ана» бәрін ақылға салып, тәуіп шалдың сөзіне сенбей, аққуды атпаса, баласы тірі қалар ма еді?!

Мұғалім: - Сонымен, балалар сабағымызды қорытындылай келе айтарым – мына кестені толтырыңдар:

Мұқағали Мақатаев кім?	Жинақтары	Ақын өлеңдеріне жазылған әндер
Поэманың тақырыбы не?	Жетімкөлге аққулар неге келмеді?	Поэманың идеясы не?

Сабақты бекіту: Оқушылардың білімін бағалау.

Үйге тапсырма: Поэманы мәнерлеп оқу, «Ақын және Аққу» тақырыбына шығарма жазып келу.

**Қорытынды:**

Мұғалім: - Біз суретте нені көріп отырмыз?

Ажар: - Адамның қолын.

- Осы сурет арқылы біз қандай қорытынды жасаймыз?

Теміржан: - Әділдік те, зұлымдық та, сұлулық та адам қолымен жасалады.

Теміржан: - Біз сұлулықты кімдерден көреміз?

Бақытжан: - Адамдардан, табиғаттан көреміз.



**Бақыт САҒЫМБЕКОВА,**  
**Абай атындағы орта**  
**мектептің мұғалімі.**  
Алматы облысы,  
Аксу ауданы.

## **ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ – ТӘРБИЕ КӨЗДЕРІ**

Бауыржан Момышұлы 1950-56 жылдарда әскери академияда сабақ берді және тұрақты әскери қызмет атқарды.

«Офицердің күнделігі», « Бір түннің тарихы», «Біздің семья» атты алғашқы кітаптары сол тұста жарық көрді .

Ол еңбектерін орыс және қазақ тілдерінде бірдей жазды .

Оның әскери өмірбаяндық жайттарды арқау етіп, патриотизмді, адалдықты, ерлікті ту еткен шығармалары – ел қазынасы.

Өзі туралы былай дейді: «Мен 25 жыл әскерде болдым. Біле білген кісіге бұл – үлкен университет. Осы 25 жылдың ішінде мен талай қолбасшымен кездестім, сабақ алдым, талай генералдың қол астында қызмет істедім, тәрбие көрдім... Өзімнің әр ұлт адамдарымен қызметтес болғанымды үлкен мектеп деп бағалаймын...

Ана халық анадай дәстүрін қадірлейді, мына халық мынадай дәстүрін қастерлейді екен-ау деп толғанасын. Мен осы 25 жыл ішінде қарамағымда болған, үстеріне шинель киген солдаттар арқылы барлық халықтардың жанын ұқтым деп ойлаймын.»

Бауыржан соғыс кезінде «Красная Звезда» газетіне «Өз халқын құрметтеп сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам» деп жазады. Осы арқылы батыр әр солдатты, әр офицерді, әр адамды өз халқын, өз Отанын, өз елі мен

жерін сүйуге, оны сыртқы жаудан қорғауға шақырады. Майданда мұндай үндеулерді, қанатты сөздерді тыңдап, оқып жүрген әр азаматтың жүрегінде – туған жерге, елге деген үлкен сезім ұялап, олар басын өлімге тіге отырып, атамекенін қорғауға бел буған.

Ол: «Отан үшін отқа түс күймейсің», «Ел үмітін ер ақтар – Ер намысын ел сақтар» деген сөздер арқылы сарбаздарды ерлікке бастады.

«Сенбеймін жарық жұлдыз сөнуіне,

Елімнің құл-күндікке көнуіне .

Жау бізді тықсырса да түпкірлетіп,

Сенбеймін жаудың бізді жеңуіне» деп толғанады.

«Жарымның опасыздығына сенбеймін» деп айтады да,

«Ее могут сломать, но не гнуть» «Иілмейді адалым, сынса сынар» деп өзінің жан-жүрегінен шыққан сөзі арқылы жауынгерлерді батырлыққа ержүректілікке, тылда қалған жауынгерлердің жарларын адалдыққа, төзімділікке, шыдамдылыққа үндейді, жеңіске жігерлендіреді.

Өзінің өлең жолдары мен қанатты сөздері арқылы өз отандастарын ел бірлігін сақтауға, кең байтақ туған жерді сыртқы жаудан азат етуге шақырды.

Бауыржан өз қанатының астындағы сарбаздарын өзінің адуынды қанатты сөздерімен, туған ел мен жерге деген адал, патриоттық сезімімен осы соғыста жеңуге жетелей отырып, шабуылдарда «Жаным – арымның садағасы», «Ерлік – батырлықтан туады» деп ұрандатып алдыңғы сапта жүрді. Осындай рухты, қанатты сөздер мен әрекеттер жауынгерлерді тек қана алға ұмтылдырды. Отты сөздерден нәр алған, қанаттанған олар өздерінің суықта тоңғандары мен бораған оқ астында жүргендерін ұмыта отырып, жеңіс күнін жақындата түсті .

Сөз жоқ, Момышұлының адам баласының ой-өрісін, ерік-жігерін рухтандыратын, қанатты ұран сөздері – бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Келешекке даңғыл жол болып, мәңгілік жасай бермек.

Гүлжан БАЛҚОЖАҚЫЗЫ,  
№14 орта мектептің мұғалімі.  
Маңғыстау облысы,  
Жаңаөзен қаласы,  
«Теңге» ауылы.

## ФАРИЗА ФИЛОСОФИЯСЫ

(«Әке туралы ой», «Ана махаббаты» өлеңдері негізінде)

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды жоғарыдағы екі өлең арқылы Фаризаның әке-шеше жөніндегі терең түсінігінің сан алуан қыры мен сырына бойлатып, ата-аналарын құрметтеуге, қадірлеуге баулу, өздерінің перзенттік парызын адал атқаруға ұмтылдыру. **Міндеттері: білімділік** – Фариза Оңғарсынованың өмірі, шығармашылығы туралы сыр шертіп, ақынның асқақ талант иесі екендігін танып білуіне жағдай жасау, өлең мазмұнын меңгерте отырып, автордың көркемдік тіл шеберлігін таныту; **дамытушылық** – оқушылардың өз бетімен жұмыс істеп, ой қорытуға үйрету; **тәрбиелік** – Фариза ақынның адамгершілік биік тұлғасы және өлеңдері арқылы елжандылыққа, адамгершілікке, ата-ананы мақтаныш тұтуға тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа білім беру. **Әдіс-тәсілі:** оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының элементтері. **Көрнекілігі:** мазмұнды бейнебаян, интерактивті тақта.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру:** а) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру; ә) оқушылардың көңілін сабаққа аударуды ұйымдастыру.

**II. Үй тапсырмасын тексеру.** Ж.Сахиевтың «Көктен келген көшпенділер» шығармасының желісімен «Адамдарды табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың мұны айтар тілі жоқ» деген тақырыпта ойтолғау жазып келу.

**III. Жаңа сабақ.**

**Қызығушылықты ояту.**

Жаңа сабақты бастамастан бұрын бейнебаян арқылы Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған Әбиірбек Тінәлінің «Фаризажан» әнінен үзінді тыңдау.

**Ой қозғау.**

- Қай ақынның сөзіне жазылған ән деп ойлайсыңдар?..

- Ән кімге арналған? Фариза Оңғарсынова кім?

- Балалар, өздеріңе «Фариза ақынның өмір жолымен, шығармашылығымен танысып келіңдер» деген тапсырма берілген еді. Сол тапсырманы қалай орындадыңдар? Кім айтады?

«**Фариза – поэзия сандуғашы**» (кітап көрмесіне шолу жасау).

- Ендеше, балалар, бүгін біз Фаризаның «Әке туралы ой», «Ана махаббаты» атты өлеңдерімен танысамыз (Дәптерге күннің ретін, жаңа сабақтың тақырыбын жазғызу).

Ұлы тұлғалардың бірі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Жігітінен қазақтың дос таба алмай, Қыз да болсаң мен саған мұң шағамын» деуіне қарап тұлпарды тұлпардың танитынына, сұңқардың сұңқармен қанаттас болатынына көз жеткіземіз.

(Слайдтар сөйлейді, бейнебаян).

**Оқулықпен жұмыс.**

- Қане, балалар, кітапты ашамыз

(«Әке туралы ой» өлеңін бейнетаспадан тыңда-тамын. «Ана махаббаты» өлеңін бір оқушыға мәнерлеп оқытамын).

- Жарайсындар. Иә, өлеңді оқыдық, таныстық. Өлеңнен ақынның қандай көңіл-күйін байқадыңдар?

- Сағыныш, қайғы, мұң.

- Иә, балалар, ақынның өз өміріндегі қайғы, мұң, күйініш-сүйініштерді суреттеген шығармаларын элегия деп атайды (дәптерге жаздыру).

Элегия – (грек сөзі. elegia – аянышты жыр) – мұнды лирикалық өлең.

**«Түртiп алу» стратегиясы.**

Мұнда балалардың назарын оқулыққа аудартып, өздеріне түсініксіз сөздер болса, қарындашпен түртiп алу керектігі айтылады.

**Тапсырма.** Өлеңнен көркемдегіш құралдарды, яғни, әке мен ана туралы бейнелі сөздерді табу (эпитет, теңеу, метафора).

**Талдау сұрақтары:**

1. Ақын әке туралы қандай ой толғайды?
2. Ақын анаға деген махаббатын қандай жыр жолдары арқылы білдірген?
3. Сендер қалай ойлайсындар? Әке мен ана біз үшін кім?

**Шығармашылық жұмыс.**

«Шаңырағым - шаттығым» тақырыбына ойтолғау жазу.

**Сабақты қорытындылау.**

**IV. Үйге тапсырма:** 1) «Даналық ой», «Таным дерек» айдарларымен танысып, ақын туралы тереңірек ізденіп келу; 2) «Әке туралы ой», «Ана махаббаты» өлеңдерінен үзінді жаттау; 3) жұмыс дәптерлеріндегі тапсырманы орындау.

Меруерт ЗАРИПОВА,  
Қыдырбек Біләлов атындағы  
гимназия мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Тарбағатай ауданы,  
«Ақжар» ауылы.

## СӨЗЖАСАМДЫ ҚАЙТАЛАУ – РУХАНИ ДӘН ҚАЛАУ

(6- сынып)

**Сабақтың мақсаты:** балаларға «Қайталау – оқу анасы» екенін ұқтырып, сөзжасамнан алған білімін толықтырып, соған байланысты білік дағдыларын қалыптастырып, тақырыпты еркін игергеніне көзін жеткізу. **Міндеттері: білімділік** – оқушылардың сөзжасам тарауынан алған білімін пысықтап, теориялық білімін практика жүзінде қолдану, ауызша және жазбаша талдау жұмыстарын жүргізе отырып, білімін бекіту; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіріп, қиялдарын дамыту, ой қорытып, нақты шешім жасауға үйретіп, өздеріне сенімділігін арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды ізденімпаздыққа, өз ойын айта білуге, сауатты жазуға, ұқыптылыққа баулу, топпен жұмысқа, бірін-бірі тыңдай білуге үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

**Түрі:** дәстүрден тыс бекіту сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздендіру, шығармашылық жұмыс, деңгейлік тапсырма. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, үлестірмелі қағаздар, кәртiшке, кестелер, суреттер. **Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру.** Сабақтың мақсатымен таныстыру.

## II. Үй тапсырмасын сұрау:

1. Құрастырып келген сөзжұмбақтарын тексеру;
2. Өлкеге саяхат. Ақжар округі бойынша бірігу арқылы жасалған ауылдардың тарихы туралы жинап келген деректерін оқытқызу (Ақжар, Қарасу, Жетіарал, Қабанбай, Жаңатілеу, Сарыөлең, Жалғызтал, т.б.).

## III. Өткен тақырыпты пысықтау

1. Сөздер қалай жасалады? 2. Сөздер тұлғасына қарай нешеге бөлінеді? 3. Түбір сөз дегеніміз не? 4. Қосымша нешеге бөлінеді? 5. Дара сөз дегеніміз не? 6. Күрделі сөз дегеніміз не? 7. Қос сөздер қалай жасалады? 8. Біріккен сөздер қалай жасалады? 9. Қысқарған сөздер қалай қысқарады? 10. Тіркесті сөздер қалай жасалады?

## IV. Семантикалық картаны толтырыңыз.

P/c	Түрлері Мысалдар	Түбір сөз	Туынды сөз	Қос сөз	Біріккен сөз	Қысқарған сөз	Тіркескен сөз
		А	Ә	Б	В	Г	Ғ
1.	Жаздыгүні						
2.	Су-су						
3.	Оқулық						
4.	Жасыл						
5.	Оқта- текте						
6.	Отыр						
7.	Сулы						
8.	Ақ құба						
9.	Орманды						
10.	Сауысқан						
11.	Он екі						
12.	ҚазПУ						
13.	Болат						
14.	Еңбеккүн						
15.	Апар						
16.	Жаңбыр						
17.	Шекара						

18.	Бала-шаға						
19.	Білім						
20.	Ала жаздай						
21.	ТМД						
22.	Дауыл						
23.	ҚазМУУ						
24.	биыл						
25.	Қара торы						
26.	Қолғанат						

Қатар отырған оқушылар бір- бірлерінің жұмысын тексереді. Бағасын қояды.

Бағалау сипаты: «5» - 26-30 ұпай; «4» - 16–25 ұпай; «3» - 10-15 ұпай.

## V. Деңгейлік тапсырмалар.

**1-деңгейлі тапсырма.** Берілген түбірлерден туынды сөз жасаңдар, сондай сөздер кездесетін мақал-мәтелдерді естеріңе түсіріңдер.

*Мақтан.* Мақтаншақ бар ақылын мақтанумен тауысады.

*Ақыл.* Ақылды адам батпан-ақ,  
Ақылсыз адам сасқалақ.

*Ел.* Туған жердей жер болмас,  
Туған елдей ел болмас.

**2-деңгейлі тапсырма.** Нақыл сөздердің мағынасын түсіндір. Құрамына қарай талда. Бір сөзге дыбыстық талдау жаса.

1-қатар. Тәрбиелі – тәртіптің құлы.

2-қатар. Опасызда Отан жоқ.

3-қатар. Жігітті жолдасынан таны.

## 3-деңгейлі тапсырма.

Шығармашылық жұмыс. Суретке қарап шағын мәтін құраңыз.

Мәтін ішіне күрделі сөздерді қатыстыр.

## VI. Сергіту сәті.

1-жұмбақ:

Бөлек жазылса, сын есім мен географиялық атау.  
Бірге жазылса, республикамыздағы бір қала.

(Ақтөбе)

2-жұмбақ: Біріккен сөздің бірінші түбірі *тағам* сөзімен синонимдес. Екінші түбірі – тағам пісіретін ыдыс аты. Ол қай сөз? (Асқазан)

3-жұмбақ: Үй жануарының бірінің аты мен сезім мүшесі атынан бірігіп айтылған сөз ненің аты, не деген сөз? (Итмұрын)

**VII. Сабақты бекіту.** *Әзіл-шыны аралас сұрақтар:*

1. *Түйеге* жұрнақ жалғаса кім болады?
2. *Өнерге* не қосылса өнер иесі болады?
3. *Құлыншақ* пен *ұрыншақтың* жұрнақтары ұқсас, мағыналары қалай?
4. *Әзілге оспақ* тіркесе, қалай жазылады?
5. *Бозбала* мен *бой жеткеннің* жазылуда айырмашылығы бар ма?
6. *Жұрнақсызда* жұрнақ бар ма?

**VIII. Бағалау. Үй тапсырмасы.**



Райхан АХМЕТЖАНҚЫЗЫ,  
№26 орта мектеп мұғалімі.  
Алматы облысы,  
Іле ауданы,  
Н.Тілендиев ауылы.

## ЕТІСТІК ШАҚТАРЫ

(қайталау сабағы)

**Сабақтың мақсаты:** балаларға нақты мысалдар келтіріп, етістік шақтарының мағыналық мазмұнын терең білгізіп, орнықты білім алуына жан-жақты ықпал ету. **Міндеттері: білімділік** – етістіктің шақтары туралы алған білімін пысықтау, етістік шақтарын ажырата

білуге үйрету, өтілген материалдарды қаншалықты меңгергендіктерін байқау; **дамытушылық** – сөйлеу тілін жетілдіру, ойлау белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамыта түсуге ықпал жасау, жүйеллікті сақтай отырып, жүйрік жұмыс жасауға дағдыландыру; **тәрбиелік** – талдауға алынған мысалдар арқылы оқушыларды ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа баулу; мақал-мәтелдер арқылы қазақтың шешендік өнерін балалар бойына сіңіру; әр оқушының өз ана тілін қадірлей білуге жетелеп, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.

**Тегі:** білімді жүйелеу, жинақтау, бекіту сабағы.  
**Түрі:** қайталау. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, сатылай кешенді талдау, қатемен жұмыс, қайталау, іздендіру, шығармашылық еңбек. **Оқыту пішіні:** Жауынбай Қараев технологиясы бойынша деңгейлік тапсырмалар, топтық жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет. **Көрнекілігі:** Тақырыпқа байланысты кесте – «Етістіктің шақтары және оның түрлері», морфологиялық кешенді талдаудың үлгісі, үлестірмелі кәртішкелер, тест сұрақтары.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру:

1) Оқушылардың сабаққа дайындықтары және үй тапсырмасын орындау барысы тексеріледі.

2) Оқушыларды 3 топқа бөлу – Бірінші топ – «Өткен шақ», Екінші топ – «Осы шақ», Үшінші топ – «Келер шақ».

І деңгейлік тапсырма.

Әр топ өздерін таныстырып, етістіктің шақтарынан алған білімін көрнекілік арқылы қорғайды.

1-топ мүшелері: Осы шақ.

2-топ мүшелері: Келер шақ.

3-топ мүшелері: Өткен шақ.

II деңгейлік тапсырма. Сөйлемдерді кешенді талдау.

1-топ мүшелеріне: Болат пышақ қын түбінде жатпайды.

Болат пышақ қын түбінде жатпайды. (Мақал).

1. Бұл сөйлем айтылу мақсатына қарай – хабарлы сөйлем.

2. Құрамы мен құрылысына қарай – жай сөйлем.

а) Пышақ қайтеді? – жатпайды – дара, етістікті, жіктік тұлғалы баяндауыш.

ә) Жататын не? – пышақ – дара, зат есімді, атау тұлғалы бастауыш.

б) Қандай пышақ? – болат – дара, сын есімді анықтауыш.

в) Қайда жатпайды? – қын түбінде – күрделі, жатыс тұлғалы пысықтауыш.

2-топ мүшелеріне: Тауды қалың тұман басып жататын еді.

Үлгі: Тауды қалың тұман басып жататын еді. (Сөйлем).

1. Бұл сөйлем айтылу мақсатына қарай – хабарлы сөйлем.

2. Құрамы мен құрылысына қарай – жай сөйлем.

а) Тұман не істейтін еді? – басып жататын еді – күрделі баяндауыш.

ә) Басып жататын не? – тұман – күрделі, зат есімді, атау тұлғалы бастауыш.

б) Нені басып жататын еді? – тауды – дара, зат есімді тура объективті толықтауыш.

в) Қандай тұман? – қалың – дара, сын есімді анықтауыш.

3-топ мүшелеріне: Адам болар жігіттің етек-жеңі кең болар.

Үлгі: Адам болар жігіттің етек-жеңі кең болар. (Мақал).

1. Бұл сөйлем айтылу мақсатына қарай – хабарлы сөйлем.

2. Құрамы мен құрылысына қарай – жай сөйлем.

а) Етек-жеңі қайтер? – кең болар – күрделі, жіктік тұлғалы баяндауыш.

ә) Кең болатын несі? – етек-жеңі – күрделі, зат есімді, тәуелдік тұлғалы бастауыш.

б) Кімнің етек-жеңі кең болар? – жігіттің – дара, зат есімді, ілік тұлғалы анықтауыш.

в) Қай жігіттің? – адам болар – күрделі анықтауыш.

III деңгейлік тапсырма.

Күткен күн де жетті. Тіл мен Әліпби ойласып, емтиханды сыныпта емес, ашық саялы бақта алатын болып келісті. Бұл қолайлы, ауасы таза, тып-тыныш жер еді. Ағаштар бүршік атып, өріктер гүлдеп, хош иіс мұрын қытықтап, шабыт шақырады.

Көктем келгелі осы бақ іші Тілдің сүйікті мекеніне айналған. Қашан көрсең де жазу-сызудан бас алмайды. Жұмысқа бар ынтасымен берілгені сондай, Әліпбиді де сирек қабылдайды. Әрине, одан басқа ешкім Тілдің алдына батылы жетіп, бас сұқпайды. Қанша дегенмен, елге сыйлы ғұлама адам емес пе, тартынады.

- Не жазып жүрсіз? – деген Әліпби бірде сұрарын сұраса да, «жақтырмай қалды-ау» деп қауіптенген. Жо-оқ, ол шешіле сөйлеп кетті.

- Тіл – сарқылмас ғылым. Оны зерттеуге бір адамның өмірі жетпейді.

Жаңа отырғызылған шыбық сияқты жыл сайын өсіп, толысып барады. Әрине, осы кезге дейін де көп жұмыстар істелді, жаңалықтар ашылды. Әйтсе де, шешілмеген даулы мәселелер қаншама. Жақында

орталықта тіл мәселесі жөнінде кеңес өткізілмек. Оған дүние жүзінің өкілдері қатысады. Мен онда «Қазақ тіліндегі даулы мәселелер» деген тақырыпта баяндама жасамақпын.

- Қайда жүрсеңіз де жолыңыз болсын! – деді Әліпби риза пішінде.

Тірек сөздер: тіл, сөз.

1-топ мүшелеріне: Осы мәтін ішінен тірек сөздерді пайдалана отырып,

4 мақал-мәтел тауып, мағынасын ашу.

2-топ мүшелеріне: Осы мәтін ішінен тірек сөздерді пайдалана отырып,

4 афоризм (нақыл) сөздерді тауып, мағынасын ашу.

3-топ мүшелеріне: Осы мәтін ішінен тірек сөздерді пайдалана отырып, тұрақты сөз тіркестерін тауып, мағынасын ашу.

#### **IV деңгейлік тапсырма.**

«Етістіктің шақтары» тақырыбы негізінде «Кеше, бүгін, ертең» мезгілдері бойынша шығармашылық тапсырма орындалады.

1-топ – Өткен шақ «Етістіктің шақтары» көрсеткен ерлігін баяндап береді. (Ертегі)

2-топ – Осы шақ Ертегідегі ерліктерді бүгінгі күнмен салыстыра отырып өзінің ойын білдіреді. (Ойтолғау).

3-топ – Келер шақ Ертегідегі етістік батырларының ерліктерін болашақ ұрпаққа қалай дәріптемек? (Ойтолғау).

Үйге тапсырма. «Сабақтан алған әсерім» тақырыбына эссе жазу. Бір сөйлемге кешенді талдау жасау.

Алған білімді бағалау. Сабақ барысында деңгейлік тапсырмаларды орындаудағы біліктіліктері бойынша сарапшылар топтардың сабақ бойына жинаған ұпайларын қосып, жалпы қорытындысын шығарады.

**Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ,**  
**Әл Фараби атындағы**  
**Қазақ ұлттық**  
**университетінің доценті.**

## **ОРАЛХАННЫҢ ОҚШАУ ОЙЛАРЫ МЕН ОҢАШАЛАНҒАН ТІЛДІК ОРАЛЫМДАР**

Әдебиеттің негізі – көркем шығарма. Сол көркем шығарма туралы пікір мен сын айтушылар немесе ғылыми зерттеу жүргізушілер - әдебиеттің төңірегіндегілер. Кейде әдебиетті жасаушы – көркем шығарма авторларынан гөрі әдебиеттің төңірегіндегілер ауызға жиі алынады. Әрине, әдеби ортада ғана. Ал оқырман үшін көркем шығарманың деңгейін бағалап, межелеп берудің қажеті жоқ секілді. Әр оқырман – жеке сыншы, жеке зерттеуші. Өйткені көркем шығарма сыншы мен зерттеуші үшін емес, оқырман үшін жазылады. Оқырман – халық. Әдеби сыншы мен әдебиетті зерттеушілерсіз-ақ XIX ғасырда Абайды халық таныды. Оқыды, жаттап оқыды. Неге? Біріншіден, оның өлеңдері халықтың ойындағысын дөп басып айта білді, екіншіден, ойында жоғын айта білді, үшіншіден, айта алмағанын айта білді. XX ғасырдың алғашқы 20-30 жылдарындағы Әуезовтің повестері мен әңгімелері де осы құбылысты қайталады. Ал XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақтың әдеби әлемінде «Әдеби көш» керуен түзеді. Сол көштің қатарында қасқа құлынын ертіп, Мұзтауын бетке алып, Алтайдың кербұғысы іспеттес Бөкейдің Оралханы да келе жатты. Әлі келе жатыр. Анда-санда қасқайып тұрып қалатыны рас. Өйткені оқырман халқы әредік

мерейтойында ортаға қаумалап алатыны бар. Бұл мезетте әдебиеттің төңірегіндегілер ештеңе дей алмайды. Тек Оралханның өзі, әйтпесе, өзі боп кейіпкерлері сөйлейді. Сөйлегенде де оқшау ойлары мен оңашаланған тілдік оралымдарымен сөйлейді. Айтатынын кезеңдік мерзімге меңземеі, жазушының жиі қолданатын сөзі – **бақилық** мерзіммен тұжырымдайды:

- *Айналайын ақиқат та менің кебімді киіп, киелі жолдан тайды, жемқорлар мен жағымпаздардың, сұрқиялар мен сұмдардың, жалғандық пен жалғанды жалпағынан басқан алаяқтардың, атаққұмарлар мен асығы ашысынан түскендердің ойына келгенін істейтін ойыншығына айналды. Шындық та ішіп кетті. Маскүнем болды. Шындық жылады! Қор болды! Түрмеге қамалды! (Атау-кере);*

- *Бойында күш-қуаты, таланты барлар үдірейіп үлкен адамдарға жоламайды; ал әлжуаз, алаяқтары алдыңды босатпай жылпостанады. Әне, сондықтан да олар аман қалады, өседі (Атау-кере);*

- *Өзі де біліп, сезе бермейтін ғажап дүниені сағынады, сағынып жүріп жарық әлеммен бақиға қоштасарын байқамай қалады-ай... адам дегенің сол, анау мөңіреп баратқан поездағы жолаушы, біреуі мінеді, біреуі түседі, әркімнің өз разъезі бар-ды (Өз отыңды өшірме);*

- *Тек оның жанына бататыны- кейінгі кейбір кісілердің тым-тым алаңсыз тоққұлкілігі, тым жырынды құлық саууға әзір тұратын жылпостығы, көбінесе өз қарабасының қамын ойлайтыны; не қатты қуана, не қатты қорқа білмейтін өлі еттігі-тін (Өз отыңды өшірме).*

Бір қарағанда, өмірдің қалыпты сарыны баяндалатындай реңкте болғанымен, ешқандай көркемдегіш құралдарсыз-ақ оқшау ой селт еткізеді. **Ақиқаттың**

*ойыншыққа айналғанын бұрыннан білеміз, бірақ шындықтың ішіп кетуі – ырықтан айырылуы. Шындықтың жылауы – жалғандықтың басынуы. Әлжуаз болса да алаяқтардың өміршеңдігі, адам – жолаушы, әрқайсысының өз разъезі барлығы, кейбіреулердің не қатты қуана, не қатты қорқа білмейтін өлі еттілігі – оқшау ойлар.* Жазушының оқшау ойлары. Оқырманның күтпеген оқшау ойлары. Бұндай оқшау ойлардан оқырман түгілі кейіпкерлердің өзі бір-бірінен селт етіп жатады. Басты кейіпкердің бейнелік тұтастығына оқшау ойдың әсерінен сызат түседі. Ой оқшаулығы образ тандамайды. Ақыл-есі ауытқыған образымыздың оқшау ойына назар аударыңыз:

- *Ана обходчик қақбасты құдай отыруға жазбаған. Ол әлі түрегеп жүріп өледі.*

**Адамның түрегеп жүріп өлуі** дененді түршіктіреді. Оқырманның қалай қабылдауы өзіне байланысты шығар, бірақ ... *Қанша өзін-өзі тоқтатқанымен, Дархан тіксініп қалды. Сасқанынан әйелдің жанына дүрс етіп отыра кетті (Өз отыңды өшірме).* Жанына отырмақ түгілі айқайлаған дауысына үн қатпайтын Дарханның оқшау ойдан есеңгіреп қалғанын әдебиет теориясындағы ешбір қағиданың құрамына сыйдыра алмайсың. Өйткені «түрегеп жүріп өлу» - оның бұрын-соңды түйсігінен орын алмаған құбылыс.

*Жерошақтың оты сөнген. Су құйып, өз қолдарынан өшірген... бай үйінің оты таңнан бері жағылған жоқ, жағылмайды да... Өз отын өзі өшірген (Өз отыңды өшірме).* Сонау «Қайдасың, қасқа құлынымнан» басталған осы бір оқшау ой кейін роман желісіне айналды. ...*әке жаққан отты ұлы сөндірмес болар, қарт бабадан қалған талай салттың бықсып өшіп қалғаны, тапалап, таптап кеткені бір бұл емес шығар, ербимей, шаужайлай түс*



биені , - дейді әкесі ( Қайдасың, қасқа құлыным?). Бұдан әрі «Мұзтауда» ...*Дүниедегі ең жаман зауал нәрсе,- деп ойлады ол,- өз отыңды сөндіру екен; Өз ошағыңа өзің су құю екен. Біреу-екеу болса кешірімді-ау, елу тоғыз түтіннің бір-ақ түнде сөнгенін қайтерсің* болып жалғасады. Осы шығармадағы «*Өз ошағының отын өзі сөндіретін әке болушы ма еді? Мүмкін тірі, басқа ел, бөтен жұртты паналап жүрген шығар*» дейтін оқшау ой «Өз отыңды өшірме» романының идеялық тұтастығына негіз болады.

О.Бөкейдің қай шығармасын оқысаң да оқырман көңіліндегі түйткілді ойдың баламасы оқшауланып шыға келеді. Танымдық дәлдік сөз байлығының мол қорын айшықтайды. Тағы да кейіпкердің тұжырымы арқылы селт еткізеді: *Ішімдік деген бәле бұл елге қашан дерт болып жабысты? Қашан? Кейде ойлаймын, осы жұрт атау-кересін ішіп жүрген жоқ па деп. Ал атау-керені өлер алдында, ақтық демі таусылғанда гана ұрттайды* (Атау-кере). Атау-кере – ішімдіктің теңеуі емес, оның адам баласына тигізер зардабының көрінісі. Осылай ой оқшаулығымен ерекшелене түскен шығармалар оңашаланған тілдік оралымдарымен де оқырманын елең еткізеді. Өткен ғасырдың 80-ші жылдары белгілі ғалым Рабиға Сыздық көркем әдебиеттегі жаңа құбылысқа назар аударта келе, нақты мысалдармен ерекшелейді: *...кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүріс; жыланнның жусазанын білетін сұм* (Ә.Кекілбаев), *серкенің дауын атан өгізге сатып алар* (О.Бөкеев), *ашыққан бұғының көңілі әр жақта, көндіге білсең, көнектің өңезі балдай* (Қ.Ысқақов), т.б. тәрізділер – фразеология арсеналына қосылған әсем дүниеліктер (Қазақ әдебиеті, 24.08.1984 ж.). Әсем ғана емес, өзгенің ауызына түсе бермейтін оңаша оралымдар. О.Бөкей

қаламымен сомдалған образдардың сөз саптаулары бірінен бірін асыра түседі: *Ел азарда ер-азаматы – атақ қуғыш таққұмар, қыз-келіншегі дүние қуғыш баққұмар келеді; жетектесе – жүрем, айтақтаса – үрем* (Атау-кере), *жұлығынан жұлынына дейін қыңыр; еркегін берсе де елін, белін бермеген* (Мұзтау), *ешкінің құйрығы көкке, түйенікі жерге жетер; жөтелерің бар, жөткірініп нең бар* (Өз отыңды өшірме).

Фразеологиялық оралымдармен қатар жазушының өзіне тән жаңа сөз қолданыстық сипаттағы еркін тіркестерінің өзі одағайланып көзге ұрады. Құбылыстың құбылып сипатталуы, теңеулердің тосындығы кейіпкер бейнесінің оқырман жадында сақталуының кепілі іспеттес. О.Бөкейдің жазу стилі төмендегіше құлпырады: *...Тағанның өзі де өз көлеңкесіне өзі сүрінгендей, қалбалақтап жетіп қалып еді; Ол ат үстінде қалғығандай мүлгіп келеді; Ол жарықтық осы Тарбағатайдың да әр жеріне үркіп-үркіп өседі; Сап түзеген самырсындар тұңғыық ойда: мылқау мүлгиді; ...бикеш саусақтарым досымның қолына шомылып шықты; ...кейбір кісілердің алаңсыз тоққұлкілігі; Ақпанның алты күн азынаған атты бораны; ...салұлы төсекте жатқан күлкітоқ жолаушылар.* Қайталанбайтын тіркестер мен қайталағың келіп тұратын теңеулер. *Көлеңкесіне сүріну, қалғығандай мүлгу, үркіп-үркіп өсу, мылқау мүлгу, бикеш саусақ, алаңсыз тоққұлкілік* тіркестері – көркемдіктің бақилық сипатына қосылған қомақты үлес. Бұлардың бәрі – Оралханға тән жаңа қолданыстар, оқшау оралымдар. Әдебиет саласында жиі айтылатын «жазушы шеберлігі» деген анықтауыш бар. Оны біреулер оқиға желісімен, біреулер образ ерекшелігімен, енді біреулер сөз байлығымен дәлелдеп жатады. Біздің ойымызша, Оралханның шеберлігі – шытырман оқиға емес, оқшау

ой қууында. Шығармаларының бәріне дерлігі оқыс оқиғаны емес, адам өмірінің біріне бірі ұқсамайтын тіршілігінің құндылығын арқау етеді. Сондықтан болар оның кейіпкерлеріне тән басты ерекшелік – монолог. Басты кейіпкері де, жанама кейіпкері де өз ойын монолог түрінде жеткізеді. Монолог арқылы бақилық көкейкесті мәселелердің сырын суыртпақтайды: *...Ана елдің әні, ана жерде туған күй деп радиодан айтып-ақ жатады, сонда деймін-ау, Алтай қазақтарының сай-сүйегінді сырқыратар қоңыр да майда, сыңсып салар мұңды әні қайда? Кім оның жоқтаушысы?! Жаңағы ащы суға алданып жүрген Таған ба, жоқ болмаса, дүниеқоңыз күй кешіп жүрген өз ұлым – Ерік пе? Міне, менің көбі кетіп, азы қалған өмірімде жанымды қинайтын осы жайт (Атау-кере). Әсіресе, қайшы қайталаулар монолог пен баяндаудың оңаша оралымдарын әсірелей түседі: *Ес біліп, етек жапқалы әкесінің ұлым деген сөзін бір рет естіп көрген жоқ, мүмкін, естімегені де жақсы ма еді ... дандайсып кетер; мүмкін, естігені де жақсы ма еді-ау... өмір қадірін түсінер ме еді; Мен ол кісіні баяғыдан білетінмін... бірақ білмейді екенмін; Аңғарды құлазыған өлі тыныштық жайлайтын... Өлі тыныштық жайламайтын кейде; Жігіт жұмған ауызын ашпастан қалың дүрдік ерінін жымқырып көп жатты. Көп жата да алмады; Ел не көрмеді – бәрін.* Синтаксистік тұрғыдан келсек, бұл сөйлемдер жеке арнайы зерттеуді қажет етеді. Сондықтан жазушының шығармалары тілдік ережелердің ықпалына бағына бермейтін құбылыстарға толы. Оңаша тілдік оралымдар деуіміздің өзі - осындай ерекшеліктерге байланысты. Мәндес сөздердің өзін бір-біріне анықтауыштық немесе бейнелік тұрғыда тіркестіру, сол арқылы ой құбылту жазушының сөз саптауындағы еркіндікті білдіреді: *...қалғызандай мүлгіп келеді; әжсуа**

*келекеге айнала бергенде; басқа бөтен жаңалық таба алмады; оңашаланған оқишау сандалысқа салынып.* Тіліміздегі синонимдік мағынадағы сөздердің айырым белгілерін анықтаудың берілген тіркестерден асқан дәлелі жоқ. Біз синоним сөздерді қайталауды болдырмайтын амал-тәсілге жатқызып жүрміз. Синоним сөздердің бірінің мағынасын екіншісі дәл бере алмайтынын көркем шығарма арқылы анық байқаймыз. Ал Оралхан шығармаларында мұндай құбылыстар жиі ұшырасады: *...Дархан Батидың кейбір одағай пендешілігін көргенде аяйды. Ал өзін мүсіркейтін адамдар тіпті көп; ...Әкем дауысын шығарып, қатты солқылдап жылады-ай кеп, біз бәріміз, үй-ішіміз боп еңіредік; - Бұларың зорлық, - Сіздің елге істегеніңіз зомбылық емес пе? Өзі боташа ойнақтап өскен бөлме, енді, міне, жат, мүлдем бөтен; Сен таңдаған соқпақпен жүргім келмеді, мен таңдаған сүрлеумен сенің жүргің келмеді.* Бұндағы ерекшеленген сөздер қайталаудан қашуды емес, әр сөздің жеке мағыналық сипатын айшықтауды білдіреді. Автордың оқшау ойын оңаша оралымдары арқылы көріктендіре түседі. *Аяу мен мүсіркеу, жылау мен еңіреу, зорлық пен зомбылық, жат пен бөтен, соқпақ пен сүрлеу* - стильдік реңк емес, жеке-жеке ұғымды иеленетін сөздер. Көркем шығарманың көрікті ойы көркем тілімен ерекшеленеді. Көрікті ойдан көркем тіл күтетініміз сондықтан.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оралхан Бөкеев. Хикаяттар, «Ан-арыс» баспасы, 2010, 320-б.
2. Оралхан Бөкей. Қайдасың, қасқа құлыным? Повестер мен әңгімелер, Астана: Елорда, 1999, 328-б.
3. Оралхан Бөкеев. Өз отыңды өшірме (роман). А., «Жазушы», 1981, 384-б.

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,  
Тараз инновациялық-гуманитарлық  
университетінің доценті,  
Аймақтық менеджмент  
академиясының профессоры.

## ӨТІРІК ӨЛЕҢ – КҮЛДІРГІ ӘЛЕМ

Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиетінде өтірік өлеңдер – балалар ауыз әдебиетінің ерекше бір саласы. Өтірік өлең – аты айтып тұрғандай, шын мәніндегі өтірік өлең. Қазақ балалар ауыз әдебиетінде өтірік өлеңдер «Тазшаның өтірік өлеңдері», «Суайттың өтірік өлеңдері», «Қырық өтірік», «Оңбайдың отыз өтірігі», «Жылғабайдың жиырма өтірігі», «Орбайдың он өтірігі», «Бесбайдың бес өтірігі», тағы басқалай аталады.

«Тазшаның өтірік өлеңі» былай дейді:  
*«Айттым да өтірік өлең жұртқа жақтым,  
Қой қылып құмырсқаны жаздай бақтым.  
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,  
Адыр-адыр қойтастан түлкі қақтым.*

Мен өзім жас күнімде тырна бақтым,  
Тырнамды семірсін деп қырға бақтым.  
Байлықтың бас-аяғын түгелдеуге,  
Іледе итке мініп үш жыл ақтым...».

Қазақ балалар ауыз әдебиетінде өтірік өлеңдер өз алдына әдеби жанр болып қалыптасқан. Өтірік өлең – күлдіргі өлең. Күлдіргі өлең болғаны үшін отбасылық балалар әдебиетінде өз орыны бар жанр. Үлкендер Қожанасыр мен Алдар көсе жайлы әңгімелерді қалай қызығып оқыса, балалар Тазша мен Суайттың, Оңбай мен Жылғабайдың, Орбайдың өтірік өлеңдерін сондай ықыласпен оқиды. *«Қой қылып құмырсқаны жаздай бақтым // Мен өзім жас күнімде тырна бақтым // Іледе итке мініп үш жыл ақтым...»* Міне, мұның бәрі – өтірік. Өтірік болғанымен, баланы еріксіз күлдіреді.

Қазақтың отбасылық балалар ауыз әдебиетінде Суайттың өтірік өлеңдері кеңінен тараған. Суайттың өтірік өлеңдері балалардың бос кезінде көңіл көтеріп кітап оқуына ынта-ықыласын арттырады. Өлеңді оқи отырып, Суайттың күлдіргі кейіпкер екеніне көздері жетеді. Мына төмендегі шумақ – соның дәлелі.

*...Жасымнан жалғыз жүріп, жапанда өстім,  
Жаз күні жалаңаяқ ақ қар кештім.  
Байқаусыз бөркім бауы шиеленіп,  
Ойланып алты жылда азар шештім...*

Өтірік өлеңнің табиғатында, өлең өтірік болса да, «осыным шын», «Нанбасаңыз», «Сенбесеңіз» деген сөз тіркестері арқылы өтірік өлеңнің «шын» өлең екенін дәлелдеуге тырысып бағады, оқырманын «сендіруге» күш салады. Әрине, әзіл-қалжыңның астарында айтады. Мұның өзі де езуге күлкі шақырады. *«Өзгем өтірік болса да, осыным шын...»* («Тазшаның өтірік өлеңдері»), *«Тура айттым қисық сөзбен төрелігін...»* («Суайттың өтірік өлеңдері»), *«Қай сөзімде өтірік*

бар, ағайын?...» («Шыбын»), «Сенбесең көзбен көрген куәгерім...» («Торы тай»), «Өтірік жоқ, жамағат, таза тыңда...» («Кірпікшешен»), «Осының жалған емес бірде-бірі...» («Торы тай»), «Нанбаңыз айтқаным, болса жалған...» («Бүркіт»).

Өтірік өлеңнің кейіпкерлері аспан төрінде сайран салып жүреді, жайлауда тайлақтар шыбын бағады, қаңтар айында қарбыз егеді, маса көбелекке қызын береді, қоянға алтыннан таға тағады, бір торғайды үш қонаққа сойып береді, т.т. Мұның өзі балалардың ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын оятады: «Сайран сап бес ай жүрдім көк аспанда // Жайлауда шыбын баққан тайлақ сойдым // Өмірге немереммен бір келіпін // Жүйрігін қуып жеттім ту еліктің // Қаңтарда қарбыз егіп күн көріпін...».

«Айға жеттім зымырап», «Айды әкелдім», «Мұз тамақ», «Шыбын», «Торы тай», «Өлеңім», «Бүркіт», «Кірпікшешен», т.б. өтірік өлеңдер ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиетінің асыл қазыналарына жататыны сөзсіз.

«Айға жеттім зымырап» деген өтірік өлеңде

*«Ақ тауыққа мініп ап,  
Айға жеттім зымырап.  
Құйынынан тауықтың*

*Кетті бұлттар ыдырап...»* деп баланы қызықтыра түседі. Зымырап айға жеткен өтірікші айды жерге әкеледі:

*Мініп алып құртқа,  
Өрмеледім бұлтқа.  
Алып келіп Айды  
Көрсеттім көп жұртқа...*

«Мұз тамақ» атты өлеңде  
*«Жасадым жұмыртқадан алтын табақ,  
Сүнгі мұзды боршалап, еттім тамақ.  
Шегірткенің сирағын қасық жасап,  
Ертеден кешке дейін іштім шалап...»* деп сипатталады.

«Шыбын» атты өтірік өлең  
*«Отырмын бір тас сойып көңілім тасып,  
Шақырып көршілерді етін асып.  
Сүйсініп тастың етін жеп жатқанда,  
Кеп кірді түйешілер асып-сасып...»* деп басталады.

«Шыбын» атты өтірік өлеңде шыбынның күлдіргі іс-әрекеттері баяндалады. Балаларды қызықтыратын шыбын өлеңде алып жануар ретінде сипатталады. Шыбынды атуға барған Мекеннің қимылдары да күлдіргі. Мекен шыбынды атқан кезде оқ шыбынға тимей, жартастарға тиіп, шыбын аман қалады.

*...Селкілдеп серпінімен сексен қайың,  
Тоңқайды тоқсан тобыр қарағайың.  
Шыңдағы құлап өлді қашқан аю,  
Қай сөзімде өтірік бар, ағайын?..* деп баяндалады.

Шыбынның үлкендігі сонша, етін жүктеу үшін Қоңырбай кара нарын алып келеді.

*Шыбын да мұндай үлкен туады екен,  
Шыбынның нақ семірген уағы екен.  
Тобығы тоғыз қарыс, қазандай бар,  
Жілігі бір өгізден жуан екен.*

*Бөктердім төрт өгізге бүйрек майын,  
Шарбысын, тағы да алдым шажырқайын.*

*Қарынның қатпаршағын атанға артып,  
Бүйенді тастай салдым, не қылайын?!  
Шыбынның етін алпыс түйеге артады.*

«Торы тай» деп аталатын өтірік өлеңде Мекең деген кейіпкердің Текесті өрлей аңға шыққаны, отыз бұғы мен он маралды қуғаны, торы тайы өліп қалып, өкіріп жылағаны, оған ағайындарының көңіл айтқаны, торы тайы үшін үш күн жылап жұбанбағаны – осының бәрін көзбен көрген Шалықбай итінің әлі тірі екені баяндалады.

*«Аң қудым ертеңіне Текесті өрлей,  
Екпіні торы тайдың соққан желдей.  
Отыз бұғы, он марал қуып тастап,  
Аяңдап үйге қайттым аяп жемей...»* деп басталатын өтірік өлең

*«...Осының жалған емес бірде-бірі,  
Бәрі бастан кешкен іс доңыз жылы.  
Сенбесең көзбен көрген куәгерім –  
Сондағы Шалықбай ит әлі тірі...»* деп аяқталады.

«Өлеңім» деп аталатын өтірік өлең:  
*«Бір өлеңім бар еді ойға кетті,  
Ойдағы он жыл болған тойға кетті.*

*Бір өлеңім үйіне Домбай қонып,  
Лақ іздеп өріске, қойға кетті...»* деп басталады.

Өлең адам кейпінде баяндалады.

«Бүркіт» деп аталатын өтірік өлеңде саятшының іс-әрекеті сипатталады. «Бүркіт» өлеңінде «Торы тай» өлеңі сияқты аңшылық, құсбегілік сипатталады. Ежелгі қазақтардың бүркітті қасиетті құсқа теңейтіні белгілі. Қыран құстар мен бүркіттер пірі – Шегірбаян. Отбасылық балалар ауыз әдебиетіндегі күлдіргі

өлеңдерде бүркіттің жырлануы қазақтың құсбегілік салтынан тамыр тартады.

*«...Нанбаңыз айтқаныма, болса жалған,  
Саудалы сөзім емес сатуға алған.  
Күн шығарда оянып дөңге шықсам,  
Қияда бір бүркіт тұр ұя салған.*

*Тоғайға қуандым да түсе қалдым,  
Ұзынша бір құрықша кесіп алдым.  
Желмей, жортпай қиядан құсты алуға,*

*Басына балапанның тұзақ салдым...»* деп баян етіледі.

«Кірпікшешен» деп аталатын өтірік өлеңде күлдіргі оқиғаларды кірпікшешен арқылы баяндайды. «*Керала кірпікшешен мініп алдым // Мінгенім кірпікшешен болғаннан соң //... Кірпекең жорғалайды қипақтатып // ...Кірпікшешен жайына және кетті...»*

*«...Керала кірпікшешен мініп алдым,  
Қамшымды бүлдіргелі іліп алдым.  
Қырық бес тақта қағаздан киім жасап,  
Қырық түйме тақтырып киіп алдым...»* делінеді.

Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиетінде өтірік (күлдіргі) өлеңдердің қалыптасуы балалар ауыз әдебиетінің бірнеше салаларға бөлінгенінен дерек береді. Балалар өтірік өлеңдерді жаттап, әр түрлі ойындар ойнағанда қолданады. Балалардың өздері де күлдіргі өтірік өлеңдер шығаруға ұмтылыс танытады. Ал мұның өзі балалардың әдебиетке деген құштарлығын арттырады.

Камалхан САЙДУЛЛАЕВА,  
«Ақтанберді атындағы  
орта мектеп-бақша» КММ-нің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Үржар ауданы,  
«Таскескен» ауылы.

## БҰҚАР – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРШЫСЫ

*(әдеби-композициялық қойылым)*

Сахна қараңғыланып, жарық Бұқар жыраудың бейнесін көмескілендіріп көрсетеді.

Бұқар «Асқар таудың өлгені» толғауын оқиды.

### **1-жүргізуші:**

- Уа, дана қарт, «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деп өзіңіз толғағандай, сізді ұрпақтарыңыз әлі де ұмытқан жоқ.

### **2-жүргізуші:**

- Иә, данышпан қария, сіз мәңгі біздің есіміздесіз. Сіздің ел бірлігін сақтауға сарқыған күш- жігеріңіз біздің бойымызға қуат береді.

### **Бұқар жырау:**

- Ұрпақтарым менің, тек мені естеріңде сақтап, халық үшін, болашақ үшін күрескен ер бабаларыңды ұмытып кеткен жоқсыңдар ма?

### **1-жүргізуші:**

- Жоқ, баба, бостандық үшін жандарын шүберекке түйген батыр бабаларымызды қалай ғана ұмытармыз?

### **2-жүргізуші:**

- Сонау шапқыншылық кезі есіңізде ме, жақсы ата?

### **Бұқар жырау:**

- Иә-иә, бәрі есімде,  
Қып-қызыл майдан  
Қара жердің төсінде...  
Сахнаға батырлар шығады.

### **Батыр:**

- Абылайлап жауға қарсы шыққалы серт байластық.

Батаңды бер, Бұқар-еке!

### **Бұқар жырау:**

- Ордалы байтақ елім бар,  
Бал өзені тулаған.  
Мал кіндігі жерім бар,  
Соны қорғап бағындар!  
Жауға қарсы барындар.  
Кеткен жерді қайырып,  
Емен ханнан алындар!  
Дағыра дабыл ұрындар,  
Қамданындар, тұрындар.  
Бет күйдірген айбатпен,  
Тас үгіткен қайратпен

Жау әскерін қырындар!

Әумин! /батырлар тұрып кетеді/.

**Бұқар жырау /мұнданып/:**

- Әй, заман-ай, заман-ай,

Түсті мынау тұман-ай.

Халқымның ауыр қайғысы

Көз алдымда тұрады-ай!

**1-жүргізуші:**

- Иә, қарт баба, батырлар ел үшін жорыққа шыққан сайын сіз олардың дін аман болып, жеңіспен оралуын күтіп, жаратқанға жалбарындыңыз.

**Бұқар жырау:**

- Солай-солай, заманға да ренішті болып жүрдім, үмітімді де үзбедім.

*Сахнаға 1-оқушы шығып, Бұқар жыраудың «Әй, заман-ай, заман-ай» толғауын оқиды.*

*2-оқушы «Айналасын жер тұтқан» толғауын нақышына келтіріп орындайды.*

**2-жүргізуші:**

- Баба, хан Абылай үш батырдың қолын тегіс жинап, жеңіс тойын тойлағаны есіңізде ме?

**Бұқар жырау:**

- Есімде, есімде,

Тасыды көңіл тасыды,

Дұшпанның көңілі жасыды.

Қазақ қазақ болғалы

Көрді ме мұндай жеңісті?!

Басына бағы қонғалы

Шаттанып жатты жер үсті!

**1-жүргізуші:**

- Иә, Бұқар-еке, сіздің сол тойда шабыттана толғаған мадақ жырыңыз да есімізде.

*3-оқушы «Оу, халайық, халайық» толғауын көркемдеп оқып, ел сүйіспеншілігіне бөленеді.*

*4-оқушы «Қаракерей Қабанбай» толғауына тыңдаушы қауымның құлақ құрышын қандырады.*

*5-оқушы «Қаңтардағы бурадай» толғауының терең сырына бойлатып, еріксіз толғандырады.*

*6-оқушы «Бөгенбай «Бөке» атанды» толғауын мәнерлеп оқып, ел алғысын алады.*

**Бұқар жырау:**

- Есімде, әлі есімде, қалың жұрттың қуанышы да есімде. Қайран халқым, қашан да жайсаң қалпыңдасың!

**2-жүргізуші:**

- Қарт баба, халқымыз не қиындықты бастан кешірмеді дейсіз?!

**Бұқар жырау:**

- Халқым менің, не көрмедің десеңші?! Ай, заман-ай, заман-ай!

**1-жүргізуші:**

- Тәуелсіздік жолы оңай табылмады. Бұқар ата, сіздің жан қиналысыңызды жан-тәніммен сезінемін.

*2-жүргізуші «Алла деген ар болмас» толғауын тебірене оқып, жүрек қылын шертеді.*

**1-жүргізуші:**

- Қарт баба, халқыңызға ескертіп, абай болуды айтқаныңыз есіңізде ме?

**Бұқар жырау:**

- Иә, балаларым.

Жақындап ажал тұрса да,

Жаныңа қылыш ұрса да,

Қалжырап көңіл қарайып,

Қарауытып көзі тұрса да,

Үмітін үзбес адамзат!

**2-жүргізуші:**

- Өзіңіз шетін көріп кеткен Ресей империясының ендеп еніп, билік құрғаны бірнеше ғасырға созылды. Қарт баба, халқыңыз 70 жыл бойы бодандықта болып, тілінен, дінінен айырылып қала жаздады.

**1-жүргізуші:**

- Халқымыздың бірлігі, басшымыздың әділдігі бізді тәуелсіздікке жеткізді.

**Бұқар жырау:**

- Ер жігітке жарасар

Қолына алған найзасы.

Би жігітке жарасар

Халқына тиген пайдасы.

Ақсақалға жарасар

Тілеуқорлық тілегі.

Текті ақынға жарасар

Елді ойлаған жүрегі!

**2-жүргізуші:**

- Көшелі қарт жырауым, қараңызшы, сіздің ұрпақтарыңыз келе жатыр.

*(Ұлттық киім киген ұл-қыздар ән салып сахнадан өтеді. «Тілек» толғауы орындалады).*

**1-жүргізуші:**

- Міне, дана қария, ұрпақтарыңыз Сізді ешқашан ұмытпайды.

**Бұқар жырау:**

- Отырғызған мені жыр тағына,

Ризамын мәңгі ұрпағыма.

Бірауызды болыңыздар,

Туған жерді қорыңыздар!

Айнала алмай ат өлсін,

Айыра алмай жат өлсін.

Өз-өзіне күйінсін,

Жат бойынан түңілсін!

Бәріңіз бір анадан

Туғандай болыңыздар!

Қасиетті даладан

Күш дарып, атқа қоныңыздар!



**Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**Қазақ тілі мен әдебиеті» –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 28.02.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4160.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.**

**Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.**

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №3, 2014 ж., 144 бет, Алматы.